5. Ермағанбетова Г., Иман Д. «Қазақстанда ашылған киберкылмыстар 3%-дан аспайды», 17 қараша 2017. <https://inbusiness.kz/kz/news/kazakstanda-ashylgan-kiberkylmystar-3-dan-aspajdy>
6. aikyn, «Цифрландыру-ЖІӨ-нің артуына жол ашады», 19 маусым 2018. <https://old2.aikyn.kz/2018/06/19/57019.html>
7. Тілеген Е. «Цифрлық Қазақстан» болмақ елде ІТ мамандар тапшы», 19 шілде 2017. https://www.azattyq.org/a/kazakhstan_programm_of_digital_kazakhstan/28624992.html



ӘОЖ 338.43

А. Нурымбетова, «Экономика» мамандығының 3 курс студенті

Ғылыми жетекшісі: Д.М. Жантасова, э.ғ. магистрі, аға оқытушы

М. Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БОЙЫНША ЖЕҢІЛ ӨНЕРКӘСІП САЛАСЫНЫҢ ДАМУЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Андатпа. Жеңіл өнеркәсіп – Қазақстан экономикасының, өнеркәсібінің маңызды салаларының бірі болып есептелінеді. Өлемдік нарықта орын алған күрделі ахуалға қарамастан, Қазақстанның жеңіл өнеркәсіп саласы индустрияландырудың бірінші бесжылдығында жыл сайынғы өсуін көрсетті. ИДМ Индустриялық даму және өнеркәсіптік қауіпсіздік комитетінің мәліметінше, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда ІҚМ терісінен былғары өндірісі 3,7 есе, табиғи теріден жасалған бұйымдар 2,1 есе, тоқыма бұйымдары мен сыртқы трикотаж киімі 1,2 есе өсті. Жаңа өндіріс енгізіліп, 2,5 мыңнан астам жұмыс орны құрылды.

2015-2019 жылдарға арналған Жеңіл өнеркәсіпті дамыту жөніндегі кешенді жоспарға сәйкес, 2020 жылы тазартылмаған мақтаны өңдеу көлемін жыл сайын 5-тен бастап 50 мың тоннаға дейін арттыру, былғары өнімін өндіруде өңдеуді ІҚМ терісін жыл сайынғы өңдеу көлемінен 50 пайызға дейін арттыру, сондай-ақ жұқа жүнді алғашқы өңдеу көлемін жыл сайын 15 мың тоннаға дейін жеткізу мақсат етілген.

Сонымен қатар, кешенді жоспар нормативтік құқықтық базаны жетілдіруді және жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарын экономикалық ынталандыруды, өндірістерді жаңғырту мен қазақстандық қамту үлесін арттыруды, кадрларды даярлау мен инновацияларды дамыту бойынша шараларды көздейді.

Мәселен, өзіміздің шикізат ресурстарымыз бола тұра, жүннен тоқылған маталар өндірісі жүзеге асырылмай отыр, тоқыма кәсіпорындарының жасанды теріге және жүннен тоқылған маталарға қажеттілігі импорт есебінен қамтамасыз етілуде. Бизнесің жол картасы арқасында кәсіпорындар өз өндірістерін жаңғыртқанымен, өндіріс қуаттылығын жүктеу өте төмен дәрежеде қалып отыр.

Қазақстан жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындары қауымдастығының келтірген мәліметтеріне қарағанда, қазіргі таңда Қазақстан нарығында аяқ киім жүктемесі 15 пайыз, трикотаж 33 пайыз, шұлық бұйымдары шамамен орташа 22 пайызды қамтып отыр.

Бүгінгі күні мұндай кәсіпорындарды жүз пайыздық жүктемемен қалай қамтамасыз етілуі туралы нақты тетіктер жоқ. Өйткені, жеңіл өнеркәсіппен Қазақстандағы мемлекеттік сатып алуға қол жеткізу оңай шаруа емес, мұнда жемқорлық көрінісі баршылық, ал мемлекеттік сатып алулардың тауары негізінен сырттан әкелініп жатыр.

Жеңіл өнеркәсіп саласындағы басты проблема инвестициялық тартымдылыққа қатысты.

Саладағы рентабельділіктің төмендігі мен жобалардың өзін-өзі ақтау мерзімінің ұзақтығына, кәсіпорындардың айналым қаражатының жетіспеушілігіне байланысты инвестиция мардымсыз. Республикадағы жеңіл өнеркәсіп саласындағы негізгі капиталға салынған инвестиция қаңтар-қыркүйек аралығында 1 млрд 411,3 млн теңгені құраған. Осылайша, былтырғы жылдың осы кезеңімен салыстырғанда жеңіл өнеркәсіптің негізгі капиталына инвестиция 24 пайызға төмендеген.

Статистика комитетінің ақпараты бойынша 2017 жылғы жеңіл өнеркәсіп өнімінің өндіріс көлемі 64,6 млрд теңгені құрады (НКИ-і – 103,7%). 31,0 млрд теңгеге тоқыма бұйымдары (НКИ-і – 100,9%), 27,8 млрд теңгеге киімдер (НКИ-і – 106,3%), 5,8 млрд теңгеге былғары өнімдері мен оған жататын өнімдер өндірілді (НКИ-і – 103,4%).

Ұлғаю негізінен келесілердің есебінен байқалады:

- мақта-маталы маталар (107,7%);
- трикотаж сыртқы киімдер (114,6%);
- ерлерге немесе ер балаларға арналған трикотаждан басқа өзге де сырт киімдер (124,7%);
- шляпалар мен бас киімдер (110,8%);
- аяқ киім, спорттық, қорғаныштық және ортопедиялық аяқ киімнен басқа (152,3%);
- үсті былғарыдан жасалған аяқ киім, спорттық аяқ киімнен, металды тұмсығы бар аяқ киімнен және әртүрлі арнайы аяқ киімнен басқа (136,9%).

Төмендеу негізінен келесілердің есебінен байқалады:

- фетр және киіз (76,4%);
- жүннен басылған және фетр аяқ киім (69,7%);
- әйелдерге немесе қыз балаларға арналған трикотаждан басқа өзге де сырт киімдер (78,1%);
- емшектегі балаларға арналған трикотаж киімдер мен киім аксессуарлары (75,8%) осы өнімдерге тапсырыстардың төмендеу себебінен [7].


ИИДМБ шеңберінде екінші бесжылдықта сала басым салалардың санына жатқызылмаған, бірақ осы сала өңдеуші өнеркәсібіне жатады. 2015-2019 жылдарға арналған ИИДМБ-да өңдеуші өнеркәсібіне бөлінген мемлекеттік қаражаттардың 80%-ы 14 басым секторлардың қолдауына бағытталуы тиіс, қалған 20% өңдеу өнеркәсібінің басқа салаларының жобаралын қолдауға бағытталуы мүмкін екендігі қарастырылған, оның ішіне жеңіл өнеркәсіпте жатқызылады.

Инвестициялар және даму министрлігі осы саланың Қазақстанда дамуына үлкен көңіл бөледі, осы мақсатпен Жеңіл өнеркәсіпті дамыту жөніндегі 2015-2019 жылдарға арналған кешенді жоспар жүзеге асқан. 2017 жылғы 16 шілдедегі жай-күйі бойынша «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы шеңберінде жеңіл өнеркәсіп кәсіпорындарын қаржылық қолдау нәтижелері бойынша сыйақының мөлшерлемесін субсидиялау бойынша 23,6 млрд теңге сомасына 115 жобаға қолдау көрсетілді және несиелерге кепіл беру бойынша – 1,2 млрд теңге сомасына 39 жоба, кепілдіктер сомасы 0,56 млрд теңгені құрады.

2012-2016 жылдар аралығында «KAZNEX INVEST» экспорт және инвестиция бойынша ұлттық агенттігі» АҚ отандық өнімдерін сыртқы нарықтарға, оның ішінде Еуразиялық экономикалық одақ елдеріне экспортты жылжыту бойынша жеңіл өнеркәсібінің 24 отандық кәсіпорындарына сервистік қолдау көрсетті. Жұмыс нәтижесі бойынша экспорттық келісімшарттар және жалпы сомасын 23 млн АҚШ долл. шетелге жеңіл өнеркәсіптің қазақстандық өнімдерін жеткізу туралы келісімділікке қол жеткізілді.

Қазақстандағы жеңіл өнеркәсіп өнімін өндіру көлемі 2017 жылы 2013 жылмен салыстырғанда, 2,4 есе артты (1-сурет).

Кәсіпорындардың ең көп саны (874) киім өндірісі бөлігінде шоғырланған, 476 кәсіпорын тоқыма бұйымдарын және 184 кәсіпорын былғары және оған қатысты өнімді шығарумен айналысады. Жеңіл өнеркәсіптегі ірі кәсіпорындардың жартысы (9) Оңтүстік Қазақстанда орналасқан. Бұл, бірінші кезекте, шикізат нарығының жақын орналасуына және еңбек ресурстарының болуына байланысты.



1-сурет. 2013-2017 жж. Қазақстандағы жеңіл өнеркәсіп өнімінің өндірісі, (млрд тенге)

Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасында агроөнеркәсіптің кешенді дамыту жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған «Агробизнес-2020» бағдарламасын бекіту туралы. - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 ақпандағы №151 қаулысы.
2. Оспанов М.Т., Аутов Р.Р. Агробизнес теориясы мен тәжірибесі. – «Алматы білім», 1997.
3. Сейфолла Шайынғазы, Құфт Бораш. «Ауыл шаруашылығын дамытудың жаңа кезеңі» // Егемен Қазақстан. 2016 жыл, 1 ақпан. – №20.
4. <http://mgov.kz/a-k-ti-damytu-a-arnal-an-zha-a-ba-darlama-lym-men-auyl-sharuashyly-yn-ty-yz>



С.Ж. Сабырова, «Экономика» мамандығының 3 курс студенті

Ғылыми жетекшісі: А.Б. Сандыбаева

ҚазЭҚХСУ

ҚАЗАҚСТАНДА БАЛЫҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ДАМУЫ (Арал теңізі көлемінде)

Аңдатпа. Бұл мақалада Қазақстандағы балық шаруашылығының дамуы туралы, шет елге экспортқа шыққанымен өз елімізде халыққа тұтынылмайтыны туралы мәселе қарастырылады.

Мақаланы талдаудағы басты себебim, қазіргі таңдағы күрделі мәселелердің бірі – балықты сақтау, өңдеу. Қазақстандағы балық шаруашылығын өркениетті елдердегідей дамыту.

Тақырыпты талдай келе балық қабылдау учаскелерінде мұздатқыштар орналастыру және балық өнімдерін бір жерге қабылдап жинау арқылы балық өнімдерінің түрлерін көбейтіп стандартқа сай жұмыстарын жүргізу.

Балық аулау мәселесімен қатар, балық қорын сақтап қалу, молайту жөнінде бір шама жұмыстар атқаруды жалғастыру қажет. Сонымен бірге, болашақта, балық аулау, оны өндіру мәселесімен қатар балық өсіру тауарлы көлдерді қалыптастыру қажет.

Өзектілігі

Балық шаруашылығын жоғары деңгейде дамыту үшін ең әуелі жергілікті нарықты өзімізде өндірілген өніммен қамтып, саланың дамуына барынша қолдау көрсеткен жөн. Бүгінде балық шаруашылығында шешімін таппай тұрған мәселелер өте көп.

Олар:

- әсіресе тоқпен аулайтындардан келетін зардап мол. Сондықтан бекіре балықтың шабағын көбейтудің маңызы зор;
 - құбылмалы теңіз деңгейі;
 - суды қайтарымсыз пайдалану;
 - су қоймаларының ластануы;
 - мұнай мен газды барлау;
 - мұнай және газ құбырлары мен басқа да жұмыстарды жүргізу су қоймалары жағдайының нашарлауына;
 - балықтардың уылдырық шашу алаңдарының азаюына, балық азығының жойылуына әкеліп соғады;
 - мелиорация жұмыстарының аздығынан өзендер мен балық жүретін арналар қайраңданып, бекіре тұқымдас балықтар уылдырық шашатын жерлерге өте алмайды;
 - жыл сайын елімізде шамамен 30 мың тонна балық өнім-дерін экспортқа жөнелтіп, 43 мың тонна балық сырттан әкелінеді екен.
- Ол ішкі нарықтың өсуіне кері әсерін тигізеді.

1-кесте. Балық өнімдерінің түрлері (консервіленген, өңделген) мен уылдырық және оны алмастырушы өнімдер көлемі бойынша негізгі өндірушілер*

Облыстар	Өнім мөлшері
Батыс Қазақстан	274 т
Түркістан	193 т
Шығыс Қазақстан	51 т
Жалпы жиын:	518 т
Пайыздық жиын:	77,3%

**Кесте автор мәліметі бойынша құрастырылған*

Еліміздегі балық шаруашылығы жыл өткен сайын дамып келе жатса да, мемлекет тарапынан қолдау қажет етеді. Балық шаруашылығы және оның дамуы Қазақстан үшін маңызы жоғары.

Біріншіден, еліміз «тоғызыншы территория» теңіздер мен мұхиттарға шыға алмайды.

Екіншіден, біздегі балық еті елімізде ғана емес, шетелде де үлкен сұранысқа ие. Мәселен, балық экспорттайтын шаруашылықтар бүгінде 3 млн гектар жерді пайдаланады екен.

Үшіншіден, балық еті – адам денсаулығына пайдалы, одан жасалатын өнімнен де, түсім мол.

Қазақстан балық өсіруге қолайлы су көздері мен жасанды су айдындары көлемі жағынан алғанда ТМД-да Ресейден кейінгі орында. Қазақ даласында Каспий теңізі, Ала-көл мен Балқаш көлдері, Жайық пен Ертіс, Сырдария секілді балыққа бай табиғи су көздері жетерлік.

Әлем бойынша балықтың 20 мың-нан астам түрі бар делінеді, соның 300-ге жуығы кәсіби ауланатын балықтар. Жоғарыда, балыққа керек су көзі жөнінен ТМД-да Ресейден кейін тұрмыз. Алайда балықтың саны жағынан айтарлықтай артта қалғанбыз. Мәселен, көрші елде балықтың 250-ге тарта түрі кәсіби ауланатын болса, Қазақстанда бар балық түрінің өзі – 155-тей ғана. Оның 18 түрінің саны күрт азайып, Қызыл кітапқа енгізілген. Қазақстан аумағындағы 155 балық түрінің тек 52 түрі кәсіби ауланады, өзгесі сирек жәндік қатарында. Бекіре тұқымдас балықтың 25 түрі

болса, соның 11-і біздің суларда өмір сүреді. Сырдария өзенінде тіршілік ететін тасбекіресі – сирек кездесетін үш тасбекіренің бірі. Бекіренің өзге балықтан басты ерекшелігі – уылдырығы құнды. Таза өнімнің бір келісі 200-240 мың теңгенің айналасында. Әсіресе, дамыған елдерде бекіре балығына сұраныс жоғары.

2-кесте. Қазақстандағы негізгі балық ауланатын аймақтар*

Аймақ атауы	Өнім мөлшері
Атырау	13,1 мың т
ШҚО	8,2 мың т
Қызылорда	7,4 мың т
Алматы	6,6 мың т
Маңғыстау	2,3 мың т
Түркістан	2 мың т
Жалпы жиын:	39,6 мың т

*Кесте автор мәліметі бойынша құрастырылған

Қазақстанға шет елдерден балықтар импортталады.

Импорт құрамында теңіз және мұхит балықтары (майшабақ, скумбрия, аксерке, албырт, нәлім) және теңіз өнімдері (креветка, кальмар, мидия, теңіз қырыққабаты) басым. Олар біздің нарықта сұранысқа ие болып отыр, өйткені ішкі су айдындарында ауланбайды.

Балықшылықты кәсіп қылған қазақ «өзен жағалағанның өзегі талмайды» деп бекер айтпаса керек. Кенес одағының тұсында елде балық шаруашылығы мейлінше дамыған еді. Мысалы, 1970-1990 жылдар аралығындағы тауарлы балық өсіру көлемі 0,7 мың тоннадан 9,8 мың тоннаға дейін өсіп, 14,2 есе артты. Алайда, бір кездері дүрілдеп тұрған балық шаруашылығы экономикалық дағдарыс жайлаған жылдарда тоқырауға ұшырады. 1990-2005 жылдар аралығында тауарлық балық өсіру мүлдем дамымады десек, қателеспейміз. Осыдан 5-6 жыл бұрынғы мәлімет бойынша тоған шаруашылықтарында өсірілген тауарлық балықтың көлемі 150 тоннадан аспаса, 2019 жылғы дерекке жүгінсек көрсеткіш 8 мың тоннаға жуықтаған.

Әлбетте, бұл балық өнімдерін экспортқа шығармақ түгілі жергілікті нарықты қамтуға да жетпейді. Есесіне халық үшін балық аса қажетті тағамның түрі болып есептеледі. Ғалымдардың зерттеулеріне сенсек, әр адам орта есеппен жылына 14,6 келі балық өніміне зәру. Бұл қажеттілікті өтеу үшін балық өсіру, аулау мен импорт көлемін жылына 272 мың тоннаға дейін жеткізу керек екен.

Балық өсіру – нағыз табыс көзі. Бұлай дейтініміз, елімізге балық өнімдері 50-ге жуық мемлекеттен келеді екен. Негізгі өнім жеткізуші елдер – Ресей, Норвегия және Қытай. Балық өнімдерінің импорты жылдан-жылға өсіп келе жатқаны нарықтың болашағы зор екенін айқындайды.

3-кесте. Соңғы бес жылдағы ауланған балық*

Балық ауланған жыл	Ауланған өнім: т
2015 жылы	8 394 т
2016 жылы	7 883 т
2017 жылы	7 696 т
2018 жылы	8 740 т
2019 жылы	7 076 т
Жалпы жиын:	39 789 т

*Кесте автор мәліметі бойынша құрастырылған

Балық шаруашылығын дамытуға соңғы жылдары Оңтүстік Қазақстан облысында да ерекше ден қойылды. Осы бағытта атқарылған шаралар қазірдің өзінде оң нәтижесін беруде. Елбасының пәрменді беделімен жүзеге асырылған «Сырдария өзенінің арнасын реттеу және Арал теңізінің солтүстік бөлігін сақтау» жобасының бірінші кезеңі үлкен нәтиже берді. Ол, әсіресе, аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына, оның ішінде балық шаруашылығының алға басуына жол ашты.

Ғасыр жобасының алғашқы кезеңінде атқарылған шаралар өңірдің экологиялық ахуалын жақсартып қана қоймай, әлеуметтік-экономикалық дамуына, оның ішінде балық шаруашылығын дамытуға жаңа леп әкелді.

Облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқар-масының мәліметіне сәйкес, соңғы бес жылда облыс аумағында балық аулау көлемі 80%-ке, оның ішінде Кіші Арал теңізінде 70%-ке өсті.

Қазіргі таңда балық өңдеумен айналысатын 7 зауыттың жылдық қуаттылығы 18900 тоннадан асады. Аталған зауыттарда 450-500 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Балық өнімдерін экспорттайтын 6 мекеме бар. Олар – жеке кәсіпкер

- «Игілікөв»;
- «Арал сервистік дайындау орталығы»;
- «СПК Қызылорда»;
- «Қуаныш»;
- «Камбала балық» серіктестіктері;
- «СДО Қарашалаң» өндірістік кооперативі.

4 зауыт еуропалық сапа стандартына сәйкестігін растайтын «Еурокод» белгісін алған.

**4-кесте. Арал аудандық аумақтық инспекциясының есебі бойынша
2019 жылғы экспортталған өнім мөлшері***

№	Мемлекет аты:	Экспортталған өнім мөлшері
1.	Ресей	693,25 т
2.	Польша	194,40 т
3.	Украина	79,99 т
4.	Қытай	180 т
5.	Нидерландия	92,82
6.	Грузия	140 т
7.	Әзірбайжан	40 т
8.	Германия	16,20 т
9.	Қырғызстан	9,90 т

**Кесте автор мәліметі бойынша құрастырылған*

Жанадан ашылған шаруашылықтың басшылығы балық өсірумен шектелмей, аса құнды қара уылдырықты өндірумен де шұғылданатынын жасырмайды. 450-500 адамды жұмыспен қамтыған кәсіпорын жана технологияны игеруге ден қойды. Егер жоспар ойдағыдай орындалып жатса, көп ұзамай алынған өнімді экспортқа шығарудың мүмкіндіктері мол. Әлемдік нарықта әсіресе қара уылдырыққа деген сұраныстың жоғары екені белгілі. Бағасы аспандап тұрған құнды тауардың экспорттық әлеуеті мол болатынын мынадан-ақ байқаймыз: Ресейде қара уылдырықтың бір келісі 800 долларды құраса, Еуропа елдеріндегі баға бұдан кемі 5-10 есе қымбат. Қазақстанда 200-240 мың теңге. Ал бір бекіреден шамамен 28 келі уылдырық алынатынын ескерсек, балық өсірудің нағыз табыс көзі екенін оңай түсінесіз.

Жалпы, елдегі бекіренің табиғи қорын сақтау қажеттілігі біраздан бері айтылып келе жатқан мәселе. Браконьерлердің әрекетінен соңғы жылдарда Каспий теңізіндегі бекіре балықтарының саны күрт азайды. Қолда өсіру арқылы құнды балықтың қорын көбейтудің мүмкіндігі туып отыр. Жылда үкімет балық аулау лимитін бекітіп отырады. Айталық, Арал теңізі айдынынан 6678 т балық аулауға лимит берілсе, Шардара су қоймасының лимиті 2435, Сырдарияның көрсеткіші 1112 т құрайды. Дегенмен, бұл лимитке назар салмайтын браконьерлер азаймай тұр. Әсіресе тоқпен аулайтындардан келетін зардап мол. Сондықтан бекіре балықтың шабағын көбейтудің маңызы зор.

Қорыта келе, балық шаруашылығын жоғары деңгейде дамыту үшін ең әуелі жергілікті нарықты өзімізде өндірілген өніммен қамтып, саланың дамуына барынша қолдау көрсеткен жөн. Бүгінде балық шаруашылығында шешімін таппай тұрған мәселелер баршылық. Құбылмалы теңіз деңгейі, суды қайтарымсыз пайдалану, су қоймаларының ластануы, мұнай мен газды барлау, мұнай

және газ құбырлары мен басқа да жұмыстарды жүргізу су қоймалары жағдайының нашарлауына, балықтардың уылдырық шашу алаңдарының азаюына, балық азығының жойылуына әкеліп соғады. Мелиорация жұмыстарының аздығынан өзендер мен балық жүретін арналар қайраңданып, бекіре тұқымдас балықтар уылдырық шашатын жерлерге өте алмайды.

Swot-Талдау

Күшті жақтары	Қауіптері
<ul style="list-style-type: none"> • Балық өнімдері шет елде сұранысқа ие; • Өзіндік тауар өндірісі қалыптасқан; • Өнімдерінің барлығы табиғи; • Өнеркәсіптер «Еурокод» белгісін алған 	<ul style="list-style-type: none"> • Импортталатын өнімнің арзан бағада келуі; • Табиғи ресурстардың таусылып қалу қауіпі; • Браконьерлердің заңсыз балық аулауы; • Бағалы балықтардың түрлерінің азаюуы
Әлсіз жақтары	Мүмкіндіктері
<ul style="list-style-type: none"> • Арал теңізінің тартылуы; • Балық өнеркәсібін мемлекеттен субсидия аз бөлінеді; • Балық өнімдерінің көп мөлшері шетелге экспортталуда 	<ul style="list-style-type: none"> • Жасанды су қоймаларын көбейту; • Өндірілетін тауар сапасын жетілдіру; • Қызметті кеңейту

Қазақстандағы балық өнімдерінің тұтыну деңгейі өзге елдерден қарағанда айтарлықтай төмен екені белгілі. Ресми мәліметтерге сүйенсек, Елімізде жылына жан басына шаққанда 5,2 кг балық пен балық өнімдері тұтынылса, Ресей мен АҚШ-та бұл көрсеткіш 20 кг-дан асады. Еліміздегі балық шаруашылығына көптеген жұмыстар жүргізілуі керек. Балық өнеркәсібін дамыту үшін, «Балық аулай алмаған суды лайлар» – демекші, ең алдымен өзен көлдерімізді мұнай мен газ қалдықтарынан таза ұстау, кейін браконьерлерге қарсы іс-шараларды қатаң бақылауға алу. Ол үшін еліміздегі балықпен күнін көріп отырған халықты сол салада жұмыспен қамтыса азаюы әбден мүмкін және ол мемлекетіміздің экономикасының көтерілуіне де, септігін тигізеді.

Сонымен қатар, елімізге шет елдерден жылына 58 мың т балық импортталады екен. Соның ішінде Қытайдан – Тиляпия, Треска балықтары импортталады. Ал ол балықтардың шын мәнінде қалай, қандай жолмен өсіріліп жатқанына ешкім мән бермейді. Сондықтан өзіміздің табиғи жолмен еш қоспасыз, адал жолмен өсірілген балықтарымызды ең алдымен өз еліміздің халқына тұтынуға бергеніміз жөн.

Табиғи, таза балық өнімдері Қазақстанда мол, оны тиімді пайдаланып шет елдің халқына емес, өз еліміздің халқына тұтынуға ұсыну керек.

Әдебиеттер

1. <https://24.kz/kz/teleproject/nerk-sib/item/227123-nerk-sip-baly-nerk-sibi>
2. <https://tolqyn.kz/zanalyk/2274-dereker-sylegende.html>
3. <https://tolqyn.kz/kogam/8445-aralda-7-baly-deu-zauyty-zhmys-steyd.html>
4. <https://elana.kz/kazak-nege-balyk-zhemejdi/>
5. <https://kyzylorda-news.kz/news/kogam/29412-aralda-7-baly-deu-zauyty-zhmys-steyd.html>



А.С. Садирова, «Әлемдік экономика» мамандығының 1 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Г.Ж. Каримбаева, э.ғ.к., аға оқытушы
ҚазЭҚХСУ

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚСТАН ЭКОНОМИКАСЫ: ПАНДЕМИЯНЫҢ ОҒАН ӘСЕРІ

Аңдатпа. Жылдың басында бүкіл әлемді дүрліктірген пандемия, көп ұзамай Қазақстанға да келіп жетті. Бұл вирус алғаш пайда болған Қытайдың экономикасы мен жаһандық экономикалық дамуға тигізетін кері

әсеріне алаңдаушылықтың бекер емес екендігін түсінуіміз қажет. Сондықтан да елімізге келген дерттің алдын алумен қатар, әлемдік нарықтағы орнымызды сақтау және де еліміздегі экономикамыздың құлдырап қалмауын қадағалау- мемлекеттің қазіргі басты міндеттерінің бірі. Осыған байланысты баяндама қазіргі Қазақстан экономикасының жағдайының күрт өзгеруі, бүкіләлемдік аурудың елімізге әсер етуі туралы жазылған. Себебі елдің әр адамына төніп тұрған қауіп бүкіл ел жағдайына төніп тұрған қауіппен бірдей.

Әлемдік экономикаға COVID-19-дан қорқатын адамдар саны ауырғандар санына қарағанда күшті әсер етеді. Себебі қорқыныш шешім қабылдайтын адамдардың мінез-құлқын өзгертеді. Осыдан біз қорқыныш, сақтық сезімдерінің әлемдік экономикада сұраныс пен ұсынысты өзгерте алатынын көре аламыз. Коронавирус әлемдік экономиканы дағдарыс шегіне шығарды және ол ғасырдағы ең ауыр кезең болуы мүмкін. Вирус қазірдің өзінде әлемде ондаған миллиард долларға шығынға батты және бұл бастама ғана деп айтуға болады. Әрине, әлемдік державалардың бірі болып саналатын Қытайдың осындай қиын жағдайға тап болуы, бүкіләлемдік тауар айналымына өз әсерін тигізеді. Бүгінгі таңда Қытай әлемдік жеткізілім буынының негізгі болғаннан кейін, ондағы өндірісті тоқтату экономикалық белсенділікті төмендетеді, сонымен қатар жеткізілім тізбегіндегі басқа компаниялардың жұмысына әсер етеді. Осыдан біз, Қазақстан мен Қытай арасындағы көпжылдық тауар айналымына назар аударта отырып, қазіргі Қазақстан нарығының өзгеруін байқаймыз. Мысалға алатын болсақ, 2019 жылы Қазақстанның Қытайға экспорты 7,8 млрд долл., Қытайдан импорт 6,5 млрд долл. құрады. Екі ел арасындағы жүк тасымалы тоқтамады, бірақ Қытайда өндірісті тоқтата тұру ресурстарды тұтынудың күрт төмендеуіне әкелді. Өткен жылдардағы экспорттың өсуіне сүйене отырып, 2020 жылы Қазақстан Қытай нарығына 24,4%-ға артық өнімді сататын еді, сонда жалпы жылдық экспорт шамамен 9,7 млрд долл., ал бірінші тоқсандағы экспорт – 2,3 миллиардты құрайтын еді. Сондай-ақ Қазақстан Қытайдан машина жасау мен электр құрылғыларын импорттаудан байланысты. 2019 жылы Қазақстан Қытайдан жалпы импорты 8,17 млрд. 1,4 млрд долл. машина жасау өнімдерін, 1,2 млрд электрониканы импорттады. Жалпы алғанда тәуелділіктің салыстырмалы түрде төмен пайызына қарамастан, техникалық тұрғыдан күрделі тауарларда Қытайдың үлесі жоғары. Сондықтан да қытайлық өнімнің өзіндік құны өскен жағдайда, инфрақұрылым мен өндірістік қуаттарды жаңарту құны артады. Бірақ айтылуы тиіс, қуанта кететін бір жағдай Қазақстанның Қытайға мұнай импортының тоқтамауы, себебі қазақстандық мұнай құбырлар арқылы өтеді. Демек, Қытайға жалпы мұнай импортындағы Қазақстан үлесінің қазіргі 0,81%-дан аздап өсуін күтуге болады. Біз Қытайдың ауруды жеңіп жатқанын көріп отырмыз, бірақ әлемнің басқа мемлекеттеріне барған сайын жағдай шиеленісе бастайды.

Коронавирустық індеттің Қазақстан экономикасына айтарлықтай әсер ететіні сөзсіз. Қысқа мерзімді перспективада инфляция өсіп, энергетика, тау-кен және металлургия компанияларының кірістері түсуі мүмкін. Ұзақ мерзімді перспективада Қазақстан экономикасына әсері біршама тегістелетін болса да, Қытай экономикасы құрылымдық өзгерістерге тап болатыны анық, сондықтан Қазақстан өзінің экономикалық дамуының параметрлерін түзетілуі, өзгертілуі мүмкін.

COVID-19 таралуын болдырмау жөніндегі шаралар аясында бірқатар елдерде өнеркәсіптік өндіріс төмендей бастады, бұл мұнайға сұранысты азайтты. Сонымен қатар Ресей мен Сауд Арабиясы ОПЕК+ аясында көмірсутегі өндірісін жаңа төмендету туралы келісе алмады, бұл нарыққа одан да көп әсер етті. Бұдан біз мұнайдың төмен бағасы Қазақстан бюджетіне түсетін түсімнің азаятынын түсінеміз. S&P халықаралық рейтингтік агенттігінің деректері бойынша мұнай-газ секторы республикамыздың ЖІӨ-нің шамамен 15%-ын құрайды және бюджет кірісінің 40%-ын қамтамасыз етеді. Сонымен бірге, Қазақстанның 30 ірі салық төлеушілерінің 18-і дәл мұнай және газ өндіруімен айналысатын компаниялар болып табылады. 2019 жылы олар барлық төлемдердің 4,3 трлн астам сомасын қамтамасыз етті. Бюджет кірістерін жоғалтудың тағы бір факторы сыртқы нарықтардағы бағаның төмендеуі болды: мыс 6%, алюминий 5%, мырыш 10%. Осыған қарай отырып, Қазақстанның экономикалық жағдайының көп бөлігі шикізат экспортына тәуелді болатынын көреміз. Қалай болғанда да, мұнайға төмен бағаны ұстап тұру Қазақстанға теріс әсер етуі мүмкін. Бұл ел бюджетіндегі кірістің азаюына байланысты болады. Бұл халықаралық қаржы институттары атап өткендей, Республика экономикасының негізгі қозғаушы күші болып қала береді.

Қазақстанда коронавирустың таралуына байланысты 16 наурызда республикада төтенше жағдай енгізілді, ал 19 наурызда еліміздің ең ірі қалалары – Астана мен Алматыда карантин енгізілді. Мәселен кинотеатрлар мен театрлар жабылып, тамақтану орындарыны Мәселен кинотеатрлар мен театрлар жабылып, тамақтану орындарының жұмыс уақыты 22 сағатқа қысқарды. Бұл олардың қаржылық нәтижелеріне кері әсерін тигізеді анық. Кәсіптің бір бөлігі үшін енгізілген шектеулер олардың жұмысына теріс әсер етуі мүмкін. Мысалы, қазақстандық кәсіпкерлер қауымдас-тығы наурыз айында мұнай нарығының құлдырауы және теңгенің әлсіреуі, сондай-ақ елдегі тө-тенше жағдай аясында автомобиль нарығындағы жағдай өзгеруі мүмкін деп атап өтті. Ақпанда ЕАЭО елдерінен әкелінетін көліктер санының 20%-ға төмендеуі тіркелді. Біріншіден, әкелінетін автомобильдердің бағасы қымбаттауы мүмкін, жұмыс уақытының қысқаруы немесе кәсіпорын-дардың тоқтап қалуы салдарынан үй шаруашылығының кірісінің уақытша төмендеуі автомо-бильдерге деген сұранысты төмендетеді деп болжауға болады. Бұған жол бермеу мақсатында үкімет бірқатар қолдау шараларын жариялады: салық ауыртпалығының аз бөлігі шағын және орта бизнестен алынады, қол жетімді несие кеңейтіледі. Мемлекеттің қолдауы карантинге бай-ланысты табысын жоғалтқан адамдарға да, жұмыс күшін жоғалтқан компаниялар да үшін, жет-кізушілер мен тұтынушылар үшін де қажет. Бұның бәрі субсидиялар, салықтық демалыс және ақ-шалай өтемақы түрінде шығарылуы мүмкін. Осыдан біз еліміздің жұмыссыз қалған азамат-тарымыздың әрқайсысына айына арнайы 42 500 теңге бөліп шығарады, сонымен бірге көпбалалы отбасыларға, зейнеткерлерге және қиын жағдайда қалған қазақстандықтарға күнделікті өмірге қажет заттармен қамтамасыз етеді, дәрі-дәрмек мәселесі де артта қалмады, оған да мемлекет қосымша қаражат бөлді. Әрине, бұл қаражаттың бәрі ел қорынан алынатын болады, ең бастысы олардың пайдаға жарап, індеттің көп созылуына жол бермеуі. Бірақ бұл шаралар экономиканы шынымен қолдай ала ма және COVID-19 пандемиясы бүгінде оған қалай әсер етеді?

Барлық шекаралардың жабылуы, қалалардағы автобустардың тоқтатылуы, әуе қатынасына тыйым салынуы транспорттық компаниялардың, авиакомпаниялардың шығынға батуы әбден мүмкін. Сарапшы бүгінде авиакомпаниялар сатылған билеттері үшін клиенттерге ақшаны қайтарып, рейстерді тоқтатуға немесе қайта жоспарлауға мәжбүр екенін еске салады. Теміржол тасымалы да зардап шегуде.

Жұмысшылар шектеу шараларынан зардап шегуі мүмкін. Шаруашылық жүргізуші субъек-тілердің жұмысының қысқаруына байланысты олардың жұмыс уақыты қысқаруы немесе тіпті демалыста қызмет көрсетусіз жіберілуі мүмкін. Әрине. Осы уақытта биліктің ұсынысы-жұмыс-шыларды жұмыстың қашықтықтағы түріне ауыстыру. Атап өтсек, мемлекеттік қызметкерлерінің 70% осы форматта жұмыстарын жалғастыруда.

Барлық жағдайды зерттей отырып, елдердің бір-біріне қандай тәуелді екенін аңғаруға болады. Әр елдің экономикасы әлемдік экономиканың бір бөлшегі болып табылады және де қай жағдай болмасын бір-біріне әсерін тигізетіні сөзсіз. Бұл баяндаманы жаза отырып осыны түсіндім. Қазіргі жағдай тек адам мен адамды емес, мемлекет пен мемлекетті біріктіруі тиіс, себебі адамзатқа қауіп көрсетіп тұрған жауымыз бір.

Әдебиеттер

1. <https://ekonomist.kz/bugayenko/covid-19-i-ekonomika/>
2. <https://informburo.kz/stati/poka-katastrofy-ne-proizoshlo-kak-koronavirus-i-nizkie-ceny-na-neft-vliayut-na-ekonomiku-kazahstana.html>



А. Тәуекелова, А. Сәттер, Е. Ақанова
экономика факультетінің 2 курс студенттері
Ғылыми жетекшісі: А.Б. Иркимбаева, аға оқытушы
«Тұран» университеті, Алматы қ.

ҚАЗАҚСТАН МЕН ФРАНЦИЯ АРАСЫНДАҒЫ СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР: МӘСЕЛЕЛЕРІ МЕН ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Аңдатпа. Бұл мақалада Қазақстан мен Францияның экономикалық қарым-қатынастары мәселелері қарастырылған. Осы бағытта әртүрлі елдердің ғалымдарының еңбектері зерттелінді. ЕО елдерінің салыстырмалы талдауы, сондай-ақ екі ел арасындағы тауар айналымына және Қазақстан экономикасына инвестициялар көлеміне талдау жүргізілді. Қазақстан мен Франция арасындағы даму перспективалары белгіленді.

Еуро Одақ ішінде Франция мемлекеті көшбасшы орын алады. Оның макроэкономикалық көрсеткіштері жоғарғы позицияларды алады. Сонымен бірге Франция мемлекеті біздің экономикаға қомақты инвестиция (12,5 млрд. долл.) салып бірінші оңдыққа кірген болатын. Ал оның инновация бойынша алатын орны ерекше. Сондықтан біз осы елмен экономикалық-әлеуметтік қатынасрады нығайтып, арадағы қатынастарға жаңа жолдарды іздестіруіміз анық.

Қазіргі әлемде Франция Қазақстан үшін ең көп жоспарлы және перспективалы серіктестердің бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік алғаннан кейін, осы жаңа мемлекет алдында көптеген мәселелер пайда болды. Мықты сыртқы саяси байланыстарды орнату біздің еліміз үшін бастапқы міндет болды, оны шешуге жас қазақстандық дипломатияның барлық күштері бағытталған. Тәуелсіздіктің алғашқы бірнеше жылы ішінде Қазақстан әлемнің көптеген елдерінің көпшілігімен егеменді мемлекет ретінде танылды.

1992 жылы тұңғыш президенті Н.Назарбаев [1] «Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы» бірінші тұжырымдамалық құжатында «Әлемдік қоғамдастыққа кіру саясатын нарықтық жүйенің үш басты орталығы болған – АҚШ, Жапония және Батыс Еуропа әріптестігінің мүмкіндіктерін тиісінше бағалауды ескере отырып, олардың әлемдік шаруашылық байланыстарын қарқындатудың итермелейтін күші болғанын еске сала отырып құру қажет екенін атап өткен болатын. Олармен өзара іс-қимыл халықаралық қаржы институттарына жол ашады» деген. Осылайша, Қазақстан әлем елдерімен екі жақты және көпжақты қатынастарды іске асыру үшін мықты негіз қалап, әлемдік қауымдастыққа кіре бастады.

Халықаралық аренадағы өз мәртебесі бойынша Франция ең ықпалды әлемдік державалардың қатарына жатты. Қазіргі кезеңде Француз Республикасы БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты бес мүшесінің бірі, оның иелігінде дербес ядролық әлеует бар, ол неғұрлым дамыған жеті индустриялық мемлекет тобына кіреді. Бұл ел жетекші саяси және қаржы институттарында жоғары деңгейде ұсынылған, сондай-ақ Еуропалық Одақтың белсенді мүшесі болып табылады [2].

Франция үшін Қазақстан – бұл қуатты транзитті әлеуеті, энергетикалық саладағы үлкен мүмкіндіктері бар мемлекет.

Проблеманы ғылыми өңдеу дәрежесі. Француз экономикасы дамуының және оны реттеудің, Францияның Халықаралық экономикалық қатынастарға қатысуының, еуропалық интеграцияның көптеген мәселелері, оның ішінде қазақстандық ғалымдардың еңбектерінде жарық көрді.

Б. Иришев «Франция: вхождение в XXI век. Путь в Европу», «Евросоюз: опыт интеграционной модели (эволюция, ценности, проблемы)», Г.М. Смагулова «Қазіргі кезеңдегі Қазақстан-француз ынтымақтастығы: 90-шы жылдар XX-XXI ғғ. басы», К.К. Токаев «Тәуелсіздік тұсында: Қазақстанның сыртқы саясаты туралы очерктер», ресейлік ғалымдар 1971 Ж.Л. Глухаревтің «Воздействие общего рынка на экономику Франции» монографиясы, 1983 ж. – С. Лазаревтің «Финансовые группы в современной Франции» монографиясы, 1985 ж. – В. Пресняковтың «Экспортная стратегия Франции» монографиясы, 2002 ж. – Г. Черниковтың «Экономика Франции: традиции и новейшие тенденции» атты еңбектері болды.

Франция елінің басқа елдермен салыстырғанда инновациялық даму көрсеткіштері жоғарғы

деңгейде болып отыр: жоғары білікті кадрлардың болуы, инновациялық жүйенің әртүрлі қатысушылары арасындағы үйлестірудің жоғары деңгейі, инновациялық компаниялар үшін салық жеңілдіктерінің өте дамыған жүйесі, инженерлік зерттеу жұмыстарына кететін үлкен мемлекеттік шығындар, инновациялық қызметті реттейтін күшті мемлекеттік институттар болып отыр.

Франция Қазақстанның басты стратегиялық серіктестерінің бірі болып табылады. 2018 ж. қорытындысы бойынша елдер арасындағы тауар айналымы жылына 32,5%-ға артып, 4,5 млрд.

Инвестициялардың негізгі бөлігі тау-кен өндіру саласына тиесілі: 97% немесе 13,4 млрд АҚШ доллары. Сондай-ақ, салалардың үштігіне көлік және қоймалау кірді (163,9 млн АҚШ долл.) және көтерме және бөлшек сауда; автомобильдер мен мотоциклдерді жөндеу (104,4 млн АҚШ долл.).

Алдыңғы жылдың бірінші тоқсанының қорытындысы бойынша Франциядан Қазақстанға инвестицияның жалпы ағыны 255,7 млн АҚШ долл. (1-сурет) өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 21%-ға артық (211,3 млн АҚШ).

2018 жылы тікелей инвестициялардың жалпы ағыны 916,1 млн АҚШ доллары өткен жылмен салыстырғанда 14,1%-ға артық (802,8 млн АҚШ долл.).

Жалпы соңғы 10 жылда Қазақстан экономикасына француздық капитал салымының көлемі 11 млрд АҚШ.



1-сурет. Тікелей инвестициялар динамикасы
*ҚР ҰБ

Жоғарыдағы диаграммада инвестиция ағымы берілсе, келесі төмендегі диаграммада ел экономикасына құйылған инвестиция бағыттары көрсетіліп отыр. Мұнда ең жоғарғы үлесті тау кен өндірістеріне екендігін көруге болады.

Екінші суреттен көріп отырғанымыздай инвестиция құрылымында ең төменгі үлесті білім, әлеуметтік қызмет көрсету, демалыс салалары алып отыр.




2-сурет. Францияның 2019 ж. Қазақстан салаларына салған инвестиция құрылымы, (млн АҚШ долл.)*

*Авторлармен ҚР ҰБ мәліметі негізінде жасалынды

Ағымдағы жылдың бірінші жартыжылдығында елдер арасындағы тауар айналымы 2,3 млрд долл. жетті. Тауар айналымындағы негізгі үлес Қазақстаннан экспортқа – 87,9% немесе 2 млрд долл. келеді.

Қазақстандық экспорттың негізгі баптары мұнай, уран, металдар және химиялық өнім болып табылады. Қазақстан Франциядан электр, электрондық және механикалық жабдықтарды, тұтыну тауарларын, дәрі-дәрмектер мен косметиканы, автомобильдерді, тамақ өнімдерін, құрылыс материалдарын импорттайды.

Үшінші суреттен көріп отырғанымыздай сыртқы қатынастар бойынша еліміз Еуропа елдерімен көп қарым қатынаста. Соның ішінде Франциямен біздің саудалық байланысымызда экспорт көлемі, импорт көлеміне қарағанда жоғары болып отыр. Мәселен, Қазақстан битуминозды жыныстардан алынған шикі мұнай өнімдерін – 1 млрд долл. астам, сондай-ақ шикі мұнайды (81,4 млн долл.), табиғи уранды (77,8 млн долл.) және өңделмеген танталды (815 мың долл.) жеткізеді [10], [11].



3-сурет. Қазақстан Республикасының экспорт мен импорт құрылымы елдер бойынша (млн АҚШ долл.)*

*ҚР Ұлттық банк мәліметі

Қорыта келе, Франция – Евро Одақтағы жоғары дамыған елдерінің бірі, қуатты өнеркәсіптік базамен және стратегиялық маңызды салалар жақсы дамыған әртараптандырылған өндіріспен ерекшеленеді. Алайда, бұған қарамастан, француз экономикасында ішкі да, сыртқы да сипаттағы бірқатар проблемалар бар, бірақ осы жұмыста қаралған барлық көрсеткіштерді талдай отырып, барлық дағдарыстардан кейін ол өзінің бұрынғы даму деңгейіне, ЖІӨ деңгейі жыл сайын одан да көп, бірақ бұрынғыдай жұмыссыздық деңгейі жоғары, сондай-ақ бюджет тапшылығы өсуде деген қорытынды жасауға болады. Бірақ ҒЗТКЖ шығыстары ұлғаюда. Бұл ретте, көптеген дамыған елдер тексерген экономиканы дамыту жолдары бойынша жүруден бас тарта отырып және іс жүзінде тек өз күшіне сүйене отырып.

Сондай-ақ бұл елдің халықаралық қатынастар жүйесінде және әлемдік экономикада айтарлықтай маңызды екенін атап өтуге болады. Франция өз өндірісін өнім неғұрлым сапалы, ішкі және сыртқы нарықта сұранысқа ие салаларда бағдарлауды жалғастыруда.

Франция басқа елдермен сауатты сыртқы экономикалық саясатты жүргізеді, отандық өндірушіні қорғай отырып, әртүрлі экспорттық және импорттық кедергілерді енгізеді. Қазақстан экономикасына Франция мемлекеті қомақты инвестициялар салынғанын білеміз, дегенмен олардың салалық үлесі ойдағыдай емес.

Бар ғылыми-техникалық және технологиялық әлеует, Еуропалық экономикалық кеңістік шеңберінде және жаһандық ауқымда ұлттық өндірістерді интернационалдандыру ерекшеліктері елдің халықаралық мамандануының мынадай салаларын: авиатехника мен жеңіл автомобильдерді, темір жол жабдықтарын, дәрі-дәрмектерді, жұқа химиялық технология өнімдерін, сондай-ақ АЭС үшін жабдықтар мен қызмет көрсетулерді өндіру болып табылады. Осындай халықаралық мамандану шеңберінде Франция үшін жоғары қызығушылық танытады.

Біздің ел үшін басым секторларда ҒЗТҚЖ және ғылыми-техникалық қызметтің маңызды бағыттарында серіктес ретінде, сондай-ақ үшінші елдер нарықтарында кешенді, ауқымды бағдарламалар мен жобаларды жүзеге асыру кезінде бірлескен жобаларды іске асыру үшін инвестициялар мен технологиялардың көзі ретінде.

Ел үшін стратегиялық маңызды – авиация, зымыран-ғарыш, атом салаларында терең әріптестік пен фирмааралық альянстарды қалыптастыру мысалдарын, сондай-ақ дамыған елдер тобы үшін бұрын-соңды болмаған қорғаныс өнеркәсібіндегі ынтымақтастық деңгейін көрсетеді.

Сонымен бірге, тек экономикалық мәселелер емес сондай-ақ әлеуметтік сұрақтардың маңыздылығын атап өткіміз келеді. Оның себебі әлеуметтік сұрақтардың шешілмеуі екі елге болсын, басқада елдер үшін өзінің мультипликативті әсерін тигізді. Ендігі бағыт жаңа экономика-әлеуметтік бағыт болуы тиіс, ал оның бастысы болып әлеуметтік жауапкершілік болмақ.

Резюме. В данной статье рассмотрены вопросы экономических взаимоотношений Казахстана и Франции. Изучены исследования в данном направлении ученых разных стран. Проведен сравнительный анализ стран ЕС, а также анализ товарооборота между двумя странами и объема инвестиций в казахстанскую экономику. Обозначены перспективы развития между Казахстаном и Францией.

Summary. This article discusses the issues of economic relations between Kazakhstan and France. Research in this direction by scientists from different countries has been studied. A comparative analysis of the EU countries, as well as an analysis of the trade turnover between the two countries and the volume of investment in the Kazakh economy. The prospects of development between Kazakhstan and France are outlined.

Әдебиеттер

1. Назарбаев Н.А. Послание Президента страны народу Казахстана – «Казахстан 2030».
2. Иришев Б.К. Франция: вхождение в XXI век. Опыт, стратегия и тактика экономической политики в эпоху глобализации. – Алматы: Раритет, 2002.
3. Токаев К.К. Казахстан в современном мире // Международная жизнь, 2006. – №11.
4. Смагулова Г.М., Бахмацкая М. Казахстанско-французское сотрудничество на современном этапе: 90-е гг. XX- начало XXI вв. // Вестник КарГУ. – Караганда, 2010. – №4 (72).
5. Алшанов Р.А. Казахстан – ЕС: партнерство во имя развития. <http://dialog.kz/comment/33423>
6. Лазарев С. Финансовые группы в современной Франции: Монографиясы.
7. Пресняков В. Экспортная стратегия Франции: Монографиясы, 2002.
8. Францияның ресми статистика сайты www.insee.fr
9. Eurostat. <https://ec.europa.eu/eurostat/>
10. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің ресми сайты. www.stat.gov.kz
11. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми сайты. <http://www.nationalbank.kz/>



*А.М. Укижанова, студ. 4 курса спец. «Мировая экономика»
Научный руководитель: Ә.С. Бақтымбет, к.э.н., и.о. профессора
КазУЭФМТ*

**КАЗАХСТАН И СТРАНЫ-УЧАСТНИЦЫ ЕВРАЗИЙСКОГО
ЭКОНОМИЧЕСКОГО СОТРУДНИЧЕСТВА**

Аннотация. Статья «Казахстан и страны-участницы Евразийского Экономического Сотрудничества» содержит справочную информацию по анализу позиций государств-членов ЕАЭС, расчетной сводной позиции Союза пропорционально вкладу каждого государства-члена в ВВП объединения по 13 международным рейтингам, оценивающим различные сферы экономического развития. Система рейтингов является практическим инструментарием для проведения сопоставительного анализа развития государств-членов в рамках ЕАЭС и определения на этой основе перспективных направлений интеграционного сотрудничества и факторов, сдерживающих экономическое развитие государств – членов ЕАЭС. Анализ позиций государств-членов в международных рейтингах также важен с точки зрения выявления их конкурентных преимуществ в сравнении с ведущими развитыми и развивающимися странами, в масштабе мировой экономики в целом. ЕАЭС, охватывающий страны с населением 180 млн чел. и совокупным ВВП более 2,2 трлн долл., – самая «молодая» организация на евразийском пространстве, она выводит страны – участницы бывшего Таможенного союза (ТС) на более высокий уровень интеграции. Создание Союза положило начало формированию крупнейшего общего рынка на территории СНГ, который призван стать мощным центром экономического развития.

В нынешних критериях возрастающая интернационализация и открытость международных экономик содействует бурному развитию интеграционных процессов и их переходу на новейший и более качественный уровень. Экономическая роль Казахстана играет огромную роль, т.к. она расширяет экономическое пространство, а также объединяет усилия других государств-членов в решении социально-экономических задач и определении внешнеэкономической политической деятельности в отношении других государств. В нынешнее время данная тема, которая является одним из актуальнейших вопросов, определяется сложной экономической ситуацией, поэтому на данный момент беспокоит многих ученых и специалистов. Так как задача экономического развития Евразийского экономического союза (в дальнейшем Союз, ЕАЭС) заключается в достижении и поддержании высококачественного и устойчивого экономического роста. Развитие экономик стран-членов ЕАЭС происходит в рамках текущей формы интеграции с постепенной ликвидацией барьеров для поставки товаров, услуг, капитала, а также рабочей силы.

Доля взаимных прямых инвестиций из ЕАЭС в общем объеме прямых инвестиций (чистый приток) снизилась с 6,7% в 2010 г. до 5,4% в 2018 г. Пиковые значения были достигнуты в 2014 г. – 7,9% и минимальные в 2016 г. – 1,9%, удельный вес валового оборота инвестиций, наоборот, рос с 5,6% до 11,3% с 2014 г. по 2017 г. При этом доля накопленных запасов взаимных ПИИ колебалась в пределах 2-2,5% от общих ПИИ в Казахстан (1 диаграмма) [1].



1 диаграмма. Взаимные прямые инвестиции Казахстана со странами ЕАЭС (млн долл.)*

*Составлена автором [www.nationalbank.kz/?docid=680&switch=russian]

Замедление глобального экономического роста в значительной степени вызвано охлаждением международной торговли, которая сама находится под негативным влиянием усиливающейся протекционистской политики. В 2021 году они снова улучшатся, но уже ниже изначального уровня. Согласно оценкам МВФ, к 2024 году мировой экспорт и импорт должны нормализоваться на уровне

чуть ниже 4% (Рисунок 1). Умеренный мировой спрос ограничит экспортный потенциал ЕАЭС и, следовательно, его экспортно-ориентированную экономику [2].





Рисунок 1. Темпы роста мировой торговли (% в годовом исчислении, 2018-2024)*
 *Составлен по источнику [Международный валютный фонд, база данных «Перспективы развития мировой экономики», октябрь 2019 г., КПБ – Нидерландское бюро анализа экономической политики]

В процессе исследования, взаимная торговля РК с государствами ЕАЭС переменялась несущественно – с 18 898,7 млн долл. в 2010 г. до 19 114,5 млн долл. в 2018 г. (прирост 1,1%), при этом воздействие масштаба торговли было более чувствительно в 2012-2013 гг., в то время, когда прирост торговли составил 30,2 % (24 603,7 млн долл.). Периодический характер взаимной торговли РК с государствами – партнерами по ЕАЭС предопределяется непостоянностью рынка (переломными спадами спроса, которые совмещены с общемировыми трендами), товарной структурой торговли, также колебаниями валютного курса государственных денежных единиц стран Союза, включая тенге, которое проявляло непосредственное воздействие на уровень ценовой конкурентоспособности национальной продукции на общем рынке стран-участниц [3].



*Составлена автором [www.eurasiancommission.org/ru/act/integr_i_makroec/dep_stat/tradestat/tables]

Возможно экономика ЕАЭС будет периодический увеличиваться в среднем на 2,1% на протяжении последующих пяти лет (2020-2024), что окажется выше, чем средний показатель в 0,8%, которое наблюдалось в течение «первого пятилетия» Союза (2014-2018). Рост ВВП будет выше по сравнению с развитыми странами экономики, таких как Евразийский Союз и США, однако он без исключения будет ниже по сравнению со средними темпами роста для государств с развивающейся экономикой, которые составляют около 3-5%.

На протяжении последующих пяти лет ВВП Союза в том же темпе будет отличаться значительной асимметрией по своему страновому составу. Несмотря на сравнительно высокие ежегодные темпы роста ВВП в Республике Казахстан, которые составляют в среднем чуть ниже 4%, его доля в экономике Союза увеличится лишь немного: с 10,6% в 2018 году до 12% к 2025 году. Экономическое развитие ЕАЭС даже если и будет увеличиваться со сравнительно низкими среднегодовыми темпами в 1,8% на протяжении исследуемого периода, он также продолжит зависеть в большей степени от поведения российской экономики, а также в 2025 году бесспорно будет составлять 83% общесоюзного ВВП.

Потенциальное экономическое развитие Евразийского союза в большей степени зависит от трех внешних факторов: от состояния делового цикла его основных зарубежных торговых партнеров; от объемов международной торговли; от мировых цен на сырьевые товары, в особенности энергоносители и различные металлы, поскольку 86,5% всей торговли ЕАЭС составляют внешняя торговля с третьими сторонами, а 3/4 этой внешней торговли составляют минеральные продукты и металлы. К большому сожалению, на протяжении последующих двух-пяти лет ожидается неблагоприятная тенденция, без исключения, во всех трех сферах.

Несмотря на незначительную важность (долю) взаимной торговли Казахстана с ЕАЭС, именно этот фактор обусловил возможности противостояния казахстанской экономики негативным последствиям кризисного спада спроса на мировых рынках на основные экспортные позиции республики во внешней торговле.

Товарная структура экспорта и импорта Казахстана обуславливает ее зависимость от ценовых факторов (в том числе и непостоянностью национальных валют основного партнера по ЕАЭС, то есть России). Поэтому очень важно усиление эффективности макроэкономических регуляторов на валютном и финансовом сегментах.

Таким образом, несмотря на полемику о результатах членства Казахстана в ЕАЭС которая все еще продолжается в экспертном сообществе, нужно отметить, что позитивные обстоятельства воздействия интеграции при необходимом уровне государственной поддержки, готовы принести национальной экономике республики больше преимуществ, чем рисков, без которых экономическое партнерство в принципе невозможно.

Литература

1. Миграян А. А. Казахстан в ЕАЭС: торгово-экономические эффекты. Инвестиционное взаимодействие в рамках ЕАЭС и развитие потенциала финансового центра // Вестник ИЭ РАН. – 2019. – №4. – С. 134-153.
2. Кофнер Ю. Экономические перспективы Евразийского экономического союза до 2024 года: международная торговля» Официальный сайт Евразийские исследования. [eurasian-studies.org/archives/14168]
3. Миграян А. А. Казахстан в ЕАЭС: торгово-экономические эффекты. Взаимная и внешняя торговля Казахстана: эффекты общего рынка // Вестник ИЭ РАН. – 2019. – №4. – С. 134-153.
4. Доклад Пантелеев А. А. «Экономическое развитие Евразийского экономического союза и государств-членов в 2019 году». Официальный сайт [http://www.eurasiancommission.org/ru/act/integr_i_makroec/dep_makroec_pol/seminar/Documents/Доклад_2019.pdf]
5. Доклад «Евразийский экономический союз (ЕАЭС)». [ria.ru/20191001/1559271451.html]



*Д.М. Шаркубенов, студ. 1 курса спец. «Учет и аудит»
Научный руководитель: Б.Б. Айдарханова, к.э.н.
КазУЭФМТ*

РИСКИ И УГРОЗЫ ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ КАЗАХСТАНА: СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ И ПУТИ РЕШЕНИЯ

Аннотация. В данной статье рассматривается рост экономики Казахстана, анализируется ее нынешнее состояние. Подробно рассматривается нефтяной сектор и его воздействие на экономику с сопутствующими последствиями, и развитие других отраслей, для предотвращения дальнейшего влияния углеводородов на долгосрочную экономическую стратегию государства.

Современное состояние экономики Казахстана характеризуется огромной зависимостью от поступлений денежных средств от реализации товаров нефтяного сектора, акцизов, налоговых сборов. Сейчас мировая экономика находится не в самое лучшее время, стагнация с дальнейшей рецессией по причине: падения цен на энергоносители; снижения спроса на углеводороды; уменьшение роста передовых экономик мира таких как: Китай, США, Япония, Германия и другие; очень сильно сказывается на долгосрочной экономической стратегии Казахстана.

Кризис 2014 года показал миру что нужно быть готовым к резким падениям даже самых стабильных экономик мира. В те времена стоимость нефти снизилась с 119 долл. за баррель до 40 долл., тогда руководство Казахстана осознало, что долго курс нефти расти не может и нужно принимать конкретные шаги по выходу из наступившего кризиса, снижение зависимости от нефти и начать развивать реальный сектор экономики с дальнейшим продвижением сопутствующих секторов. Кризис угрожал нефтедобывающему сектору экономики банкротством, т.к. производство нефти в республике Казахстан стоит по примерным расчетам 50 долл., при том что на рынке на тот момент его цена доходила до 35 долл. за баррель. Рентабельность этого сектора национальной экономики была под вопросом с учетом сложившихся обстоятельств. Еще одним минусом может служить факт постоянного роста себестоимости производимой продукции, т.к. исчерпываются дешевые месторождения. Несмотря на все усилия приложенные правительством нефтяной сектор до сих пор является опорой экономического и индустриального развития Казахстана.

Согласно международным исследованиям промышленность и сельское хозяйство уже не является основными двигателями экономического прогресса. Все больше людей приносят большой вклад в ВВП страны из сферы услуг. При помощи дизайнеров, маркетологов, рабочих занятых в сфере логистики, науке, проектировании, телекоммуникации, банковском секторе и особо необходимо отметить образовательный сектор. Ведь качественное образование открывает большие перспективы для дальнейшего интеллектуального роста сотрудника с увеличением заработной платы и благосостояния. Большое количество образованных и квалифицированных людей является одним из главных локомотивов экономики большинства государств.

Банктің мәні оның құрылымымен тығыз байланысты. Банкке өзіндік ерекшелігі бар институт ретінде жұмыс істеріне мүмкіндік беретін құрылғыны оның құрылымы ретінде ұғуға болады. Бұл мағынада банк құрылғысы төрт міндетті блокты қамтиды. Банк бұл блоктарсыз банк ретінде болмайды әрі дамымайды:

- банк капиталы сауда және өнеркәсіп капиталынан босаған өзіндік ерекшелігі бар капитал ретінде, сондай-ақ қарыз формасында артықшылыққа ие капитал ретінде болады әрі ұдайы қозғалыста болады;

- өз өнімінің сипатымен басқа кәсіпорындар мен институттардың қызметінен айрықшаланатын банк қызметі;

- банк ісі мен банкті басқару саласында өзіндік ерекшелігі бар жұмыспен айналысатын адамдардың айрықша тобы;

- банк техникасын, үй ғимаратын, байланыс және коммуникация құралын, құрылғыларын, ішкі және сыртқы ақпаратын, өндірістік материалдардың белгілі бір түрлерін қамтитын өндірістік блогы.

Банктің орталықтандырылған бөлу жүйесі бұрынғы Кеңес Одағында және социалистік жүйедегі елдерде жұмыс істеді. Кеңес Одағында ол Мемлекеттік банкпен бір деңгейде болды, ал банктік емес мекемелер болған емес. Ол елдің бірден-бір эмиссиялық және несие институты болды. Онда барлық несие ресурстары орталықтандырылып, бөлінеді [5].

Осы жүйеге қарама-қарсы нарықтық банк жүйесі банктерге мемлекеттік монополияның болмауымен сипатталады. Нарықтық шаруашылықта орталықсыздандырылған басқару жүйесімен көптеген түрлері жұмыс істейді. Олар эмиссиялық және несиелік қызметтерді өзара бөліп алған. Коммерциялық банктер мемлекеттің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, сол сияқты мемлекет коммерциялық банктердің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

Өтпелі кезеңнің банк жүйесіне Шығыс Еуропаның және посткеңестік мемлекеттердің, оның ішінде Қазақстанның осы заманғы банк жүйелерін жатқызуға болады. Оның біріншісінде банк қызметінің нормативтік және заңдық базасы әрдайым өзгеріп отырады, банктердің саны, банк жүйесінің құрылымы ұдайы өзгереді. Мәселен, Қазақстанның да, Ресейдің де банк заңдары соңғы 10-15 жылда кем дегенде 2 мәрте түбегейлі өзгерді, оларға ұдайы толықтырулар мен өзгерістер енгізілді (2-сурет).

Банктер индустриясындағы банктердің бәсекелестік жүйенің қызметінің дамуы елдегі саяси жағдай мен экономикалық қатынастың және т.б. даму деңгейіне тәуелді. Банк қызметі қандай шамада реттелетініне қарай банк ісін ұйымдастырудың екі тұлғаты бөліп көрсетіледі:

- мамандырылған банк ісі, онда банктер мен банктік емес мекемелер операцияларының арасына қатаң шекара қойылады, соңғысы үшін заңға тыйымдар мен шектеулер енгізіледі;

- барлық несиелік институттарына әр түрлі қаржылық-несиелік қызмет көрсетуін жүзеге асыруына мүмкіндік беретін әмбебап банк ісі.

Басқару деңгейлері	Ұзақ мерзімді жоспарлау 3-5 жыл	Орта мерзімді жоспарлау 2-3 жыл	Қысқа мерзімді жоспарлау 1 жыл
	← Уақыт кезеңі →		
Тұтастай алғандағы банк	Банктің миссиясы мен қызмет бағыты	Стратегиялық мақсаттар мен міндеттер	Стратегиялық жоспарларды бекіту, даму қорларын қалыптастыру
Бөлімшелер (маркетинг)	Қызметтің бағыттары мен түрлерін қамтитын қағидалар	Бөлімшелер қызметінің бағдарламалары	Бюджет пен іс-әрекет жоспарын жасау
Функционалды-операциялық	Функционалды қызметтің бағыттары мен аумақтары	Регламенттер және бағдарламалар	Бюджеттер мен жоспарлар
	Стратегиялық құжаттама		Жылдық бюджет Маркетингтік жоспар
	Банктің стратегиясы		

2-сурет. Банктер индустриясындағы банктердің бәсекелестік жүйенің стратегиялық басқару мен жоспарлау процесі

Банк өзіндік ерекшелігі бар кәсіпорын ретінде материалдық өндіріс саласындағы өнімдерден көп өзгешілігі бар өнімді өндіреді. Ол тек жай ғана тауарды емес, ақша және төлем құралдары түріндегі айрықша тауарды өндіреді. Қолма-қол ақшаны шығару – бұл банк монополиясы, оны тек банк шығара алады.

Қортындылай келе қазіргі банктер индустриясындағы банктердің бәсекелестік жүйесі – бұл кез келген дамыған мемлекеттің ұлттық шаруашылығының маңызды саласы. Оның практикалық ролі мемлекетте төлемдер мен есеп айырысулар жүйесін басқаратындығымен, өзінің коммерциялық мәмілелерінің көп бөлігін салымдар, инвестициялар және несиелік операциялар арқылы жүргізуімен анықталып, басқа да қаржы делдалдарымен қатар банктер халықтың жинақ ақшасын фирмаларға және коммерциялық құрылымдарға бағыттайды.

Резюме. В статье транснационализация производства и капитала как условие и результат глобализации приводят к аналогичным процессам в банковской сфере. Это выражается в иностранной экспансии банков, укрупнении финансово-кредитных институтов и усилении конкуренции в банковском секторе. Основаны основные тенденции развития международной банковской конкуренции: предусмотрено либерализация банковского сектора, интернационализация банковского капитала, укрепление роли международных организаций, транснациональных банков в мировой экономике.

Summary. In the article, the transnationalization of production and capital as a condition and result of globalization leads to similar processes in the banking sector. This is reflected in the foreign expansion of banks, consolidation of financial and credit institutions and increased competition in the banking sector. The main trends in the development of international banking competition are based on: the liberalization of the banking sector, the internationalization of Bank capital, and the strengthening of the role of international organizations and transnational banks in the world economy.

Әдебиеттер

1. Сейткасимов Г.С. Деньги, кредит, банки: Учебник / Под ред. проф. – Алматы: Экономика, 2006.
2. Мақыш С.Б. Ақша айналысы және несиелік. – Алматы, 2004. – 283 б.
3. Блеутаева К.Б. Ақша және банктер. – Алматы, 2006. – 354 б.
4. Банковское дело: Учебник / Под ред. В.И. Колесникова, Л.П. Кроливецкой. – 4-е изд., перераб. и доп. – М., 2001.
5. Банковское дело: Учебник / Под ред. О.И. Лаврушина. – 2-е изд., перераб. и доп. – М., 2002.

КОММЕРЦИЯЛЫҚ БАНКТИҢ МЕНШІК КАПИТАЛЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ЖҰМСАЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Мақалада банктің меншікті капиталы – оны дамытудың қаржылық негіздері мен кәсіпкерлік қызметтің басқа бағыттарымен салыстырғанда банктің меншікті капиталы жиынтық капиталдың аз бөлігін алатындын, ал коммерциялық банктер қызметінің ерекшеліктері қарастырған. Сондай-ақ капиталды қорғау механизмдері мен элементтерінің жағдайларын қалпына келтіру қабілетіне әсер ететін белгілі бір сипаттамаларын көрсете алған.

Банктің меншікті капиталы – банктің қаржылық тұрақтылығын, коммерциялық және шаруашылық қызметін қамтамасыз ету үшін құрылған банктің әр түрлі қорлары мен сол сияқты ағымдағы қызметінің нәтижесіне байланысты және өткен жылдардағы бөлінбеген пайдасы.

Банктің меншікті капиталын талдау арқылы банктік қызметтерде кездесетін көптеген тәуекелдерден банк қаншалықты қорғалғанын анықтауға болады. Сондықтан банк қызметтерін қадағалаудың негізгі көкейтесті бағыттарының бірі – банктің меншікті құралдарының көлемі жайлы, яғни оның мәні, құрылымы жайлы толық шынайы ақпарат алу.

Банктің меншікті капиталының құрылымы бірдей емес, себебі, оларға әсер ететін әр түрлі факторларға, атап айтсақ, активтер сапасына, меншікті пайданың пайдаланылуына, капиталдың бағасын нығайту мақсатына және банк саясатына байланысты жыл бойына өзгеріп отырады.

Сонымен, қазіргі коммерциялық банктердің меншікті капиталы мынадай баптарды құрайды:

- 1) жарғылық капитал;
- 2) резервтік капитал;
- 3) қосымша капиталдар;
- 4) банк операциялары бойынша тәуекелдерді төмендету мақсатында құрылған қорлар (резервтер);
- 5) бөлінбеген банк пайдасы.

Банктің жарғылық капиталы банктің заңды тұлға ретінде міндетті түрде құрылуын және өмір сүруінің экономикалық негізін құрайды. Жарғылық капиталдың төменгі мөлшері Қазақстан Ұлттық банкінің пруденциалдық нормативтерімен реттеліп отырады. Банктің жарғылық капиталы, оның құрылтайшыларының қосқан жарналары немесе пайлары соммасынан тұрады.

Қазақстанда екінші деңгейлі банктер төмендегідей екі ұйымдық формаларда құрыла алады:

- 1) акционерлік банк формасында;
- 2) пай қосу арқылы, яғни жауапкершілігі шектеулі серіктестік формасында.

Пай қосу арқылы құрылған банктің жарғылық капиталы құрылтайшылық құжатта мөлшері анықталған пайшыларының жарнасынан құралып, олар қосқан жарналары көлемінде жауапты болып саналады. Мұндай банктердің жарғылық капиталын ұлғайту, тек қана пай қосушылардың санының өсуі есебінен жүзеге асырылады. Алайда, акционерлік банктер өздерінің жарғылық капиталын ұлғайту үшін қосымша акцияларын эмиссиялайды, сол сияқты бұрынғы шығарылған акцияларының бағасын өсіреді.

Меншікті капиталдың құрамдас бөлігі – акционерлік капитал. Бағалы қағаз (акция) шығару есебінен құрылған банктің жарғылық капиталын банктің акционерлік капиталы деп атайды. Акционерлік капитал көлемі акцияны ұстаушылар – акционерлер қосқан жарналардан құралады. Акционерлік банктің акциясы – банктің жарғылық капиталына үлес қосқандығын куәландыратын және дивидент алуға және банкті басқару ісіне араласуға құқық беретін бағалы қағаз. Акционерлік капиталдың құрылымы әр банктерде әр түрлі келеді. Акционерлік капитал келесідей түрлерге бөлінеді:

а) меншікті акционерлік капитал, яғни бұл жай және артықшылығы бар акцияларды сатудан түскен қаражаттардан, үнемделген капитал және бөлінбеген пайдадан тұрады;

ә) банктік резервтер, яғни алдағы уақыттағы әр түрлі шығындарды жабуға, дивиденттер төлеуге, қайтарылмаған қарыздың орнын жабуға арналады;

б) банктің ұзақ мерзімді міндеттемесі (ұзақ мерзімді вексельдері, облигациялары).

Ашық типтегі банктің акциясы қолдан-қолға басқа да акционерлердің келісімінсіз өтеді. Жабық типтегі банктің акциясы қатаң түрде белгіленген тізім бойынша немесе құрылтайшылардың арасында бөлінеді.

Банктің жай акциясын иеленушілер, банктің таза табысынан дивидент алып отыруға, оның жойылуы барысында тиісті мүлкіне ие болуға және акционерлердің жиналысына қатысып дауыс беруге құқылы.

Банктің артықшылығы бар акцияларын иеленушілер тұрақты пайыз түрінде табыс алып отыруға, бірінші кезекте банктің жаңа акцияларын сатып алуға және оның жойылуы барысында бірінші болып өзіне тиісті мүлкін алуға құқылы.

Сонымен қатар, банктер қаражат тарту мақсатында облигацияларды шығарады.

Жалпы, банктің акционерлік капиталының құралуы төмендегідей кезендерден тұрады:

- 1) бағалы қағаздардың проспекті эмиссиясын дайындау және оны сараптамадан өткізу;
- 2) бағалы қағаздарды эмиссиялауды тіркеу;
- 3) эмитент-банктің бағалы қағаздарын тіркеу;
- 4) шығарылатын және орналастырылатын бағалы қағаздардың нәтижелерін тіркеу.

Акционерлік банктер акцияларды төмендегідей жағдайларда шығарады:

– банкті акционерлік формада құру;

– банктің жарғылық қорын ұлғайту үшін қосымша акциялар шығару.

Банктің меншікті қаражатының түріне резервтік қор жатады. Резервтік қор – банк қызметінде пайда болуы мүмкін зияндардың орнын жабу мақсатында құрылған қаражат қоры.

Сондай-ақ, резервтік қор банктің тұрақты қызмет етуін қамтамасыз етеді. Резервтік қордың шамасы заңды түрде жарғылық капиталға белгілі бір пайыз мөлшерінде, айналым 25% мөлшерінде құрылатын болса, оның мөлшері жарғылық қормен теңескен жағдайда жарғылық капиталға толығымен аударылады. Резервтік қордың құрылуының негізгі көзіне банк пайдасы жатады. Кейде, банкте пайда болмаған жағдайда резервтік қор есебінен банктің артықшылығы бар акциялары бойынша пайыздар төленеді.

Қосымша капиталдар – негізгі құралдардың тозуына байланысты аударылған аударымдар есебінен және белгілі мақсатқа бағытталатын пайданы бөлу нәтижесінде құрылатын қаражаттар.

Арнайы қорлар – негізгі қорларды қайта бағалау негізінде, валюталық қаражаттарды қайта бағалау қоры, яғни ұлттық валюта мен шетел валюталары арасындағы айырма нәтижесінде құрылады. Валюталық қаражаттарды қайта бағалау қоры шетел валютасында жарғылық капиталды қалыптастыру барысында маңызды.

Келесі қорға жекелеген банктік операциялар бойынша тәуекелді төмендету мақсатында құрылатын арнайы резервтер жатады. Мұндай резервтерге: несиелік тәуекелді жабуға және бағалы қағаздардың құнсыздануына байланысты құрылған резервтер жатады.

Бөлінбеген пайда – акциялар бойынша дивидентті төлегеннен кейін және резервтік қорға аударғаннан қалған пайданың бөлігін білдіреді.

Банктің меншікті капиталын ұлғайту жолдарына мыналар жатады:

- 1) банк пайдасы;
- 2) акциялар шығару;
- 3) құрылтайшылар және пай қосушылар санын арттыру;
- 4) облигациялар шығару жатады.

Банк капиталы банктің дербестігін қамтамасыз ете отырып, оның қаржылық тұрақтылығына кепіл болады және банктің басынан кешетін әр алуан тәуекелдердің зардаптарын ретке келтіретін басты көз болып табылады.

Банктің меншікті капиталын толығымен қарастыру үшін оның жеткіліктілігіне тоқталайық.

Банктің меншікті капиталының жеткіліктілігі ұзақ уақыт бойы ғылыми-зерттеу затына және банктер мен оны реттеуші ұйымдар арасындағы пікірталасқа айналып келеді.

Банк өздерінің активтерін арттыру үшін капиталдың төменгі мөлшерде болғанын қалайды. Ал банкті бақылаушылар, банктердің банкроттықтан аулақ болуы үшін капиталдың жеткілікті мөлшерде болуын талап етеді. Банктердің банкроттығы ондағы басқарудың нашарлығынан болуы мүмкін, себебі банкті жақсы басқарса, ол төменгі капитал нормасында жұмыс жасай алады деген пікірлер бар.

Банктердегі немесе жалпы банктік жүйедегі капитал көлемін тура анықтау қиын, бірақ жоғарыда қарастырылған қызметтердің орындалуы үшін, салым иелері мен бақылаушы ұйымдардың сенуі үшін капитал жеткілікті мөлшерде болуы қажет. Қажетті капиталдың соммасы банктің тәуекел деңгейіне байланысты болуға тиіс. Мысалы, егер банктің берген ссудаларының тәуекел дәрежесі өте жоғары болса, онда банкке көп мөлшерде қорлар құруға тура келеді. Қажетті меншікті капитал мөлшерін анықтай отырып, банк алдында келесідей міндеттер тұрады: тәуекелдің артуына байланысты өз капитал мөлшерін ұлғайту қажет пе немесе тәуекел деңгейі төмен болып келетін активтерге өз қаражаттарын орналастырған тиімді ме? Осындай жағдайда банк капиталы, оның активтер сапасына, басқару сапасына, қызметіндегі саясатқа және банктің басынан кешетін тәуекелдерге тәуелді ме жоқ па? деген балама сауал туындайды.

Осындай жағдайларға байланысты кейбір банктеріміз капитал жеткіліктілігін сақтап, тәуекелдің алдын алу мақсатында несиелеу көлемін шектеуде. Банктің табысы берген несиелердің сапасына тікелей байланысты десек, онда несие көлемін шектеу банк табыстылығын шектеуге, соның нәтижесінде банк капиталын ұлғайту көзінің қысқаруына әкелетінін білеміз. Ендеше бүгінгі банктеріміздің меншікті капиталын ұлғайту көзі ретінде тек қана акцияларды шығару амалы қалуда. Бір айта кететіні, кейбір ірі банктеріміз өздерінің акцияларын депозитарлық қол хат арқылы шетел нарығына орналастырып отырғаны да жасырын емес. Бұл шаралар аталған банкке қатысты ҚР ҰБ жанындағы Қаржылық қадағалау комитеті тарапынан күмән туғызуы мүмкін. Себебі, мұндай жағдай отандық банк акциялары иелерінің жұмбақ болуын баяндайды.

Банк ресурстары құрылымында тартылған қаражаттар үлесі меншікті қаражаттармен салыстырғанда өте жоғары, олардың есебінен банктің активтік операцияларының басым бөлігі жүзеге асырылады.

Нарықтық қатынастардың дамуына байланысты, сондай-ақ ескі банктік жүйе үшін уақытша бос ақшалай қаражаттарды тартудың дәстүрлі емес тәсілдерінің болуы, тартылған қаражаттар құрылымын толығымен өзгертті десе де болады.

Банктік тәжірибеде барлық тартылатын қаражаттарды жинақтау тәсілдеріне байланысты үлкен екі топқа бөледі: депозиттік қаражаттар; депозиттік емес тартылған қаражаттар.

Тартылған қаражаттар ішінде ең көп бөлігін депозиттер құрайды. Депозиттер, банк үшін бірден-бір арзан ресурс көзі болып табылады.

Депозит – бұл клиенттердің (жеке және заңды тұлғалардың) банктегі белгілі бір шотқа салған және өздері пайдалана алатын қаражаттары.

Депозиттік емес тартылған қаражаттар – бұл банктің алған қарыздары түрінде немесе өздерінің меншікті бағалы қағаздарын сату жолымен тарататын қаражаттары.

Депозиттік емес банктік ресурс көздері мен депозиттер өзара ажыратылады. Біріншіден, олар персоналдық емес, яғни банктің нақты клиенттің атынан тартылмайды; екіншіден, мұндай қаражаттарды тарту инициативасы банктің өзінен туындайды.

Депозиттік емес тартылған ресурстармен көбіне ірі коммерциялық банктер айналысады. Өйткені, депозиттік емес қаражаттар ірі соммада сатып алынатындықтан да, оларды көтерме сауда операциялар сипатына жатқызуға болады.

Ал енді әр қайсысына жеке тоқталайық.

Депозиттік операциялар активті және пассивті болып бөлінеді. Активті депозиттік операциялар – банктің уақытша бос ақша қаражаттарын Орталық банкте және өзге корреспондент-банктердегі шоттарда орналастыруымен байланысты операциялар. Олар банктің өтімді активтері ретінде, яғни жалпы активтердің өте аз бөлігін алады. Активтік депозиттер банктің өтімді қаражаттарына жатады.

Пассивті депозиттік операциялар – бұл клиенттің уақытша бос ақша қаражаттарын белгілі

бір уақытқа және пайыз төлеу шарты бойынша тартумен байланысты операциялар. Бұл операциялар көмегімен тартылған депозиттер пассив жағының көп бөлігін алады және банктік ресурстарын қалыптастырудың негізгі көзі.

Қазіргі банктік тәжірибеде салымдардың, депозиттердің және депозиттік емес ресурстар шоттарының әр түрлері кездеседі. Бұл банктердің жоғарғы бәсекелестік нарықта банк қызметтеріне деген клиенттер топтарының сұранысын қанағаттандыруға және олардың қаражаттары мен уақытша бос қаражаттарын банктік шоттарға тартуға ұмтылуына жағдай жасайды.

Қорыта келе, біріншіден банктің меншікті капиталының көлеміне сәйкес тәуекелдер деңгейімен шектелетін активті операциялар да реттеледі. Меншікті капитал арқылы банк қызметі мемлекет тарапынан реттеліп, басқару шешімдері қабылданады. Екінші деңгейдегі банктің меншікті капитал көлемі банк қызметін стратегиялық жоспарлауда және тәуекелдер деңгейін анықтағанда тепе-теңдікті қамтамасыз ететін көрсеткіш болып табылады.

Екіншіден меншікті капитал мен оның құрамындағы шығындарды жабуға арналған қорлар салымшылар, кредиторлар және банк клиенттерінің мүдделерін қорғауға арналған. Капиталдың қорғаныс қызметі меншікті капиталды тәуекелдер деңгейіне адекваттылығы көзқарасынан бағалау қажеттілігін дәлелдейді.

Үшіншіден екінші деңгейдегі банктің меншікті капиталының жеткіліктілігі оның қаржылық тұрақтылығын сипаттайтын негізгі көрсеткіштердің бірі болып табылады. Банктің меншікті капиталын талдау арқылы банктік қызметтерде кездесетін көптеген тәуекелдерден банк қаншалықты қорғалғанын анықтауға болады. Сондықтан банк қызметтерін қадағалаудың негізгі көкейтесті бағыттарының бірі – банктің меншікті құралдарының көлемі жайлы, яғни оның мәні, құрылымы жайлы толық шынайы ақпарат алуға болады.

Резюме. В статье рассмотрены особенности деятельности коммерческих банков, а собственный капитал банка занимает меньшую часть совокупного капитала по сравнению с финансовыми основами его развития и другими направлениями предпринимательской деятельности. А также определенные характеристики, влияющие на способность восстановления положения механизмов и элементов защиты капитала.

Summary. The article discusses the features of commercial banks, and the Bank's own capital occupies a smaller part of the total capital in comparison with the financial foundations of its development and other areas of business. As well as certain characteristics that affect the ability to restore the position of mechanisms and elements of capital protection.

Әдебиеттер

1. Сейткасымов Ф.С. Ақша, несие, банктер: Оқулық. – Алматы: Экономика, 2010. – 416 б.
2. Коммерциялық банктер операциялары / С.Б. Мақыш. – Алматы: «ИздатМаркет», 2010.
3. Иришев Б.К. Денежно-кредитная политика РК. – Алматы: 2010.
4. ҚР ипотекалық неселендірді бағалау. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/> сайтынан алынған ақпарат (Қараған уақыты 10.02.2017 ж.).
5. Мүсина А. А. Коммерческий банк в системе финансового посредничества: теория, методология практика: Монография. – Астана: Изд. КазУЭФМТ. – 2011. – 379 с.



*Ж. Мухамади, «Қаржы» мамандығының 4 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Н.М. Алашбаева, магистр, аға оқытушы
ҚазЭҚХСҮ*

**ШАҒЫН БИЗНЕС ДАМУЫНДА ҚАРЖЫ РЕСУРСТАРЫНЫҢ ТҮРЛЕРІ МЕН
ЭКОНОМИКАДА АЛАТЫН РӨЛІ**

Андатпа. Нарықтық қатынастары жағдайында шағын бизнестің қаржылық жағдайын талдаудың маңызы өте зор. Бұл шағын бизнестің тәуелсіздікке ие болуымен, сондай-ақ олардың меншік иелері, жұмысшылар, коммерциялық серіктестер және де басқа контрагенттер алдында өзінің өндірістік-кәсіпкерлік қызметінің нәтижелері үшін толық жауапкершілікте болуымен байланысты.

Шағын бизнестің қаржылық жағдайын ұйымдастырған кезде немесе өндіріп отырған өнімнің өзіндік құнын есептеудегі негізгі шығындарға жатады.

Бастапқы мағлұматтар ретінде берілген детальдің, торапты құрастыру бірлігінің негізгі технологиялық процестері, ондағы қолданылған операциялардың уақытының қажет екендігі болып табылады. Осы мәліметтер бойынша детальді өндіріп шығару үшін қандай жұмыстар атқарылатынын талдап шығу керек: біріншіден – өнімді өндіріп шығару үшін қандай жабдықтар, станоктар, аспаптар қажет екенін есептеу керек.

Екіншіден – жабдықтардың саны бойынша цех әлде учаске болатынын белгілеу керек, кейін қажетті кескіш аспаптарды, тетіктерді бақылау аспаптарын, жетектерді бақылау аспаптарын, тағы басқа құралдардың көлемдерін есептеу кетек.

Шағын бизнестің қаржылық жағдайын талдау жөніндеі сұрақтарды қарастырмас бұрын, «қаржылық жағдай» дегеніміз немесе «қаржылық жай-күй» дегеніміз не, соны анықтап алған жөн. Сонғы жылдары шығарылған арнайы әдебиеттерде бұл ұғым әр түрлі түсіндіріледі. Профессор А.Д. Шеремет «Кәсіпорынның қаржы (активтер) жағдайы қаржыны тарату, пайдалану және оны қалыптастыру көздерімен (меншіктік капитал және міндеттемелер, яғни пассивтер) сипатталады» деп жазған.

Нарықтық экономика жағдайында жұмыс істеуші кәсіпорындардың қаржылық жағдайын талдаудың басты мақсаты (міндеті) келесілер болып табылады:

- қаржылық жағдайға баға беру және оның есеі беру мерзіміндегі өзгерісі;
- активтер мен олардың қалыптасу көздері арасындағы сәйкестікті, оларды таратудағы рационалды және пайдаланудағы тиімділікті зерттеу;
- айналым капиталының көлемін, оның өсуі (кемуін) және ағымдағы міндеттемелермен арақатынасын анықтау;
- қаржы-есептік және несие ережесін сақтау;
- кәсіпорын активтері және оның міндеттемелерінің құрылымын зерттеу;
- ағымдағы активтердің айналымдылық есебі, оның, ішінде дебиторлық борыш және қорлар есебі;
- баланстың өтімділігін, кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығының және төлеу қабілеттілігінің абсолюттік, және салыстырмалы көрсеткіштерін анықтау;
- кәсіпорын табыстылығын бағалау;
- кәсіпорын табысының салыстырмалы көрсеткіштерін, сондай-ақ олардың деңгейінің өзгеруіне әсер етуші факторларды есептеп шығару;
- кәсіпорынның іскерлік белсенділігін анықтау;
- кәсіпорынның қаржылық жағдайының тұрақтылығын ұзақ және қысқа мерзімді болжау, яғни оның қаржылық стратегиясын анықтау.

Қаржылық жағдайды талдау кәсіпорынның шаруашылық қызметін талдаудың қорытындылаушы кезеңі болып табылады. Және ол 3 сатыны қамтиды жабдықтау, өндіріс және өткізу; бұлардың жиынтығы коммерциялық, өндірістік және қаржылық қызметті құрайды.

Шағын бизнестің қаржылық қызметі – бұл оның осы, қызмет нәтижесінде меншікті және тартылған капиталдың көлемі мен құрамына өзгеріс әкелетін қызметі болып табылады. Ол қаржы ресурстарының жүйелі түрде түсуі мен тиімді пайдаланылуына, есеп және несие тәртібін сақтауға, меншікті және қарыз қаражаттарының арасындағы арақатынастың рационалдылығына, сондай-ақ кәсіпорынның тиімді қызмет етуі мақсатында қаржылық тұрақтылыққа қол жеткізуге бағытталуы тиіс. Кәсіпорын қызметінің қаржылық, өндірістік және коммерциялық жақтары арасында тығыз байланыс пен өзара тәуелділік бар. Осылайша қаржылық қызметінің жетістігі, көбінесе оның өндірістік-сату көрсеткіштерімен анықталады. Кәсіпорынның өзі алатын төлемдерді және

акша қаражаттарын алуы оның өнімді сатуына, алдын ала қарастырылған сұрыпталымды ұстап тұруына сапасының қажетті деңгейге сәйкестігіне және бір қалыпты өндіруге және төлеуге байланысты болады.

Резюме. В контексте рыночных отношений важно проанализировать финансовое состояние малого бизнеса. Это связано с независимостью малых предприятий, а также их полной ответственностью перед собственниками, сотрудниками, коммерческими партнерами и другими подрядчиками за результаты своей производственной и коммерческой деятельности.

Summary. In the context of market relations, it is important to analyze the financial condition of small businesses. This is due to the independence of small enterprises, as well as their full responsibility to owners, employees, commercial partners and other contractors for the results of their production and commercial activities.

Әдебиеттер

1. Сапарова Б.С. «Қаржы менеджменті» МОН РК. – Алматы, 2015.
2. Акимова Б.Ж., Сапарбаева С.С., Аленова Б.П., Аханова Н.Е. Қаржылық есеп. – 2016.
3. Нұрумов А.А., Бұлақбай Ж.М. Қаржы менеджменті: Оқулық. – Астана, 2013.
4. Абленов Д.О., Әбле Д.Д., Смағұлова Д.Д., Аленова А.Д. Қаржылық бақылау. – Алматы, 2014.
5. Мизамбекова Ж.К., Шаршанкулова Д. Қаржылық менеджменті: Оқу әдістеме құрал. – 2016.
6. Үмбеталиева А.Д., Керімбек Ф.Е., Сатымбекова К.Б. Кәсіпорныдағы экономика: Оқулық. – Алматы, 2017.
7. Үмбеталиева А.Д., Керімбек Ф.Е., Сатымбекова К.Б. Кәсіпорын экономикасы: Оқулық 2 – басылым. – Алматы, 2019.
8. Нұрымов А.А. Қаржылық менеджменті: Оқулық. – Астана, 2015.
9. Берстембаева Р.К. Финансовое оздоровление: Учеб. пособие. – Астана, 2018.
10. Учебное пособие / Н.А. Зайцева, А.А. Ларионова. – М.: Альфа-М, 2016.
11. Сапарова Б.С. Финансовый менеджмент: Учебник. – Астана, 2016.



А.Д. Нукешов, студ. 4 курса спец. «Финансы»

Научный руководитель: А.Т. Джумабекова, к.э.н., доцент

КазУЭФМТ

ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ СИСТЕМЫ РЕГУЛИРОВАНИЯ ПЛАТЕЖЕЙ И ПЕРЕВОДОВ ДЕНЕГ В РЕСПУБЛИКЕ КАЗАХСТАН

Аннотация. Основы современной платежной системы Республики Казахстан были заложены 20 лет назад, что позволило создать свою национальную платежную систему, функционирование которой обеспечивает современный денежный оборот в интересах национальной экономики. В статье анализируются основные индикаторы развития платежных систем в республике и определены основные тенденции их развития.

В современной мировой экономике стабильность экономических систем в значительной степени определяется сложившимися механизмами денежного обращения, в рамках которых ведущее место отводится платежным системам, которые позиционируются как безналичные денежные системы, или системы электронных денег.

Платежная система представляет собой совокупность процедур, правил и инфраструктуры, выполняющих функцию перевода стоимости от одного участника экономических отношений другому. Процессы интеграции, глобализации национальных экономик в мировую экономическую систему, а также рост требований юридических и физических лиц к обеспечению стабильности, своевременности и надежности обеспечения процедур купли-продажи (перехода права собственности) являются причиной дополнительных требований к развитию платежной системы.

Уникальность Республики Казахстан заключается, во-первых, в том, что только в 35 странах мира существуют национальные платежные системы, и Казахстан – одна из них, во-вторых, в том, что, если, например, в России национальная платежная система «Мир» начала функционировать в 2015 г., то в Казахстане основы национальной платежной системы были созданы в 1996 г. как Система крупных платежей, которая в 2000 г. была преобразована в Межбанковскую систему перевода денег (МСПД).

Совершенствование системы МСПД осуществлялось в направлении реализации следующих принципов: окончательность расчетов; безотзывность расчетов, завершение платежей в режиме реального времени. При этом еще в 1999 г. была прекращена деятельность клиринговых палат при областных филиалах Национального Банка РК, в результате чего клиринговая межбанковская деятельность осуществляется через Казахстанский Центр Межбанковских Расчетов (КЦМР), который в 1996 г. Был преобразован из Алматинской клиринговой палаты, созданной в 1995 г. Система межбанковского клиринга (СМК) обслуживает розничные платежи на небольшие суммы. Важным этапом в развитии регулирования платежных систем на территории Казахстана явилось принятие Закона Республики Казахстан «О платежах и платежных системах» от 26 июля 2016 г. В котором определены основные требования к платежным системам, виды платежных систем и способы определения их значимости (системно значимая платежная система, значимая платежная система, иная платежная система), порядок регулирования платежных систем и надзор за ними, а также порядок регулирования рынка платежных услуг и контроль за ним.

Вместе с тем стабильно функционирующая платежная система, представляющая собой совокупность организационных форм, правил, платежных инструментов, технологических средств и процедур, обеспечивающих обращение денежных средств между субъектами расчетных отношений, служит основой для осуществления Национальным Банком Республики Казахстан эффективной денежно-кредитной политики государства, от четкости и надежности функционирования расчетного механизма которой в решающей степени зависит финансово-экономическое положение как отдельных субъектов хозяйствования, так и страны в целом. Именно поэтому расчетно-платежные отношения являются важной составной частью денежно-кредитной политики государства и анализ показателей развития платежных систем в Республике Казахстан актуален не столько в долгосрочном разрезе, сколько в краткосрочном аспекте в связи с высоким уровнем изменчивости основных факторов, влияющих на основные платежные индикаторы (табл. 1).

Таблица 1. Основные показатели развития платежной системы Республики Казахстан, 2017-2018 гг.*

Показатели	на 01.11.17	на 01.11.18
1	2	3
Количество карточек в обращении (тыс.), в т.ч.:	16 666,2	15 491,1
Локальные системы	1081,8	344
Международные системы, в т.ч.:	15 791,5	15 147,0
Visa International, из них:	12 693,5	11 153,8
- дебетовые	9521,4	8465,4
- кредитные	2465,7	2164,7
- дебетовые с кредитным лимитом и предоплаченные	706,5	523,7
MasterCard Worldwide, из них:	2437,7	2858,1
- дебетовые	2275,6	2599,6
- кредитные	70,4	190,5
- дебетовые с кредитным лимитом и предоплаченные	91,8	67,9
Кол-во держателей карточек (тыс. чел.), в т.ч.:	14 546,6	14 100,5
Локальные системы	847,2	291
Международные системы, в т.ч.:	13 789,1	13 809,5
Visa International	11 111,1	10 308,9
MasterCard Worldwide	2275,5	2656,1

1	2	3
Кол-во использованных карточек (тыс.), в т.ч.:	7332,5	8080,0
Локальные системы	697,1	213,9
Международные системы, в т.ч.:	6795,2	7866,1
Visa International, из них:	5194,4	5731,5
- дебетовые	4303,7	4450,9
- кредитные	359,5	950
- дебетовые с кредитным лимитом и предоплаченные	531,2	330,6
MasterCard Worldwide, из них:	1219,3	1484,9
- дебетовые	1130,1	1340,0
- кредитные	37,7	115,3
- дебетовые с кредитным лимитом и предоплаченные	51,6	29,6
Количество POS-терминалов (шт.), в т.ч.:	72 066	103 907
- у торговых предприятий	64 888	96 002
- в банках	7178	7905
Количество банкоматов (шт.), в т.ч.:	8945	9483
- с функцией выдачи наличных денег	7745	7970
- с функцией выдачи и приема наличных денег	1200	1513
Количество платежных терминалов (ед.)	13 857	14 433

**Составлена по данным НБРК*

Анализ основных показателей развития платежных систем Республики Казахстан за период 2017-2018 гг. указывает на соответствие основным трендам развития, а именно – увеличение количества POS-терминалов оплаты и банкоматов за анализируемый период на 44,2 и 6,0% соответственно, увеличение используемых банковских карточек на 10,2%, а также их доли в общем количестве эмитированных банковских карточек с 44,0 до 52,2%, что указывает на активное развитие платежной системы в рамках национальной экономики, вовлечение физических и юридических лиц в платежную систему, увеличение кредитования за счет использования кредитных карт.

Кроме того, необходимым элементом анализа платежной системы Республики Казахстан является структура и содержание платежных инструментов (табл. 2). Развитие безналичных платежей, которые в рамках стран СНГ находятся на уровне 15-40% от общей суммы, является одним из основных индикаторов внедрения современных инструментов платежной системы, позволяющих ускорять и снижать стоимость (в т.ч. за счет уменьшения инкассации, затрат на выпуск наличных денег) обслуживания наличной массы. Как следует из данных таблицы 2, платежные поручения, составляя в общем количестве 25,8% от общего числа транзакций, в суммарном количестве обеспечивают 95,8% денежного оборота, в то время как расчеты платежными карточками, составляя 73,8% проводимых операций, обслуживают только 4,1% денежного оборота.

Таблица 2. Сведения об использовании платежных инструментов за октябрь 2018 г.

Платежный инструмент	Количество		Сумма	
	Абс.	в % от общего объема	Абс.	в % от общего объема
Платежные поручения	10 127,50	25,8%	21 169,50	95,8%
Платежные требования-поручения	145,9	0,4%	3,9	0,02%
Инкассовые распоряжения	33,5	0,1%	8,1	0,04%
Платежные карточки	28 956,8	73,8%	904,8	4,1%
в том числе:				
- операции по выдаче наличных	17 940,1	45,7%	756,1	3,4%
- безналичные платежи	11 016,7	28,1%	148,7	0,7%
Прочие инструменты	1	0,01%	5,2	0,02%
Общий итог	39 264,6	100,0%	22 091,50	100,00%

**Составлена по данным НБРК*

Одним из основных индикаторов развития национальной платежной системы являются объемы сделок (табл. 3), совершаемых в рамках Межбанковской системы перевода денег (МСПД) и Системы межбанковского клиринга (СМК), которые выполняют функцию обеспечения экономики страны ликвидностью и перетока капитала.

Таблица 3. Динамика платежей МСПД и СМК Республики Казахстан*
тыс. транзакций и млрд тг., соответственно

Год	Октябрь		Всего (январь-октябрь)	
	Кол-во	Объем	Кол-во	Объем
2017	2893,6	26 281,5	29 136,1	190 077,7
2018	706,0	48 433,4	29 295,0	479 751,0
Изменение, в %	-6,50%	84,30%	0,50%	в 2,5 раза

*Составлена по данным НБРК

Анализ совокупной динамики МСПБ и СМК за январь-октябрь 2018 г. и аналогичный период прошлого года указывает на существенный рост объемов сделок (на 152,3%), развитие банковского сектора, интеграцию банковского сектора в национальную экономику, развитие национальных платежных систем, а также на наличие кризисных явлений в казахской экономике в октябре 2018 г. (о чем свидетельствует снижение на 17% объемов платежей по сравнению с октябрём 2017 г.).

Отдельный интерес представляет анализ динамики платежей через Систему межбанковского клиринга в 2017-2018 гг. (табл. 4).

Таблица 4. Динамика платежей СМК Республики Казахстан, 2017-2018 гг.*
тыс. транзакций и млрд тг., соответственно

Год		Кол-во	Объем
2017	всего	18 040,4	4 490,3
	в среднем за день	88,4	22,0
2018	всего	17 759,5	4 811,1
	в среднем за день	87,1	23,6
Изменение, в %	всего	-1,6%	7,1%
	в среднем за день	-1,6%	7,1%

*Составлена по данным НБРК

Анализ данных таблицы 4 позволяет сделать вывод о том, что при сокращении количества транзакций за указанный период объемы платежей выросли в 7,1%, что в целом совпадает с оценочным уровнем инфляции, которая прогнозируется Национальным Банком Казахстана на уровне 6-8% по итогам 2018 года. Электронные платежные системы можно классифицировать на две категории.

1. Электронные платежные системы, использующие базы данных банков (дебет в рамках расчетной системы взаимосвязан с дебетом банковской карты): CyberPOS, Assist, Portmobe, JCB, PayPal, UnionPay, RBK Money.

2. Электронные платежные системы, использующие внутренние базы данных (дебет в рамках расчетной системы зависит от перевода денежных средств на него, и не взаимосвязан с дебетом банковской карты): WebMoney Transfer, Qiwi, Quickpay, Paybox, E-Port, Factura, Cyber Check, Рапида, PayCash, EIPay.

Из основных тенденций развития платежных систем в Республике Казахстан можно выделить следующие:

- вытеснение международными платежными системами (Visa International, Master card) локальных национальных систем;
- снижение доли операций, совершаемых в рамках наличного обращения, увеличение доли объектов розничной торговли, подключенных к POS-терминалам, увеличение количества банкоматов;

- увеличение доли электронных платежных систем в совокупном объеме операций;
- увеличение рисков нарушения платежных операций ввиду кибер-угроз, взлома злоумышленниками платежных систем. Проблема увеличения кибер-угроз является одной из существенных, поскольку она, с одной стороны, замедляет развитие платежных систем, а с другой – вызывает настороженность реального сектора экономики из-за высокой вероятности операционных рисков, рисков мошенничества, потери контроля над расчетными счетами, что в целом широко отражено в профессиональных печатных и электронных СМИ.

Среди основных рекомендаций по снижению и контролю рисков в системах, основанных на неттинге, в международной практике применяется: по кредитному риску – введение лимитов по операциям и конкретным клиентам, а также требований к обеспечению, проведению мониторинга лимитов в режиме реального времени, а для рисков ликвидности – планирование графиков осуществления платежей, гибкое использование лимитов, покрытие прогнозируемых позиций ликвидности платежными обязательствами. Таким образом, анализ текущего состояния и основных тенденций развития платежной системы Республики Казахстан указывает на ее широкую интеграцию в рамках сегментов физических и юридических лиц, внедрение и развитие межбанковской системы перевода денег и системы межбанковского клиринга. При этом увеличение рисков, связанных с развитием электронных платежных систем, требует дополнительного контроля и регулирования со стороны государства.

Түйін. Қазақстан Республикасының қазіргі төлем жүйесінің негізі 20 жыл бойына қаланды артта қалды, бұл өзінің ұлттық төлем жүйесін құруға мүмкіндік берді. Бұл қазіргі заманғы ақша ағымын ұлттық экономика мүдделеріне сай қамтамасыз етеді. Мақалада республикадағы төлем жүйелерінің дамуының негізгі көрсеткіштері және олардың дамуының негізгі бағыттарын анықтады.

Summary. The foundations of the modern payment system of the Republic of Kazakhstan was formed 20 years ago, which helped to create a national payment system, which is operated by the modern money turnover is in interest of the national economy. The article presents the main indicators of development of payment systems in the Republic of Kazakhstan and the trends of their development.

Литература

1. Закон РК «О платежах и платежных системах» // Официальный сайт Национального Банка РК. www.nationalbank.kz/
2. Угроза киберпреступности растет в Казахстане: Интернет-ресурсы: <https://365info.kz/2015/05/ugroza-kiberprestupnosti-rastet-v-kazaxstane>



Р.Т. Сыралиева, М. Бердібекқызы, Қ.Д. Тұрғанбаева
«Қаржы» мамандығының 4 курс студенттері
Ғылыми жетекшісі: Ж.О. Лукпанова, э.ғ.к., доцент
ҚазЭҚХСУ

ШАҒЫН ЖӘНЕ ОРТА БИЗНЕС СУБЪЕКТІЛЕРІНІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ МӘНІ

Аңдатпа. Мақалада шағын және орта бизнес субъектілері, олардың қаржылық тұрақтылығы туралы қарастырылады. Президенттің жолдауындағы жаңа өзгерістер еліміздегі жұмыссыздықты азайтуға елеулі үлес қосқалы тұр. Шағын және орта бизнес субъектілеріне салық салу принциптері де түбегейлі өзгертілген. 2019-2020 жж. бизнес субъектілеріне жасалған ерекше жағдайлар, банктердің белгілі бір соммадағы қаражаттары да көрсетілген.

Егеменді ел болып, тәуелсіздігімізді алып нарықтық экономикаға көшуімізге байланысты ел экономикасы түбегейлі өзгерістерге душар болды. Әсіресе еліміздің экономикалық өміріндегі шаруашылық қатынастар жүйесіндегі терең әрі ауқымды өзгерістер көрініп, еркін бәсеке, бәсекеабілеттілік, еркін сауда, жеке меншік билігі, қаржылық басқару (менеджмент) т.б. осы сияқты ұғымдар ене бастады. Сол жылдарда кәсіпорындардың барлығы дерлік жекешелендіріліп, халық кәсіпкерлікпен айналыса бастады. Әрбір мемлекеттің экономикалық саясатының негізгі құраушысы кәсіпкерлікті дамыту болып табылады. Экономиканың маңызды сфераларының бірі болып саналатын шағын және орта кәсіпкерлікті қолдау ерекше мағынаға ие. Ол жұмыс бастылардың аздығымен, үлкен емес капитал сыйымдылығымен, қиын емес басқарушылығымен сипатталады. Қазақстан Республикасында нарықтық экономикаға өтумен әр түрлі жекеменшік формадағы шағын және орта кәсіпорындарды құру қажеттілігі туды. Қазіргі кезде кәсіпкерліктің барлық формаларын қолдау мен ынталандыру Қазақстанның тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуының маңызды факторы болып табылады және мемлекет экономикасын кризистен шығаруға көмектесуі мүмкін.

Шағын және орта бизнес субъектілерінің қаржылық тұрақтылық қазіргі өзгергіш және көпқырлы нарықтық экономика жағдайында маңызды мәселе болып табылады. Әрбір кәсіпорын қызметінің қаржылық тұрақтылығы жалпы мемлекет экономикасының қаржылық тұрақтылығына қандай да бір әсерін тигізеді. Бұл тәуелділікті көру үшін бірнеше авторлардың әдебиеттерінен іріктелген қаржылық тұрақтылық анықтамаларын қарастыру дұрыс болады.

Сондықтан, тұрақтылық пен даму % біртұтас жүйе ретінде экономиканың маңызды сипаттамасы». Бұл тұрақтылық анықтамасының идеясы сыртқы ортаның жағымсыз әсерлерін төзу үшін ресурстармен қамтамасыз ететін кеңірек ұдайыөндіріске деген, сыртқы ортада қалыптасып, дамытын ерекшеліктерге сәйкес бейімделу мен жаңартылуға деген қажеттілікте жатыр.

«Қаржылық тұрақтылық» термині мамандандырылған қаржы лексиконында нақты анықталмаған. Әлем тәжірибесінде «Қаржылық тұрақтылық» түсінігінің әр түрлі баян етілуі баланс талдауының екі жақтылығымен түсіндіріледі: баланс өтімділігін дәстүрлі және қазіргі заман функционалды талдауы. Осы екі көзқарас негізінде аналитиктер қаржылық тұрақтылық түсінігін әр түрлі етіп қарастырады.

Баланс өтімділігін дәстүрлі талдау негізінде кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы оның қаржылық құрлымының тепе-теңдігін қамтамасыз етілуіне және инвесторлар мен кредиторлардың тәуекелдерден аман болуына бағытталған ережелермен анықталады, яғни қаржылық стандарттың дәстүрлі ережелері қарастырылады, олар төмендегілерді өзіне қосады:

– минималды қаржылық тепе-теңдік ережесі, ол міндетті оң өтімділіктің болуына негізделген, яғни баланс пассивтері мен активтерінің қысқамерзімді элементтер айналым жылдамдығы, уақытында сәйкессіздіктер болу тәуекелімен байланысты міндеттемелерден ағымдық активтер мөлшерінің асу сомасында орын алатын қаржылық тұрақтылық қорын алдын ала қарастыру қажет;

– максималды қарыз ережесі % қысқамерзімді қарыздар қысқамерзімді қажеттіліктерге пайдаланылады; дәстүрлі қаржылық стандарт кәсіпорын қарыздарын меншікті қаражат көздерінен өтеу шегін белгілейді: ұзақ және ортамерзімді қарыздар меншікті қаражаттар көздері мен оларға теңескен ұзақмерзімді қарыз қаражат көздерін өзіне қосатын тұрақты капитал жартысынан аспауы қажет;

– максималды қаржыландыру ережесі алдағы ереженің жүзеге асырылуын ескереді: қарыз капиталын қолдану көзделген барлық салымдар сомасының белгілі бір пайызынан жоғарламауы қажет, ал пайыз әр түрлі несиелеу шартына байланысты болады.

Баланс өтімділігін функционалды талдау негізінде қаржылық тұрақтылық келесі талаптарды орындау кезінде анықталады:

– қаржылық тепе-теңдікті сақтау, негізгі және қалыптастырылуы үшін пайдаланылатын, меншікті капитал бөлігін білдіретін, айналым капиталына бөлшектеп салудан бұрын, тұрақты капитал есебінен өтелетін, қаражаттардың тұрақты орналастырылуы құрамына қосу жолымен жүзеге асады;

– айналым капиталының артық қамтамасыз етілуіне, нәтижесінде меншікті айналым капиталының бос көздері уақытша пайда болады;

– немесе айналым капиталына қажеттіліктің қанағаттандырылуына, нәтижесінде қарыз қаражаттарын қолдану тура келеді;

– жалпы қарызды бағалау % қаржылық тұрақтылықты талдау (баланс өтімділігін талдаудың функционалды және дәстүрлі) амалдары бірдей. Бір бұл жерде, барлық қарыз және меншікті қаражаттар арасындағы қатынас арқылы белгіленетін кәсіпорынның жалпы қарыздар деңгейін анықтау қосылады.

Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылық түсінігін қарастырған кезде онымен тікелей байланысты басқа да қажетті экономикалық-қаржылық құраушыларды анықтау дұрыс болады. Соның ішінде кәсіпорынның төлемқабілеттілігі негізгі орынды алады.

Тұрақтылықтың әрбір түрінің мазмұнын жеке-жеке қарастырайық:

– ішкі тұрақтылық – қызмет етудің жоғары нәтижелігін қамтамасыз ететін ұйым жағдайы, яғни өндіріс құрылымы мен қызмет көрсету жағдайы және олардың динамикасы немесе кәсіпорын қызметінің тұрақты жоғары табыстылығын қамтамасыз ететін ұйымның жалпы қаржылық жағдайы. Оған жету негізінде шаруашылық орта өзгерісінен белсенді әсер ету жатыр;

– сыртқы тұрақтылық – мемлекет шегінде сәйкесінше басқару жүйесімен жүзеге асырылатын, ұйым әрекет ететін экономикалық орта тұрақтылығын білдіреді;

– «мұраланған» тұрақтылық – кездейсоқтықтан және сыртқы жағымсыз, тұрақсыз факторлардың шұғыл өзгерісінен сақтап тұратын, бірнеше жылдар аралығында қалыптасқан ұйымның қаржылық тұрақтылығының белгілі бір қорларының болуының нәтижесі. 2019 жылдың басында қолданыстағы шағын және орта бизнес субъектілерінің саны 1,2 млн-ға жетті. Бір жыл ішінде олардың саны 8,3%-ға артты, деп мәлімдеді.

Ұлттық экономика министрі Руслан Дәленов Оның айтуынша, соңғы 4 жылда кәсіпкерлікті дамытуға республикалық бюджеттен 210 млрд теңге бөлінді. Бұл ақшаға шағын және орта кәсіпкерліктің 13 мың субъектісі қаржыландырылды. Жыл сайын орта есеппен 20 мың адамнан оқытылып, 10 мың жұмыс орны құрылды. «Жалпы шаралар нәтижесінде экономикадағы ШОК-тың маңыздылығы артты. 2015 жылы ЖІӨ-дегі ШОБ үлесі 24,9%-ды құрады. 2018 жылдың 9 айындағы деректер бойынша – 28,9%. Осылайша, 2015 жылмен салыстырғанда шағын және орта кәсіпкерлердің ел экономикасына қатысуы 4 пайыздық тармаққа өсті», – деді Ұлттық экономика министрі 2020 жылдан бастап шағын және орта бизнес өкілдері тексеруден босатылады «Президент Жолдауында айтылғандай, алдағы жылдан бастап, мемлекеттік қызметшілер санын біртіндеп қысқартуға бағытталған жұмыс жүргізіледі, ал босатылған қаражатты неғұрлым пайдалы қызметкерлерді материалдық ынталандыруға жұмсалатын болады. 2024 жылға қарай мемлекеттік қызметшілер мен ұлттық компаниялар қызметкерлерінің саны 25%-ға қысқаратын болады. Басым міндеттердің бірі – квазимемлекеттік сектордан қайтарымды арттыру. Ұлттық әл-ауқат қорының өткен 14 жылдағы халықтың әл-ауқатының өсуіне нақты үлесі бағаланатын болады. Үкімет Есеп комитетімен бірге үш айлық мерзімде мемлекеттік холдингтер мен ұлттық компаниялардың тиімділігіне талдау жүргізеді», – деді ҚР Премьер-Министрінің бірінші орынбасары – ҚР Қаржы министрі Әлихан Смайылов өз баяндамасында. Сондай-ақ, Үкімет басшысының орынбасары тауарлар мен қызметтердің бағаларын реттеу жөнінде нақты шаралар әзірлеу қажеттігін айтты.

Тіркелген ірі кәсіпкерлік субъектілерінің саны



1-сурет. 2010-2020 жж. аралығындағы тіркелген кәсіпкерлік субъектілер саны

Бүгінгі күнде республикамызда шағын бизнес субъектілеріне салық салу қалай жүргізілуде деген сұрақ көптің көкейінде тұрады анық. Бұл ретте қазіргі кезеңде елімізде шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне салық салудың арнайы салық тәртібі қарастырылған, яғни ол бір реттік талон, патент және қарапайым декларация негізінде жүргізілуде. Кәсіпкер бұл арада өзінің қызметінің меншігіне, алатын табысының мөлшеріне байланысты осындай немесе басқадай түрін қолдануға құқылы. Мұның өзі әр адамның өз шамасына қарай жұмыс істеуіне мүмкіндік берілген деген сөз. Енді әрі қарай кәсіпкерлік рұқсаттың қалай берілетінін талдап көрейік:

1. Бір реттік талонды пайдалану кәсіпкерлік қызметте эпизодтық сипатпен жүретін, яғни бірыңғай тұрақты емес жеке тұлғаның қызметін реттейді.

2. Салық салудың жеңілдетілген тәртібі патент негізінде, сауда, қызмет көрсету саласында шағын және орта бизнеске қолданылады. Мұндай жағдайдағы өлшем ретінде өткізуден түскен айналымға қатысты екенін айту керек.

Патент бойынша төленетін салық сомасы жарияланған салық төлеушінің алдын-ала табысынан 3% мөлшерінде белгіленген. Мұндайда табыс әрқашанда барлық шығындарды есепке ала отырып, жалпылама алынады. Патенттің құны бюджетке жеке табыс салығы мен әлеуметтік салық түрінде тең үлесте енгізіледі. Патент негізіндегі жеңілдетілген тәртіп сондай-ақ ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруші заңды тұлғаларға да қолданылады. Патент құнына заңды тұлғаның табыс салығы, қосымша құн салығы, әлеуметтік салық, жер салығы, мүлік салығы, көлік салығы енгізіледі. Патент құнын есептей келгенде бюджетке төленетін салықтар сомасы 80%-ға азаяды.

3. Жеңілдетілген декларация негізіндегі салықтарды төлеу шағын бизнес субъектілері үшін мемлекетпен есеп айырысудың негізгі практикалық нысаны болып табылады. Салық салудың осы тәртібі тоқсан аяқталған соң нақты алынған табыс бойынша салық міндеттемелерінің есептесуі болып табылады. Мұндайда салықтар шығыны есептеусіз бірыңғай ставка бойынша есептеледі.

Жеңілдетілген декларация, жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғаларға мынадай өлшемдерге сәйкес таратылады:

– жеке кәсіпкерлер үшін жұмысқа тартылған қызметшілердің саны 15 адамнан аспауы тиіс, оның ішіне кәсіпкердің өзі де кіреді, кәсіпкерлік қызмет түрлері 5-тен аспайды, тоқсандық табысы – 4,5 млн теңгеден аспауы тиіс;

– заңды тұлғалар үшін қызметшілердің орташа тізім саны 25 адамнан, кәсіпкерлік қызметтің түрі 7-ден, тоқсандық табысы 9 млн теңгеден аспауы тиіс.

Төлем төлеудің жеңілдетілген тәртібі бойынша тек қана әлеуметтік және табыс салығын төлеу қарастырылған, оған төлем көздерінен ұсталған табыс салығы кірмейді.

Шағын бизнеске қатысты жүргізілген бұрынғы салық саясаты шағын кәсіпорындардың «көленкелі» экономикаға қарай бет бұруына себепші болғаны жасырын емес. Ал, қазіргі кезде сарапшылардың бағалауы бойынша ресми емес секторларда 20%-дан 40%-ға дейінгі шағын кәсіпорындар жүр. Кәсіпкерлердің өздерінің айтуы бойынша әрбір кәсіпорын өз табысының 50%-нан астамын, ал кәсіпорындардың 40%-ы 60%-нан астамын салық түрінде аударады. Әлемдік практикада таза табыстан 33-35% салық салу оңтайлы деп есептейді.

Резюме. В статье рассматриваются субъекты малого и среднего бизнеса, их финансовая устойчивость. Новые изменения в послании президента вносят существенный вклад в снижение безработицы в стране. Кардинально изменены принципы налогообложения субъектов малого и среднего бизнеса. В 2018-2020 гг. отражены особые условия для субъектов бизнеса, а также средства банков в определенной сумме.

- умение общаться с неспециалистами по вопросам профессиональной деятельности.

Знание терминологии, умение устанавливать связи между известными ранее и новыми терминами, умение использовать научные понятия и термины в практическом анализе производственных ситуаций, знание особенностей стиля профессиональной речи составляют лингвистическую компетенцию в профессиональном общении.

Оценочное отношение к высказыванию, осознание целевой установки общения, учет ситуации

общения, его места, отношений с собеседником, прогнозирование воздействия высказывания на собеседника, умение создать благоприятную для общения атмосферу, умение поддерживать контакты с людьми разного психологического типа и уровня образования включаются в коммуникативную компетенцию специалиста. В коммуникативную компетенцию входит как само умение общаться, обмениваться информацией, так и умение налаживать целесообразные отношения с участниками производственного процесса, организовать совместную творческую деятельность.

Умение контролировать эмоции, направлять диалог в соответствии с потребностями профессиональной деятельности, соблюдение этических норм и требований этикета составляют поведенческую компетенцию. Коммуникативное поведение подразумевает такую организацию речи и соответствующего ей речевого поведения, которые влияют на создание и поддержание эмоционально-психологической атмосферы общения с коллегами и клиентами, на характер взаимоотношений участников производственного процесса, на стиль их работы.

Русский язык занимает солидное место в кругу языков современной науки и техники. На русском языке издаются научные и технические журналы, выходит новая научная литература. Научные публикации на русском языке по физике и математике, лингвистике и литературоведению пользуются международным признанием. Большой интерес во многих зарубежных странах вызывают работы на русском языке в таких технических областях, как разработка космических аппаратов и приборов, электротехника.

Потребности науки и технического описания изобретений инженерной мысли привели к формированию в русском литературном языке функционально развитого научного стиля, позволяющего четко и определенно описывать по-русски любые научные открытия и технические достижения. Одной из актуальных задач сегодняшнего дня в этой области является совершенствование, отбор и закрепление терминологии в области компьютерной техники и информационных технологий. На данный момент в этой динамично развивающейся области на русском языке еще не сформировалась устойчивая система терминов, велика роль заимствованных и профессионально-жаргонных слов, не всегда их русские эквиваленты удобны в использовании по стилистическим и семантическим причинам. Составление словарей и справочников компьютерных терминов позволило бы разработать более четкие и общепризнанные нормы технической речи в данной области.

Общение на профессиональные темы в любой области предполагает не только точное употребление терминов и знание стоящих за ними понятий, но и соблюдение общих норм культуры речи. Адресованность речи специалистам не отменяет необходимости следить за ее соответствием нормам литературного языка.

Таким образом, для успеха в профессиональной деятельности современному специалисту важно в совершенстве владеть навыками культуры речи, обладать лингвистической, коммуникативной и поведенческой компетенцией в профессиональном общении. Для этого необходимы следующие качества, способности, умения:

- знание норм литературного языка и устойчивые навыки их применения в речи;
- умение следить за точностью, логичностью и выразительностью речи;
- владение профессиональной терминологией, знание соответствий между терминами и понятиями;
- владение стилем профессиональной речи;
- умение определять цель и понимать ситуацию общения;
- умение учитывать социальные и индивидуальные черты личности собеседника;
- навыки прогнозирования развития диалога, реакций собеседника;
- умение создавать и поддерживать благожелательную атмосферу общения;
- высокая степень контроля эмоционального состояния и выражения эмоций;
- умение направлять диалог в соответствии с целями профессиональной деятельности;
- знание этикета и четкость выполнения его правил.

Литература

1. Опалена А.В., Дубова Г.В. Профессиональная этика сотрудников правоохранительных органов. – 1998.

[Электронный ресурс]. Ссылка: https://studref.com/415312/etika_i_estetika/etika_delovogo_obscheniya

2. Юрьев А.Н. Язык специальности и профессиональная культура речи. – 28 августа 2019. [Электронный ресурс]. Ссылка: https://methodist.ucoz.org/load/jurev_a_n_russkij_jazyk_dlja_fizikov_uroven_s1/27_jazyk_specialnosti_i_professionalnaja_kultura_rechi/7-1-0-201

3. Худякова Е.А. Основные направления воспитания речевой культуры будущих специалистов железнодорожного транспорта. – 2012. [Электронный ресурс]. Ссылка: <https://cyberleninka.ru/article/n/osnovnye-napravleniya-vospitaniya-rechevoy-kultury-buduschih-spetsialistov-zheleznodorozhnogo-transporta>



А.К. Сарсенбаева, «Кеден ісі» мамандығының 1 курс студенті

Ғылыми жетекшісі: К.А. Тлегенова, п.ғ.к.

ҚазЭҚХСҮ

ИНТЕРНЕТ – ЖАҢА ТЕРМИНДЕР ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ҚАЙНАР КӨЗІ (ОТАНДЫҚ ЖӘНЕ ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕДЕН)

Аңдатпа. Бұл мақала күнделікті өмірде интернет терминдерін пайдалану туралы айтылған. Біз осы мақаланың мазмұнында қандай сөздер (терминдер) жиі қолданылады. Осы терминдердің қолданылуын дәлелдейтін кейбір сөйлесу чаттарын, сондай-ақ осы тақырып бойынша бірнеше сауалнамаларды қарастырамыз. Интернет ғасырында өмір сүре отырып, біз күн сайын жаңа интернет терминдерін қадағалай алмаймыз, сондықтан біздің мақалада осы бағытты мүмкіндігінше дамыту, ақпараттандыру және білім алу қажет екендігін көрсеттік. Бұл мақаланың тақырыбы жастар тарапынан көбірек ашылады, өйткені олар көбінесе интернет терминдерін қолданады.

Заман көші ілгерілеп, бүгін хат-хабар алмасу, танысу, әңгіме-дүкен құру, ақпарат жеткізу, пікір білдіріп, оны ортаға талқыға салу сынды қарым-қатынастың сан алуан түрі интернет ортасында қарқынды дамып келеді. Қазірде интернет тілінің ұғынықты әрі жеңіл, түсінуге оңай жеткізілуі үшін желідегі екі сұхбаттасушы қажет санайтын мүмкіндіктердің маңыздылары компьютер мамандары тарапынан жаратылып келеді. Күлегеш символдар мен таңбалы бейнелерге, интернет терминдеріне желі аудиториясы да бірте-бірте бейімделіп, бүгінде интернет жазбасы онсыз өмір сүрмейтін дәрежеге жетті. Десек те интернет тілінің ауқымы кең екені белгілі, сондықтан да интернетте қалыптасқан жаңа терминдер мен арнайы интернет сөздер тізімі қолданушылар тарапынан әлі де толығымен меңгеріле қойылған жоқ. Осы сынды символдардың, аббревиатуралардың, жаргондардың қалыптасуы, күлегеш таңбалардың желі жазба тіліне енуі тұрмыс тілінен айырмашылығы байқалмайтын жаңа интернет тілінің қалыптасуына негіз болды.

Желі жүйесіндегі қарым-қатынастың қарқынды дамуы негізінде интернет пайдаланушылары арасында хат-хабар алмасудың қиындықтарын жою мақсатында арнайы интернет жаңа сөздер тізімі күн сайын пайдаланушылар тарапынан қалыптасып келеді. Желіге тән бұл сөздер белгілі бір ұғымды меңзеп, оны жазған кезде екінші тараптағы сұхбаттасушы көп қиналмай, анықтамалық құралдарсыз лезде ұға алады. Мысалы, жер жүзі интернет жазбасы бойынша желі пайдаланушыларына ортақ «луркинг» (ағылшынша «lurking» – жасырыну) терминін алайық. Дэвид Кристалдың «Language and the Internet» еңбегінде бұл терминге желі пайдаланушысының кез келген тұстан кез келген мазмұндағы хат-хабарды қабылдай отырып, оны оқи отырып, оған жауап жазбауы, елемей, мән бермей деген анықтама берілген [1].

Мәтіндегі әрбір сөйлем интернет терминдерінен құралған. Мұндағы «фэйк», «аватар», «модератор», «онлайн» терминдері интернеттің танымал терминдері саналады. Осының барлығы өз ішіне белгілі бір анықтаманы жүктеп, соған тән ұғымды меңзейді. Көбінесе мұндай терминдер ағылшын немесе өзге тілден енген сөздер болып келеді [2].

Көптеген интернет пайдаланушылары бұл терминдердің түпкі мағынасын я түсінбейді, яки шатыстырып жатады. Интернет алаңында тек терминдер жүйесі емес, қарапайым сөздер де интернет тілін қалыптастыруға атсалысады [3]. Филология ғылымдарының докторы, профессор Сәбира Сағымбекқызының айтуынша, интернеттегі жаңа сөздер, терминдер, интернет жазба тіл элементтері, сөйлемдердің қысқаруы, сөздердің орын алмасуының барлығы интернет коммуникацияға тән құбылыс. Бұл интернет қолданушылар арасында бұрыннан бар жағдай және алдағы уақытта да солай бола береді [4].


1-кесте. Желіде сөздерді қысқарту тәсілі бойынша жастардың пікірі көрсеткіші

	Саны	%
Еш қолданбаймын	10	13.2
Сирек қолданамын	6	7.9
Кейде қолданамын	19	25
Жиі қолданамын	25	32.9
Әркез қолданамын	16	21
Жалпы көрсеткіш	76	100

Кестеде берілгендей білім алушылардың көбі уақыт ұтымдылығы мақсатында сөздердің интернетте қысқартылып жазылуын құптайтындықтарын білдірген. Сөз тұлғасын еш қысқартпай қолдануды дұрыс санайтын тәжірибеге қатысушылар саны тек 13,2%-ды құраған. Осы көрсеткішке қарай отырып, жалпылама алғанда сұхбат барысында сөздердің қысқартылуы қысқартылмай жазуға қарағанда жоғары көрсеткішке ие екеніне көз жеткізе аламыз. Мысалы, қазақ тіліндегі «см» (сәлем), «сб» (сау бол), «жарайд» (жарайды), «раха» (рахмет), «боватыр» (болып жатыр), «кеп кетті» (келіп кетті) секілді сөздерде дауысты дыбыстың түсіп қалуы интернет тіліне тән белгілер болып саналады.

Осындай тілдік құбылыстар, интернет терминдері бүгінде тек интернет алаңында емес, сонымен қатар тұрмыс тілінде де қолданысқа бірте-бірте еніп келеді. Осыған қатысты өз құрдастарым арасында «Интернет тілін күнделікті тұрмыс тілінде пайдаланасыз ба?» деген сұрақ аясында сауалнама жүргіздім. Сауалнамаға қатысқан 50 адамның жауабы төмендегі диаграммада көрсетілген.

1-диаграмма




«Интернет тілін күнделікті тұрмыс тілінде пайдаланасыз ба?»

Оң жауап берді	14%
Бұл сленгті мүлдем танымайды	2%
Теріс жауап берді	29%
Кейде қолданады	55%

Келесі сұрақ: «Сіздің Интернет сленгіне (терминдеріне) көзқарасыңыз қандай?»

2-диаграмма

2 диаграмма
«Сіздің Интернет сленгіне
(терминдеріне) көзқарасыңыз қандай?»



Оң	21%
Теріс	17%
Бәрібір	40%
Желі тіліне назар аудармайды	21%

Соңғы сұрақты қоя отырып, мен білгім келді «Интернет терминдерінің танымал болу себебі неде деп ойлайсыз?»

3-диаграмма

3 диаграмма
«Интернет терминдерінің танымал болу
себебі неде деп ойлайсыз?»



Өз пікіріңізді айту оңай	60%
Ұнатады	26%
Білмейді	12%
Сәнді	2%

Саулнамаға қатысушылар, әсіресе, жастар қатары интернет тілін тұрмыс тілінде өзгелерге қарағанда әлдеқайда көп қолданатындықтарын білдірді. Және де жастардың көпшілігі Интернет терминдерін қолданады, өйткені олар өз ойларын айту оңай, және олар біртіндеп осындай қарым-қатынасқа тез үйренеді. Демек, бүгінде интернет терминдерін тұрмыс тілінде пайдалану ыңғайлы және жеңіл деп болжам жасай аламыз.

Жаңа ғасыр мен оның жаңа талаптары қарым-қатынаста жаңа тілдік байланыстардың тууын қажет деп санайды немесе ол ескіден жаңа түрге түрленуді қолдайды. Бұл өзгерістер тілдің жаңа формаларын қалыптастыра отырып, интернет қарым-қатынасының ғана емес, сондай-ақ күнделікті тұрмыстың тілдік құрылымын өзгертуге әкеліп соғатыны белгілі.

Интернет ортасындағы желі терминдерінің күн сайын толығып отыруы интернет тілінің өз алдында дамып келе жатқанынан хабар береді. Желі тіліндегі осындай өзгерістер тілдік қорды толықтырып, оның компоненттерін жетілдіріп, тілге жаңа өзгерістер әкелуімен бүгінде құнды. Жаһандану дәуірінде «интернет тілі» атты жаңа тілдік жазу стилінің қалыптасуы тіл тарихында үлкен жаңалық болып таңбаланып қала бермек.

Резюме. Это статья об использовании интернет терминов в повседневной жизни. В содержании этой статьи мы узнаем, какие чаще всего слова (термины) используются. Рассмотрим некоторые чаты, доказывающие использование этих терминов, а так же несколько опросов по данной теме. Живя в век интернета, мы не можем уследить за новыми интернет – терминами, которых с каждым днем появляется все больше и больше, поэтому, призыв этой статьи – развиваться, развиваться как можно больше в этом направлении, быть информированным и образованным. Тема этой статьи больше раскрывается с молодежной стороны, т.к. именно они чаще всего используют интернет – термины.

Summary. This article is about the use of Internet terms in everyday life. In the contents of this article we will find out which words (terms) are most often used. Consider some chats proving the use of these terms, as well as several polls on this topic. Living in the age of the Internet, we cannot keep track of new Internet terms, which are appearing more and more every day, therefore, the appeal of this article is to develop, develop as much as possible in this direction, be informed and educated. The topic of this article is revealed more from the youth side, since it is they who most often use Internet terms.

Әдебиеттер

1. Crystal D. Language and the Internet. – Cambridge, 2004. – P. 272.
2. Walt H. Glossary of internet terms. – 2012. – P. 592.
3. Miri Интернетте кеңінен қолданылатын термин сөздер. «www.paidaly.blogspot.com»
4. Сатыбалды А. Чаттардағы сәнді тіл. «www.kerek-info.kz»



А. Саулебаева

«Әлемдік экономика» мамандығының I курс студенті

Ғылыми жетекшісі: Ш.Б. Сағатова, ф.ғ.к.

ҚазЭҚХСУ

СӨЙЛЕУ МӘДЕНИЕТІ: НОРМАЛАР МЕН ЕРЕЖЕЛЕР

Аңдатпа. Күнделікті өмірде біз «сөйлеу этикеті» туралы жиі ойлана бермейміз. Әдетте, адам өзі ойлаған немесе қажет деп санайтындай сөйлейді. Кейбір жағдайларда, мысалы, жақындарыңыздан айырылғанда, біз этика белгісі екенін білмей, клишені пайдаланып, отбасына көңіл айтуға тырысамыз. Бірақ барлық тіркестер баяғыда ойластырылған және жазылған. Кейбір адамдарға мінез-құлық этикеті мен сөйлеу этикеті бала кезінен беріліп келеді. Кейбіреулер мұны өзін-өзі тәрбиелеу және тұлғалық өсу процесінде үйренеді

«Сөйлеу этикеті» түсінігі «қатынас мәдениеті» түсінігімен тығыз байланысты. «Қатынас» феномені психология, философия, лингвистика, семиотика, педагогика, этика, эстетика және т.б. көптеген ғылымдардың негізінде дамып келеді. «Қатынас» феномені ХХ ғасырдың 60-шы жылдарынан бастап әлеуметтік-психологиялық теория деңгейіндегі барлық формадағы адамдардың психологиялық өзара әрекеттері ретінде зерттеле бастады. Қазіргі уақытта қатынас психология-

сының қарқынды дамуына байланысты қатынас – адамның өзара қарым-қатынасының ерекше түрі ретінде анықталады. «Қатынас мәдениеті – көптеген қызметтер: педагогикалық, публицистикалық және т.б. саласындағы кәсіби құзырет белгісі болып табылады» [1; 106].

Қатынас мәдениеті адамдардың мыңдаған жылдар бойы қалыптастырған белгілі бір ережелері мен нормаларын сақтауға негізделген. Орта ғасырдан бастап адамдар арасындағы қатынастардың ережелері мен нормалары, соның ішінде «қоғамдағы адам әдептерінің әлеуметтік жинақталған нормалары» – этикет те жүйелене бастаған болатын [1; 270]. Этикет деп адамның рухани мәдениетімен, оның басқа адамдарға (айналасындағылармен тіл табысуы) және этикеттік маңызы бар заттарға (киімі, шаш үлгісі және т.б.) деген қатынасы айтылады. Адамдардың сөйлеу қатынасы тілдік әдептер деп аталуы қабылданған әдептің маңызды бөлігін құрайды. Н.И. Формановская және де басқа зерттеушілер «сөйлеу этикеті» түсінігін қалыптастырған болатын.

Сөйлеу этикеті – бұл әлеуметтік берілген және коммуниканттардың байланыстарын анықтау, қолдау мен аяқтау жағдаяттарындағы сөйлеу әдебін ресми және бейресми қатынас жағдайындағы олардың әлеуметтік жағдайлары мен рөлдеріне, рөлдік және тұлғалық қатынастарына сәйкес арнайы ұлттық реттеуші ереже [1; 12]. Сөйлеу этикеті коммуникативтік лингвистиканың, прагматикалық лингвистиканың және де функционалдық стилистика, риторика, мәтін лингвистикасы, психолингвистика, когнитивтік лингвистика, әлеуметтік лингвистика, этнолингвистика мен паралингвистика сияқты бірқатар ғылыми бағыттардың да зерттеу нысаны болып табылады.

Қазіргі кездегі зерттеулер бізге сөйлеу этикетінің сипаттамалық негізгі ұстанымдарын айтуға мүмкіндік беріп отыр.

Сөйлеу этикеті – қандай да бір қоғамда қабылданған адамдар айналасында және тиісті мәндермен жүзеге асырылатын сөйлеу әдебінің ережесі. Сөйлеу этикеті – бұл «қатынасты негіздейтін: тілдік, ұлттық, этникалық сияқты көптеген факторлардың түйісіп келетін, адамдар арасындағы қатынас саласы» [2]. Бір-біріне қарама-қарсы қойылған қандай да бір узустағы тыйым салу мен рұқсат ету, сөзсіз, осы қайшылықтардың мәдени құндылықтары тұрғысынан ғана беріледі. Жағдаятқа сәйкес емес сөйлеу этикеті формаларын қолдану қатынастың микроклиматының бұзылуына әкеліп соғады. Сөйлеу этикеті кез келген ұлттық мәдениеттің маңызды элементі де болып саналады. Оның мәдениетке екі жақты қатысы бар: 1) ол – қатынас, сөйлеу әдебі мәдениетінің элементі; 2) ол – тіл элементі, ал тіл болса – мәдениеттің туындауы мен өнімі, оның құралы мен оның сақтаушысы [1; 54]. Ұлттық мәдениет ерекшеліктері сыртқы белгілерде (мысалы, сәулет немесе киімі) ғана емес, сөйлеу әдебінің формаларында да көрініс береді. Мысалы, гректер: «Қуана бер!» деп амандасса, қытайлықтар ішінде ең алдымен: «Тамақ іштің бе?» сұрағынан басталады, ағылшындықтар: «Бүгін ауа райы жақсы ма?» сұрағынан бастаса, қазақта амандасу: «Мал-жан аман ба? Үй-ішің аман ба?» сияқты сұрақтармен басталып жатады. Этнографиялық коммуникация мен басқа да ғылыми бағыттар сөйлеу әдебінің ұлттық-мәдени ерекшеліктеріне сүйенеді.

Сөйлеу этикеті – тарихи «әлеуметтік мұраға қалады».

Ауызекі қатысым, немесе тілдік қатынас, адамдардың қоғамдағы әдебін қалыптастыратын маңызды үрдіс болса, тіл олардың объективті дүниетанымының деңгейін көрсетеді. Осы тұста Л.П. Якубинский сипаттаған әңгіме тақырыбына қатысты, тұрмысқа байланысты, әдеттегі қатысым жағдаяттарында жиі қайталанатын типтік фразалар біздің жадымызда дайын тұрады. Мәселен, Мейрамыңыз құтты болсын! – Рахмет; Нәрестенің бауы берік болсын! – Айтқаныңыз келсін. Жалпы типтік фразалар стереотиптердің нақты тобын, тұрақты сөйлеу формулаларын құрай отырып, адамдар арасындағы қарым-қатынастың орнауына қызмет етеді. Коммуниканттар осы формулалардың көмегімен ынтымақтастықтың белгілі ережелеріне сүйенетін жоғары мәдени деңгейлі, сәтті қатысым қалыптастырады. Бұл тұрақты формулалар сөйлеу этикеті бірліктерінің микрожүйесін құрайды.

Бата-тілек сөздері сөйлесу этикеті ретінде жүріп, белгілі бір жағдайға байланысты шартты мағынаға ие болады. Олардың мағыналық тараулары сәлемдесу, қоштасу, құттықтау, алғыс білдіру сияқты адамдардың әр түрлі жағдайларында кездеседі. Семантикасынан бағалауыштық мән байқалады.

Мысалы: кездесу кезінде айтылатын тілектер: қайырлы таң, қайырлы күн, қайырлы кеш;

қоштасу кезінде: жолың болсын, кездескенше күн жақсы болсын т.б. Құттықтау тілектері: аспаның ашық болсын, денің сау болсын т.б. Ал тілек-баталарды қолдануда сөйлесімге қатысатын тек айтушы, ол берілген тілегі арқылы өз мақсатының жүзеге асуын көздейді. Тілектер болған оқиғаға байланысты, қарым-қатынас түріне қарай, жасына, жынысына қарамай үлкен де, кішіге де беріледі. Сондықтан эмоциялық пен бағалаушылық қызмет диалог арқылы емес, монолог арқылы жүзеге асады. Осы орайда тілек-батаның әсер туғызушы қызметі де бүтіндей мәтін ретінде прагматикалық аспектіні құрастырады. Мысалы:

Е, құдайым ондасын,
Қыдыр келіп қолдасын.
Бас аман, мал түгел болып,
Береке, бірлік орнасын!

Алғыстарды, немесе баталарды, естігенде, олар жағымды сезімнің әсерінен туындағанын аңғарамыз. Тілек білдіру кезінде ішкі эмоция арқылы дауыс ырғағы реттеледі. «Баталардың прагматикалық бағыты риза болу, сүйіну, көңіл білдіру, ықылас таныту, қуану сияқты көңіл-күйлермен ұштасып жатса, қарғыстарда табалау, сөгіс білдіру, жақтырмау, мұқату сезімдері қабат келіп жатады. Мұндай эмоцияға толы сөздердің адам психикасына әсері мол» [3; 85].

Тілек-бата туралы С. Негимов «Ақ бата» (1992), М. Еламжанов «Баталар» (1998), Қ. Ысқақов «Ақ бата» (2000), Н. Уәлиұлы «Бата-тілектер» (2003) өз еңбектерінде талдап айтқан. З.Б. Үмбеталина, Г. Смағұлова, С. Төлекова, С. Кенжеахметұлы, Н. Әсерұлы және т.б. этнограф-ғалымдар еңбектерінде бата мен қарғыс мәнді сөздердің топталуы туралы ой қорытқан болатын. Қазақ қауымында өмір сүрген би-шешендердің философиялық ой туғызатын бата, тілектерінің атқаратын қызметі зор. Әр әлеуметтік топтың өз тілі болады дейтін әлеуметтік лингвистикалық қағидаға сүйенетін болсақ, шешендік тіл – зиялы қауымның даналар тілі. Бата адам санасына айрықша формасымен әсер етеді, әрі оның негізгі мағынасы ойлау нәтижесінде аңғарылады [3; 41].

Тілек-бата сөздері ауызша сөйлеу үлгілеріне жатады, бата беруде эмоция мен сезім қатар жүреді. Сондықтан да бата беру кезеңіндегі психологиялық жағдайды ғалым А.Ж. Машимбаева бірнеше топқа бөліп қарастырған. «Олар:

а) бата беруге дайындық. Мұнда батагөй жалпы ортамен ықпал күшін арттыру үшін коммуникативтік қатынасқа түседі, бата берушінің ең алдымен ойлау қабілетінің жылдамдығы жоғары болу қажет;

ә) сөйлесімді қалыптастыру. Бата беру үшін әр түрлі әдіспен қатесіз, дәл мағынада, анық етіп, керекті батаға тән тіркестерді қолдану қажет;

б) батаның тұтастықта сыртқа шығуы. Сөздің дыбыстық жағынан анық болып, интонация бірліктері арқылы ойлаудың сөйлеуге айналуы, бата беру сәтіндегі ортаны ұйытуы немесе эмоцияға берілуі;

в) батаның қабылдануы;

г) түсінісу. Бұл жағдай батагөйде вербалды, бата алушыда бейвербалды көрініс табады. Негізгі мақсаты – бата алушының ойына кей жағдайда әсер етуі» [3; 81].

Тілдік норма – тіл мәдениетінің қарастыратын мәселесі. «Сөйлеу мәдениетіне жетілу, тілді тиімді пайдалана білу талабы арғы көне замандардың өзінде болған. Адам баласы өзінің өмірлік серігі, бүкіл тіршілігінің құралы, рухани айнасы – тіліне, оның тағдырына бейтарап қарамаған, оны қызғыштай қорып, мәпелеген. Қоғамның мәдени дәрежесін көтеру бағытындағы әрбір қадам алдымен тіл мәдениетін, жазу өнерін дұрыс жолға қою, жетілдіру талабынан бастап отырған» [10; 118]. Тіл мәдениеті тілдік норманың 3 түрін қамтиды, олар: тілдік норма (лексикалық, сөзжасамдық, грамматикалық, дыбыстану нормасы); этика – сөз нормалары (сөйлеу этикасының ережелері); коммуникативті норма (сөйлеу қарым-қатынастың тиімділік қағидалары).

Тіл мәдениеті сөзді дұрыс, тәртібімен ғана пайдалану болып саналмайды, тіл мәдениеті эстетикалық бағдарды қамтамасыз етеді. Ол өзінің ең жоғары деңгейінде стилистикамен түйіседі, оның мәселелеріне игі ықпал етіп, стилистикалық норманың қалыптасуына толық мүмкіндік жасап береді.

Тіл нормасы белгілі жүйелілік пен бірізділікке бағынады. Әр халықта бір-біріне ортақ болып

келетін лексикалық мағынасымен бірге сыпайылық мағына білдіретін сөздер көп екенін байқауға болады.

Коммуникативтік тұлғалардың сөйлеуі тек жасына ғана емес, алған білім деңгейіне, өскен ортасына, қызметі мен кәсібіне, бір сөзбен айтқанда, әлеуметтік мәртебесіне байланысты болып келеді. Әдетте коммуникативтік тұлғаның жүріс-тұрысы, әлеуметтік әдебі сол ортада қалыптасқан нормаға сай болады. Сол нормаға сай тілдік қатынас жасайды. Алайда сол қоғамда қалыптасқан нормадан, ұстанымдардан ауытқыса, қатынас бұзылады. Сондықтан әрбір сөйлеуші сөйлеу барысында барынша сыпайылық сақтап, бірлестік, ынтымақтастық ұстанымын орынды қолдануға әрекеттенеді. Сондықтан, тілде бар айла-тәсілдерді, тактикаларды ұтымды қолдану арқасында сәтсіз коммуникативтік жағдаятты болдыртпауға тырысу керек.

Әдебиеттер

1. Формановская Н.И. Речевой этикет и культура общения. – М.: Высш. шк., 2002. – 456 с.
2. Ключев Е.В. Речевая коммуникация. – М.: Рипол Классик, 2002.
3. Машимбаева А.Ж. Тілек-бата сөздерінің суггестиясы мен прагматикасы. – Алматы: Арда, 2009. – 124 б.
4. Балақаев М., Серғалиев М. Қазақ тілінің мәдениеті. – Алматы: Зият-Пресс, 2004. – 114 б.



А. Сәден, «Туризм» мамандығының I курс студенті
Ғылыми жетекшісі: С.А. Рахимбекова, ф.ғ.к., аға оқытушы
ҚазЭҚХСУ

ҒАРИФOLЛА ЕСІМНІҢ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІҢ КӨРКЕМДІК СИПАТЫ

Аңдатпа. Берілген мақалада қаламгер Ғ. Есімнің шығармаларында қолданылған мақал-мәтелдер жиынтығы жан-жақты қарастырылады. Жазушының мақал-мәтелдерді қолдану жолы мен амал-тәсілдерімен қатар кейіпкер образын сомдау ерекшелігі де көрсетілген. Жазушының шығармаларында қолданылған көркемдік тәсілдерді кеңінен зерттелінген. Мақалада мақал-мәтелдердің көркемдік жағы тарихи оқиғалармен үйлесімді көрсетілген.

Халқымыз тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін мақал-мәтелдерді қолдану арқылы өз ойын нақтылаған. Сөздің шырайын, мәнін, мағынасын осы мақал-мәтел арқылы келтіреді. Екі елі ауыздан шыққан сөздің тыңдар құлаққа жағымды, түйер санаға сіңімді болуы сөйлемдегі мақал-мәтелдің қолданылуына байланысты. Қазақ халқымыз мақал-мәтелге өте бай халық. Қалың жұртты аузы дуалы шешендер мен билер мақал-мәтел арқылы өзіне бұрып, назарын аудартып, ойларын толықтай жеткізе білген. Мақал-мәтел жайында А. Байтұрсынұлы: «Мақал да тақпаққа жақын салт-санасына сәйкес айтылған пікірлер. Тақпақтан гөрі мақал маңызы шын келеді. Мәтел дегеніміз кесегімен айтылатын белгілі-белгілі сөздер. Мәтел мақалға жақын болады. Бірақ мақал тәжірибеден шыққан ақиқат түрінде айтылады. Мәтел ақиқат жағын қарамай, әдетті сөз есебінде айтылады» [1; 112] – деп қалам тартқан. Ия, байқап отырғанмыздай мақал өмірден алған сабақтардан туатын шындық. Сол себепті мақалды өмір көрінісінің шындығын айқындауға көмектесетін бірден-бір құрал деп ашық айта аламыз. Осы сөз маржаны мақал мен мәтелдің қаламгер Ғарифолла Есімнің «Ақ өлең-аққулы мекен» шығармасында қаншалықты көрініс беретініне зер салсақ.

Қазақ халқымыз хандықтың іргесін салар кезде ойлағаны, мұраты керегі кең, басқа елдермен терезісі тең, халқы бақыт пен молшылыққа кенелген қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заманда өмір сүру еді. Амал нешік еліміз сол кезге жету үшін тарихтан көрген сынағы мен азабы мол болды. Соның бірі асыр салып ат үстінде шапқылап өскен ата-қоныс мекенінді тартып алу

мақсатында жауларының емін-еркін кең жазық мекенінде оңды-солды өтіп дандайсуы. Осы жайында шығармада «Сарыжағалылар» Қиық мекенін атауын «Лебяжье» деп өзгертуіне кейіпкер Сапаның сөзі арқылы халықтың ойын жеткізеді.

«Федор-тамыр, баяғыда атамыз қолдан дәрмен кеткенде, құл ақылшы болады дейтін. Бізде сөз айтар не билік қалды. Өзің жақсы білесің, Кереку қаласынан Жетішатырға дейін Ертіс өзенін бойлап туыстарың қоныс етіп, қызығын көріп отыр, біз қырдамыз. Мен саған қонақ болып келіп отырмын, оның өзінде де рұқсатпен» [2; 9]. Орны тауып айтылса, мақал сөздің мәнін күшейтіп, айтылатын ойға ажар береді. «Сөздің көркі – мақал» деген тегін айтылмаған. Мінекей осы жерде «Қолдан дәрмен кеткенде, құл ақылшы болады» деген мақалдың қолданыс тапқаны мәтінге ерекше көрініс беріп тұр. Әр кез үйдің иесі өз үйінде хан, өз үйінде басшы. Сол секілді, қазыналы, ұшы-қиыры кең жеріміздің басшысы да, биі де, төресі де өзіміздің қазақ халқымыз болуы тиіс еді. Алайда отарлаушы елге төтеп бере аларлық күші жоқ дәрменсіз халқымыздың басына әңгір таяқтың ойнар кезі енді келді. Қолдан дәрмен кеткенде, құл ақылшы боладының кері дәл осы кезде анық келді. Ең басында жылы шырай танытып, момын халқымыздың сеніміне кіріп ұрты майланып күшейгеннің үстіне күшейе түскен «сарыжағалылар» ата-бабадан қалған қасиетті мұра жер-анамыздың атауын өзгертуі ел болып өркендейміз деген сенімге нағыз соққы болды. Алайда, билігінен айырылған халқымыз елге төрелігін жүргізуден қалды, осы кезді өз пайдасына шешкен отарлаушылар өзге елде өзінің құдайын көрсете бастады. Ғарифолла Есім осы мақалды кейіпкер Сапаның сөзі қыла отырып бірталай терең ойды, ащы шындықты, сол кездегі барша халқымыздың ойында жүрген шерді қысқа да нұсқа қылып қалың оқырманға шебер жеткізе білді. Осы жерге тек осы мақалды қолдану арқылы шығарманы айшықтап көркемдеп тұр.

Келесі тағы бір мақал – «Жел тұрмаса шөптің басы қимылдамайды». Қазақ халқымыздың көп қолданып, мән-жайдың жай жапсарын ашуға, ақ-қарасын нақтылауға үндейтін ешбір нәрсенің себепсіз болмайтынын көрсететін мақалы. Шығармада бұл мақал былайша көрініс береді:

«Маскүнем Бекет бір орыс матушкасына үйленіпті, мойнында кресі бар екен деген сөз де шығып қалған. Жел болмаса шөптің басы қимылдамайды. Кейінгі кездері Қиықтағы орыс мұжықтарының тірліктері Сапа көңілінен шықпай жүр. Басында иілгендері жаңа жерге үйренгенше жасалған әдет болып, жүре-жүре өз мінездерін көрсете бастады» [2; 11].

Осы мақал хақында ф.ғ.д, профессор, Қазақстан ҒА-академигі Ісет Кеңесбаев ««Жел тұрмаса шөптің басы қимылдамайды»: Естіген өсегіне сонда-ақ сенген. Бұл мақал тура мағынасында шындық болмыстағы ақиқатты айтып тұрғанымен, мәнмәтіндегі, қолданыстағы мағынасы өсек-аяңның, дақпырттың негізсіз еместігін меңзейді» [3; 76] – деп осы мақалдың болмысын анық ашып көрсеткен. Жазушы Ғарифолла Есімде мақалды мергеннің оғындай дәл орнықты пайдаланып, отарлаушылардың көздерін шел басып, көкірегіне нан пісіп келе жатқаны жайындағы өсек-аяңның негізсіз еместігін осы мақалды пайдалану арқылы жеткізеді. Халқымыз әрқашанда Құдайдан жәрдем сұрап, оның қаһарына ілігіп қалудан қорқып таза жолды ұстанумен келген. Жүзі жылыдан түңілме деп ата-бабамыз ұрпағына мейірімді адамның жүзі жарық, айналасына нұр шашып, тұма-туыстарын қуанышқа бөлеп жүреді деп кеңес берген. Дана бабамыз тек құдайдан қорықпағаннан қорық деп сиынары, табынары, сенер қасиеті жоқ адамның қолынан келмес зұлымдығы жоқ екенін ескертіп, ондай адамнан алшақ жүруге кеңес берген. Осы мақал шығармада мынадай тұста көрініс береді:

«Етек-жеңі мол қазақ малшылары малдарын еркін жая беруші еді, енді ол әдеттерінен айырылып, орыс мұжықтарына тиесілі деген жерден аулақ жүруге тура келді. «Құдайдан қорықпағаннан қорық» дегеннің көкесі енді келді. Ойындары солай ма, әлде қазақтарға көрсеткен қырларыма, орыстың жас жігіттері рет-ретсіз мылтық атуды әдетке айналдырып алды. Пәлесінен аулақ деп, момын шаруалар малдарын Қиық маңынан қашық ұстап бірте-бірте малыбай көліне қарай ығыса берді» [2; 11].

Осындай кесірі мол жандардан алшақ жүруге реті келсе жолықпауға, бар ынта шынтысымен қорғануға үндеу салатын мәтелдердің бірі «Сақтансаң, сақтаймын». Осы мәтел шығармада көрініс береді. Шығармадан алынған үзіндіге зер салсақ:

«Отырғандарға Темірғалының аузынан шыққан әр сөзі қымбат:

Сендерге айтарым, шарушылықтарыңды божыратып алмай, бекем болыңдар. Алда не боларын білуші бір Алла. Жаратушымыз «сақтансаң, сақтаймын» дегенін білесіңдер. Менің анық білерім және сүйенерім, ата-баба жолы, діні, ғұрпы» [2; 12].

Үмітсіз шайтан деген нақылды бойына сіңіріп өскен халқымыз әр кез болашақтан тек жақсылықтың боларынан үміт ететін. Сондықтан Алладан еқашан күдерін үзбей «сақтансаң сақтаймын» деген мәтелді берік ұстанған. Халқымыз болар жайттың алдын алуға тырысып, бәріне дайын болуға тырысқан. Соның бірден бір дәлелі «Сақтансаң сақтаймын» мәтелі. Алда қандай күн туары тек жаратушыға ғана белгілі, ал, адамның осындайда істейтін ісі тек сақтану, яғни болашақтағы сынақтың небір түрлерінен өтуге дайын болу. Хакім Абайдың осы мәтелді талдауына көз салар болсақ: «Сақтансаң, сақтаймын» мәтелінің мәні – өмір қауіптерінен құтылу ғана емес, «тумақ барда, өлмектің де барлығы», «қаперсіз қалма, ақіретке қамың болсынға» саяды. Мінекей, байқап отырғанымыздай «сақтансаң, сақтаймын» мәтелінің мағынасы өте кең. Адам баласы екі дүниедеде сақтануы тиіс, өзіне ауыртпалық түсіп, өз-өзіне зиянын тигізбеу үшін өзіне кесірі тиетін іс-әрекеттер жасамауға тырысу керек.

Осындай басынан өткен ауырда азапты, ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама қасіретінен де асып өткен зұлматтардан қазақ халқымыз берікте, сарқылмас сабырының арқасында аман қалды. Шығармаға зер салсақ. «Темірғалы жолға аттанарда сапаға:

– Сапеке, не болса да өзің абыржып, елді алаңдатпа, сабырлы бол. «Сабыр түбі – сары алтын» деп аталарымыз тегін айтпаған. Желмен келіп, желмен кететін жағдайлар болады, сол желге алаңдасақ, өзіміз желмен кетіп қаламыз. Тағы айтарым, сабыр керек, өз елімізде ғой, – деп кетіп бара жатып, қайта оралып;

– Сапа, сабыр дегенім Бәйтерек, сабырсыздық желқанбақ. Қанбақ тағдыры-желде, Бәйтерек тағдыры елде, осы есінде болсын, – деп Шегіренге аттанып кетті» [2; 13].

Ғарифолла Есім осы мақалдарды қолдану арқылы сөйлемді тәтті қылумен қатар, қазақ халқының тәрбиеден, мәдениеттен ада болмағандығын дәлелдеп отыр.

Қазақ халқымыз барлық заттың өз сұрауы болатынын ертеден түсінген. Ол мақал-мәтел қолданыстарында кездеседі. Осы жайында автор:

«Сапаға киелі су деген ұнады. Сусыз ғұмыр жоқ. Қазақ неге судың да сұрауы бар деді екен. Сулы жер – нулы жер. Малыбай көлінің оңтүстік беті қысы-жазы жайылым» [2; 22] деп бейнелейді. Автор осы тұста мақалды риторикалық сауал қою арқылы оқырманға ұсынады. Яғни, бұл сұрақтың жауабы авторға бесенеден белгілі. Автор «сулы жер – нулы жер» деп келесі сөйлемде жазу арқылы су бар жерде өмір мен өркендеу, өсу, өну бар деп жазушылық шеберлікке сай өз сауалына өзі жауап береді. Жыл өткен сайын осы мақалдың құны тура мағынасында да, ауыспалы мағынасында да арта түседі. Барлық нәрсенің өз сұрауы болады асқан мейірімділік пен асқан қатыгездіктің, надандық пен білімділіктің, шынайылық пен жасандылықтың өз сұрауы болады. Автор дәл осы мақалды қолдану арқылы адамның жасаған істері жауапсыз қалмайтынын ескерткендей.

Қаламгердің мақал-мәтел қолданысы бір терең ойды айшықтай түседі. Ол романда мақалды орынды қолдану арқылы оқырманға ой салып қана қоймай рухани азық береді.

Резюме. В данной статье рассматривается использование пословиц и поговорок в произведениях известного писателя Г. Есима. Также, в статье дан анализ использованию пословиц как способа создания образа героев художественных произведений. Есть последовательный анализ разбора творческих приемов писателя. В статье показана связь пословиц и поговорок с историческими событиями.

Summary. In this art. the collection of proverbs in the compositions of G. Esim, the famous writer is considered. It is shown the ways of using proverbs and approaches. the peculiarities of giving the image of characters. The esthetic approaches which are used in the composition of writer are researched. The esthetic sides of proverb are harmonized with the historical events in this article.

Әдебиеттер

1. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
2. Ақ өлең-аққулы мекен. Роман эссе. Қазақ және орыс тілдерінде. – Алматы: Атамұра, 2012. – 224 б.
3. Кеңесбаев І. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. – Алматы: «Ғылым», 1977. – 712 б.

*D.K. Tussipova, 2nd y. student
of the specialty «World Economics»
Scientific supervisor: A.K. Mussagozhina
KazUEFIT*

EFFECTS OF WATCHING MOVIES ON LEARNING ENGLISH LANGUAGE

Annotation. This article deals with the problem of learning English, recommends the method of teaching language through movies, and also conducted an experimental review of the series for the average level among first-year students. The availability to learn English through watching movies was revealed and justified. On the basis of the research conducted by the author, the list of movies and TV shows by level of knowledge of the language, sites for viewing films with subtitles and learning techniques are recommended.

Keywords: movies, TV series, films, common language, listening comprehension, accent, pronunciation.

We all know that English is one of the most common languages in the world. Out of the world's approximately 7.6 billion inhabitants, 1.5 billion speak English – that's almost 20% of the Earth's population. However, most of those people aren't native English speakers. About 410 million people speak English as their first language. This is approximately 5.4% of the population of our planet. In addition to being widely spoken, English is by far the most commonly studied foreign language as the language of professional communication. This is not only someone's subjective desire, it is a condition for working in a global world. But what advantages knowledge of English can offer for young people? The point is not just in the proposed position at work. Knowledge of English broadens your horizons, you can easily travel, because there won't be any problems in communication with foreigners. We could go on and on with the list of advantages in knowing English, but what stops people from learning this language. The thing is that either this is not interesting or there are difficulties in studying.

There is one very interesting and effective method that will certainly help in that case. Perhaps you think that TV shows and movies are just meaningless entertainment, a waste of time. And that's not surprising, because the highest rate of attention paid to electronic devices has Indonesia an average of 132 minutes in front of TVs, 117 minutes in front of computers, in phones for 181 minutes every day. However, such a pastime can also bring a lot of good things into your life. The benefit of watching TV shows and movies in the original is obvious. Let's figure out how to watch TV shows (serials) and movies "rationally."

Learning English from movies and TV shows is probably one of the easiest and most accessible ways to improve your level of English. Because that way we improve the auditory perception of English speech and develop our pronunciation. Also there are next benefits of learning English by TV serials/movies: the ability to recognize and understand different accents; learning new words, which means vocabulary increasing; improving of pronunciation; learning some sort of slang words, lots of idioms and finally it's useful and interesting at the same time. It is suitable for all ages, because it is never too late to learn.

Here are three reasons I believe it works, and why I recommend learning the language this way:

- You'll get to learn real English... not textbook English. The English you learn through textbooks or in ESL class is not what you'll hear people say on the street. For example, in beginner English classes, you might have learned how to say "nice weather we're having" or "it's raining cats and dogs." While these phrases are technically correct, we almost never say these in real life.

In contrast, the English spoken in movies is very natural. It's also very close to what you'll hear if you speak with native English speakers too. This will help improve your spoken English.

- You learn English words in context. This is one of my favorite aspects of watching movies. Let's say that you like watching crime films (these are great!). After watching 10 or 20 movies, you'll start to learn vocabulary related to the context, or subject, of crime.

Usually, when we learn words traditionally (e.g. in school), we study things like vocabulary lists. The problem with learning new words with vocabulary lists is that you can learn what words mean, but not where and how they are used.

For example, let's say you learn the new word "detective." From the dictionary, you'll know what

that it means “a person who investigates crimes”. But unless you use it, it can be easy to forget. It also doesn't give you an idea where the word is used most frequently, and how it is used.

On the other hand, if you learn the word “detective” through watching crime films, you'll know “detective” can mean many things. For example, it can be a title in front of a person (e.g. “Detective Beckett”). Or maybe it's the noun referring to the job (e.g. he's a detective). And maybe you'll even hear things that will let you form opinions about the word (e.g. “you lousy detectives”).

This way, you won't only learn what each word means, you will also know how it's used.

• You hear how things are said. In English, people often say that only 7% of our communication is expressed through our words. So what about the other 93%?

Well, it's all about how you say it. You know, things like your body language, your expressions (like a smile, a frown) and your tone of voice (like when you sound angry, or when you sound sad). As you can guess, the how is often more important than the what to English people.

Let me give you an example.

I'm sure that one of the first phrases you wanted to learn in English was “I love you.” But did you imagine that depending how you say it out loud, it can be very different?

1. “I love you” – You might hear this after two people (especially lovers) fight! One person may be trying to say to the other person “I really love you... why don't you believe me!?”

2. “I love you” – A person might really want to say “I love you (and not anyone else... don't worry!)”

3. “I... LOVE... YOU” – This might be a person saying “I love you” in a very loud voice... while trying to really confess their love!

4. “I LOVE YOU!!” – The person might be saying “I love you”... while they're really angry!

If you hear these phrases out loud, they will make perfect sense to you!

Through observing actors in films, not only will you be able to learn new words, you will be able to understand how they are said. The characters might be sad, happy, surprised or angry. And you'll understand this immediately.

I would like to talk about learning English by watching movies on how to do it right, and share tools.

Also movies – are useful:

1. They cheer up;
2. We adopt the features of our favorite characters;
3. They help in times of crisis;
4. You can take inspiration from films and TV shows;
5. Compassion and positive thinking develop;
6. Erudition rises;
7. Movies can be viewed from a professional point of view.

And the last one is our way to combine business with pleasure.

Language learning tips:

- Start with simple movies/TV shows;
- It is advisable to work with those movies/TV shows that you have already seen;
- Watch with English subtitles;
- As soon as you start listening to English, go to view without subtitles;
- Always go back and revise fragments that are incomprehensible;
- Write down new words, idioms, expressions and teach them;
- If necessary, repeat the replicas of the characters.

An experimental review of the movie “The Mask” (1994) was conducted among students whose level of knowledge of English is different. To begin with, the group 1 was shown the series without subtitles. Of the 10 students only 4 understood what the series was all about. After this the same series was shown already with subtitles for group 2 and in this case, 8 out of 10 understood the meaning. From this we can conclude that viewing with subtitles is much more convenient than without them. Also, a survey was conducted whether this method of learning a language by students liked and whether it was useful. According to the results, 75% were satisfied.

Summing up, of course, besides watching movies, there must be engaged (at least independently),

simultaneously pulling up verbal and written speech. there will be no progress if you do not learn words at the same time, do not make out sentences, idioms, etc. But after watching serials, you're really going to like learning English, and writing an essay or make up monologues will be a joy – checked!

Түйін. Бұл мақалада ағылшын тілін үйрену мәселесі қарастырылған, телехикаяларды көру арқылы шет тілдік дағдыларды дамыту әдісі ұсынылады, сондай-ақ бірінші курс студенттерінің арасында орташа деңгейге арналған телехикая бойынша эксперименттік шолу жүргізілді. Телевизиялық шоуларды көру барысында ағылшын тілін үйрену мүмкіндіктері анықталып, дәлелденді. Автордың жүргізген зерттеуіне сәйкес, тілдік деңгейі бойынша реттелген телевизиялық шоудың тізімі, субтитрлермен келген телехикаялар және телешоуларды көруге арналған оқыту әдістері бар сайттар ұсынылады.

Түйінді сөздер: фильмдер, телехикаялар, жалпы тіл, тыңдап-түсіну, екпін, айтылым.

Резюме. В данной статье рассматривается проблема изучения английского языка, рекомендуется методика изучения языка через фильмы, а также проведен экспериментальный обзор сериалов для среднего уровня среди первокурсников. Выявлена и обоснована возможность изучения английского языка при просмотре сериалов. На основе исследования, проведенного автором, рекомендуется список фильмов и сериалов по уровню владения языком, сайты для просмотра сериалов с субтитрами и методики обучения.

Ключевые слова: фильмы, сериалы, распространенный язык, восприятие на слух, акцент, произношение.

References

1. Babble Magazine, “How Many People Speak English, And Where Is It Spoken?” by Dylan Lyons, 2017.
2. List of episodes of the television series “Friends” in Wikipedia.
3. “Dragonstone” episodes scripts from serial “Game of thrones”.
4. Statistics of how much time people spend on the Internet, computers, TV etc. URL: <https://trashbox.ru/topics/59316/skolko-v-srednem-vremeni-tratyat-zhiteli-raznyh-stran-glyadya-v-televizor>



*Д.М. Хамидуллина, «Есеп және аудит»
мамандығының I курс студенті*

*Ғылыми жетекшісі: Е.А. Юнисов, аға оқытушы
ҚазӘҚХСУ*

LEARNING ENGLISH WITH THE HELP OF INTERNET RESOURCES

Annotation. Current methods of learning English is considered in this given article. Particular attention is paid to the use of modern information tools to learn a foreign language. The author recommends the use of modern information tools, as the development of information technologies make our own adjustments: instead of attending regular courses in a traditional way, we can learn English without leaving home.

One of the most revolutionary achievements in recent decades, which significantly influenced the educational process around the world, was the creation of a worldwide computer network, called the Internet. The use of cyberspace in the classroom is a completely new direction

R. Williams and K. Mcleay in their article “Computers in school” write: “There is one feature of the computer that is revealed when you use it as a device for teaching others, and as an assistant in the acquisition of knowledge, it is its inanimate. The machine can “friendly” communicate with the user and at some moments “support” him, but it will never show signs of irritability and will not let you feel that it has become bored. In this sense, the use of computers is perhaps most useful in individualizing certain aspects of teaching”.

The primary importance is given to understanding, transmitting content and expressing meaning,

which motivates the study of the structure and vocabulary of a foreign language that serve this purpose. Thus, students' attention is focused on the use of forms rather than on themselves, and grammar is taught indirectly, in direct communication, excluding the pure study of grammatical rules.

The computer is loyal to a variety of student responses: it does not accompany the work of students with praise or blame comments, which develops their independence and creates a favorable socio-psychological atmosphere in the classroom, giving them self-confidence, which is an important factor for the development of their personality.

For the most successful orientation in the global information space, it is necessary for students to master information culture, as well as computer-screen culture, since the priority in the search for information is increasingly given to the Internet.

As an information system, the Internet offers its users a variety of information and resources. The basic set of services may include:

- e-mail (e-mail);
- Usenet;
- videoconferences;
- ability to publish your own information, create your own home page (homepage) and place it on a Web server;
- access to information resources:
 - * reference directories (Yahoo!, InfoSeek/UltraSmart, LookSmart, Galaxy);
- search engines (Alta Vista, HotBob, Open Text, WebCrawler, Excite);
- online conversation (Chat).

The Internet allows you to go beyond the time and space limits, giving its users the opportunity to authentic communication with real interlocutors on topics relevant to both sides. However, we must not forget that the Internet is only an auxiliary technical means of learning, and to achieve optimal results, it is necessary to correctly integrate its use into the lesson process. (Goncharov M., Pankov A. Internet in questions and answers.)

Learning to listen

The website of Lucent Technologies, its bell Labs division, allows you to hear how any phrase sounds in a foreign language.

It has developed a speech synthesizer that turns printed text into sound. On the site <http://www.belllabs.com/project/tts/index.html> you can select one of seven languages – English, German, French, Italian, and Spanish (Appendix 1, Fig.1). Then you need to enter something in the selected language in the window. In a few seconds, the words will be spoken in a somewhat mechanical voice. That is, you can voice any phrase from a textbook or any other manual, and especially suitable online manuals, where you can easily copy parts of the text, without bothering to reprint. You can not only listen to everything you say, but also save it on your disk so that you can return to listening if necessary, without going to the Internet.

Learning to read

The Internet is an excellent tool for getting information about the latest events in the world.

Almost all important Newspapers in the world have their own web pages. In order to find out where and what Newspapers exist, I worked with MEDIA LINKS sites that have links to many publications.

Media sites in English:

THE WASHINGTON POST

Everything you can read about in a newspaper can be seen on the first page – it is a combination of a Billboard and content. Here are the titles of the most important articles with excerpts from them. The Washington Post has 5 main categories: news (news), lifestyle (style), sports (sports), ads (classifieds) and market news (marketplace).

In terms of mastering cross-cultural communication, an online newspaper is an indispensable assistant. It will allow students to plunge into the thick of world events that are happening almost at the moment, to see what is happening from different points of view.

BBC World Service (<http://www.bbc.co.uk/worldservice>) provide an opportunity not only to read, but also to listen to the news in many languages, and you can even choose the appropriate level of English

proficiency and listen to the news in LEARNING ENGLISH mode. The double classification of articles by topic and by continent may seem interesting. You can contact the publisher using the CONTACT US link.

ABC News (<http://www.abcnews.go.com/index.html>) accompanies its publications in addition to audio and video accompaniment. It is also possible to have a conversation on the proposed topic among readers in the CHAT sections.

CNN World News (<http://cnn.com/WORLD>) also provide information in multiple languages and double classification of articles. It is possible to call audio and video accompaniment. Readers can interact with the editorial Board and with each other in THE discussion category, where there is a message BOARD, a chat room, and a link to the editorial Board (FEEDBACK). The New York Times, in addition to the above, offers its readers an educational version of the newspaper with ready-made educational developments.

In addition to working on reading and speaking skills, you can add vocabulary. To do this, students should be asked to create dictionary entries based on the information they have read. It is possible to acquire new grammatical skills, examples of which are found in the articles.

The result of this work can be the creation of your own page dedicated to one specific event, where you need to try to give a neutral view of the problem, based on the analysis of information from various news agencies. Here you must also specify hyperlinks to sources. The main advantage of this work is that students get access to first-hand information, rather than a week or more old printed publications, and are involved in the thick of world events, personally influencing it.

Students can try themselves as information providers rather than consumers. The site the YOUNG VOICES OF THE WORLD is an open forum, which is a kind of publishing house, where anyone can publish their works, making them available to a multi-million audience and expressing their opinions for discussion.

Learning to write

Communication in virtual reality is carried out using e-mail, which can be used to acquire cross-cultural competence in the following ways:

1. Establishing friendly correspondence.

International exchange of letters can be carried out in any class and at any level of language proficiency. In addition to purposefully using the language you are learning, establishing friendly contacts and thus learning the culture, electronic correspondence has its advantages over paper: it is faster, more convenient and cheaper.

The school curriculum has a theme "pen PAL", you can find pen partners using the following algorithm:

1. make a request to TESL-L (computer-assisted language learning sub-branch listserv@cunyvm.cuny.edu/ listserv@cunyvm.bitnet) or TESLK-12 (listserv@cunyvm.cuny.edu);

2. turn to the list server for intercultural communication (Intercultural E-Mail Classroom Connections), offering to establish correspondence with various purposes: to carry out joint projects, discuss pressing issues, conduct discussions between entire classes;

3. visit the home page of E-mail for ESL/LINC Students (). It offers help and instructions on how to use e-mail, free access to e-mail, helps you find pen pals, offers participation in paired and group projects, and, in addition, offers links to all sorts of useful resources.

After analyzing the experience of using the student's email I made conclusions:

1. There is no strict control from the teacher;
2. Excellent language practice, students' speech becomes more expressive;
3. More attention should be paid to editing works and correcting errors.
4. The use of e-mail increases the interest to the process of language learning.

To date, the use of Internet resources, including e-mail, is the most effective and affordable way to master cross-cultural literacy in real communication.

Conclusion: New information technologies in teaching English for educational purposes is an absolutely new direction. Allows you to learn to read fluently and write correctly.

Түйін. Бұл мақалада ағылшын тілін үйренудің қазіргі әдістері қарастырылады. Шет тілін оқытуда заманауи ақпараттық құралдарды қолдануға ерекше назар аударылады. Автор заманауи ақпараттық құралдарды қолдануға кенес береді, өйткені ақпараттық технологиялардың дамуы өзімізге өзгертулер енгізеді: дәстүрлі жағдайда тұрақты курстарға барудың орнына, көптеген адамдар өз үйінен шықпай-ақ ағылшын тілін үйренуге болады.

Резюме. Данная статья рассматривает актуальные методы изучения английского языка. Особое внимание уделяется использованию современных информационных средств при изучении иностранного языка. Автор рекомендует использовать современные информационные средства, т.к. развитие информационных технологий вносит в нашу жизнь свои коррективы: вместо того чтобы посещать обычные курсы в традиционной обстановке, многие изучают английский язык, не выходя из собственного дома.

References

1. Goncharov M., Pankov A. Internet in questions and answers // Library. – 1998. – №1, 3.
2. Kushnirenko A.G., Leonov A.G., Kuzmenko M.A., etc. What is the Internet? Information and communication technologies in education // Computer science and education. – 1998. – №5-7.
3. Liferov A.P., Stepanov N.A. Education of the Future: global problems – local solutions, Moscow: Pedagogical search, 1996.
4. Polilova T.A., Ponomareva V.V. Introduction of computer technologies in teaching foreign languages // IYASH-1997. – №6.
5. Polyakova T.Yu. “English for dialogue with a computer”. – Moscow: Higher school, 1997.



**ДИЗАЙН, ӨНЕР ЖӘНЕ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ:
XXI ҒАСЫРДАҒЫ ДАМУЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

**ДИЗАЙН, ИСКУССТВО И ТВОРЧЕСТВО:
АКТУАЛЬНЫЕ ВОПРОСЫ РАЗВИТИЯ В XXI ВЕКЕ**

**DESIGN, ART AND CREATIVITY: CURRENT ISSUES OF DEVELOPMENT
IN THE XXI CENTURY**

Г.М. Дюсенбаева

«Дизайн» мамандығының 4 курс студенті

Ғылыми жетекшісі: Г.А. Иманғалиева, аға оқытушы

ҚазЭҚХСУ

АУЫЛДЫҚ МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ ОРТАЛЫҒЫНЫҢ ЖОБАЛЫҚ ДИЗАЙНЫ

Андатпа. Ауылдық мектепке дейінгі білім беру орталығы кішкентай балаларға ыңғайлылық пен сұлулықпен қатар сәулет өнеріне қойылатын талаптар техникалық мақсатқа сай және үнемділік талаптарын қамтып жобалануы тиіс

Ауылдық мектепке дейінгі білім беру орталығы тартымды келбетке ие болып қана қоймай, сонымен қатар аймақтық ерекшеліктерге сәйкес келуі керек, сонымен бірге құрылыс техникасы, конструкциясы мен материалдарының қазіргі даму деңгейімен үйлесуі тиіс. Мақаланы жазумен қатар жобамның графикалық бөлігін орындау қажет, шатырдың жоспарын, бас жоспарын, сонымен қатар ғимараттың құрылымдық бөліктерінің сызбаларын толтыру қажет.

Осы мақала сәулет, қала құрылысы мен құрылыс қызметі саласындағы нормативтік-техникалық құжаттарды жетілдіруді іске асыру мақсатында нормалаудың параметрлік әдісіне сәйкес Қазақстан Республикасының құрылыс саласындағы нормативтік базаны реформалау шегінде әзірленді.

Осы ережелер жинағы мектепке дейінгі білім беру нысандарының ғимараттарына қолданылатын «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдарының қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламентінің дәлелдемелік базасына кіретін нормативтік құжаттардың бірі болып табылады [1].

Қолайлы шешімдер әдісі ғимаратты пайдалану деңгейін (негізгі мақсаты немесе функциясын), ғимаратты пайдаланушылар үшін қауіпті тәуекелдік факторларды және қауіптілік сипатын (ішкі немесе сыртқы), пайдаланушылар санын (келушілер, қызметкерлер), адамдардың, оның ішінде халықтың әлсіз топтары бөлігінің (сәбилер, кішкентай балалар, ақыл-есі дұрыс емес немесе басқа да кемшіліктері бар адамдар) жұмыс істеу ұзақтығын және т.б. жағдайлар мөлшерін ескере отырып қабылданады.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу және білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – МДТБҰ) нысандарын 3 қабаттан жоғары жобаламаиды. МДТБҰ ғимаратының 3-ші қабатына естияр жас (4 жастан бастап) тобындағы балалардың топтық ұйымдарын, залдар мен жұмысқа арналған басқа арнайы бөлмелер, қызметтік-шаруашылық және демалу бөлмелері орналастырады. Мектепке дейінгі тәрбиелеу кешені: Тұрғын ауданға, кварталға немесе оның бөлігіне қызмет көрсететін жеке тұрған немесе ғимараттардың жанына құрылған (кіріктірме-жапсарлас) ғимараттардың және «Баланы

дамыту орталығы» негізінде біріккен және басқа мектепке дейінгі мекемелердегі балалар топтарына балалар ертенгіліктеріне, қойылымдарына арналған кешен (зал-алаң) қосымша мүмкіндіктерін ұсынатын әкімшілік, әдістемелік және функционалдық үйлестіруді жүзеге асыратын мектепке дейінгі мекемелер жүйесі (6-12 мекеме). Саралап оқыту бағдарламасына сүйене отырып, сонымен қатар жарты топ бойынша ойындарды ұйымдастыру және балалармен жеке жұмыс жасау үшін, әдеттегідей, сабақ жүргізу барысында балалар тобы 10 баладан 2 шағын топқа бөлінеді. Шет тілі үйірмелеріндегі балалар саны 10 баладан аспауы тиіс, ал басқа үйірмелер мен секцияларда 20-дан аспауы тиіс. МДТБҰ ғимараттары мен кешендерінің типі мен түрі А қосымшасын ескере отырып, жобалауға берілген тапсырмамен анықталады. Оларды орналастыру ерекшеліктерін ескере отырып, жаппай құрылыс салу [1].

МДТБҰ ішінде құрылымдайтын әр қабаттын қарастырса кетейк. Қысқа мерзімді қараудың серуендеу топтарындағы орын саны жобалауға берілген тапсырмамен анықталады және ықшамауданның (елді мекеннің) әрбір 1000 тұрғынына қысқа мерзімді қараудың серуендеу топтарына 5 орыннан, кезекші топтарға 1 орыннан бекітіледі.

МДТБҰ жеке бөлек тұрған және жапсарлас (тұрғын үйлерге жапсарлас) ғимараттар болып қарастырылуы мүмкін.

Мектепке дейінгі тәрбиелеу және білім беру ұйымы – жалпы білім беру мектептерінің бірінші сыныптарымен бірге, сонымен қатар, ғимараттарда және телімдерде де БДО мектеп және мектепке дейінгі бөлімдерді ішінара қызметтік және кеңістіктік оқшаулау жағдайында жеке немесе жиынтықпен жобаланады.

Топтық ұяшықтар түрлерінің жиынтығы мен олардың құрамы, сонымен қатар МДТБҰ ғимаратындағы арақатынасы жобалау тапсырмасымен В қосымшасына сәйкес немесе балалардың жасын іріктеуге сүйене отырып есептеу бойынша анықталады.

Көп пәтерлі тұрғын үйдің бірінші қабатында орналасқан нысандардың шығу есігі тұрғын үйдің кіреберіс есігінен бөлек болуы тиіс.

Тірек-қимыл жүйесінің бұзушылығы бар және көрмейтін (зағип) балаларға арналған арнайы түзету оқыту ұйымдары ғимараттарының 2 қабаттан жоғары болмауы қарастырылады. Естімейтін (санырау) және өте ауыр тіл кемістігі бар балалар үшін 3 қабатты ғимарат салуға жол беріледі.

Нысандар жеке ғимаратта немесе бірнеше бөлек ғимараттарда орналасуы қажет. Ғимараттарды жылы өтпе жолмен байланыстыруға жол беріледі. IV климаттық ауданда орналасқан ғимараттар үшін жылытылатын өтпе жолдарды орналастыру қажет емес.

МДТБҰ барлық бөлмелерінің (залдан басқа) биіктіктері 3,0 м төмен болмауы, дене шынықтыру залы мен музыкалық сабақтарға, балалар ертенгіліктеріне және қойылымдарына арналған зал аландарының биіктігі 6,0 м төмен болмауы қарастырылады.

Жалпы дамытатын үлгідегі мектепке дейінгі білім беру мен тәрбиелеу ұйымдарының ұсынылатын түрлері:

а) тәрбиеленушілерді дамытуда (дене, зияткерлік, көркем-эстетикалық және т.б.) бір немесе бірнеше бағыттарды басым жүзеге асыратын;

б) тәрбиеленушілердің физикалық дамуындағы ауытқушылықтарды квалификациялық түзеді басым жүзеге асыратын түзету үлгісіндегі;

в) гигиеналық және емдеу-сауықтыру шараларын басым жүзеге асыратын қарау және сауықтыру үлгісіндегі;

г) құрама үлгідегі (балалар топтарының жоғарыда аталған қызмет бағыттарын қоса атқаратын негізде);

д) тәрбиеленушілерді дене және жалпы дамыту, қолдау және сауықтыру сипатындағы балабақша (Баланы дамыту орталығы).

Саралап оқыту бағдарламасына сүйене отырып, сонымен қатар жарты топ бойынша ойындарды ұйымдастыру және балалармен жеке жұмыс жасау үшін, әдеттегідей, сабақ жүргізу барысында балалар тобы 10 баладан 2 шағын топқа бөлінеді.

Шет тілі үйірмелеріндегі балалар саны 10 баладан аспауы тиіс, ал басқа үйірмелер мен секцияларда 20-дан аспауы тиіс.

МДТБҰ ғимараттары мен кешендерінің типі мен түрі А қосымшасын ескере отырып, жобалауға берілген тапсырмамен анықталады.

Қысқа мерзімді қараудың серуендеу топтарындағы орын саны жобалауға берілген тапсырмамен анықталады және ықшамауданның (елді мекеннің) әрбір 1000 тұрғынына қысқа мерзімді қараудың серуендеу топтарына 5 орыннан, кезекші топтарға 1 орыннан бекітіледі.

МДТБҰ жеке бөлек тұрған және жапсарлас (тұрғын үйлерге жапсарлас) ғимараттар болып қарастырылуы мүмкін [2].

Заттаи-кеністіктік орта, стационарлық жабдықтар және бөлмелерді әрлеу:

1. МДТБҰ бөлмелерін жабдықтау мен әрлеу қолданыстағы нормативтік құжаттар ережесіне сәйкес қарастырылады.

2. Топтық ойын және жатын бөлмелеріндегі жарық түсетін ойықтар реттелетін күннен қорғау құрылғыларымен жабдықталады. Шыныланған ойықтарда (есіктер, ширма-қоршаулар, оранжереялар) биіктігі еденнен 0,9 м дейін және қашықтығы әніектен 0,15 м-ден артық емес қорғау құрылғылары болуы тиіс.

3. Басқыштары 3-тен артық баспалдақтар мен деңгейінің құламасы 15 см артық пандустарда (егер олар табиғи рельеф бойынша төселмесе) балаларға арналған ұстағыш тұтқалары бар қоршаулары болуы тиіс.

4. Баспалдақтардың, қылтималардың, террасалардың, кішкене көпірлердің, антресоль қабаттардың қоршауларының биіктігі 1,2 м кем емес болуы шарт.

5. Тор қоршау тақтайшалар арақашықтығы 0,1 метрге дейін тігінен бөлінген болуы керек. Қоршаудың ұшы шығыңқы үшкір бөлшектермен аяқталмауы тиіс. МДТБҰ ғимаратындағы техникалықтан басқа барлық баспалдақтардың бойында ересектер (биіктігі 0,85 м) мен балаларға (биіктігі 0,5 м) арналған ұстағыш тұтқаларды қарастыру керек.

6. Арнайы түзету білім беру ұйымдары ғимараттарының кіреберіс есіктері бір бөлікті болу қарастырылады және мұғалім жақта орналастырылады. Зағип және көзі нашар көретін балаларға арналған ұйымдарда төменгі және жоғарғы баспалдақтарда, баспалдақтың бірінші және соңғы басқышының ұстағыш тұтқаларын кедір-бұдыр етіп белгілейді.

7. Екі және одан көп бөлмелерден тұратын топтық ұяшықтардың ойын алаңын тосқауыл түріндегі қоршау қолдану арқылы, сынбаитын жарық түсіретін, тор немесе декорациялық тор қабырға аралық арқылы жобалау рұқсат етіледі.

8. МДТБҰ жобаларында кіріктіріме жиназдарды мынадан бөлмелерде қарастыру ұсынылады:
– жатын аймақтары бар топтарда – терезелер астындағы таспалы үстелдер және ойыншықтар мен құралдарға арналған шкафтар, өзгермелі (трансформацияланатын) кереуеттер (кіріктірілген жиналмалы, жылжымалы, қозғалмалы, оралатын төсектер), төсек-кереуеттер кілемшелері немесе жеңілдетілген төсектер үшін шкафтар, төсек-орынға арналған шкафтар;

– бөлек топтық және жатын бөлмелерде, топтық бөлмелерде – терезелер астындағы таспалы үстелдер және ойыншықтар мен құралдарға арналған шкафтар (Өзгерт.ред. – ҚТҮКШК 23.11.2018 ж. №240-НҚ бұйрық);

– жатын бөлмелерде – өзгермелі төсектер (жаиылмалы, қозғалмалы, итермелі төсектер), жаима төсектерге арналған шкафтар, төсек орындарға арналған шкафтар [3].

Мектепке дейінгі тәрбиелеу және білім беру ұйымы – жалпы білім беру мектептерінің бірінші сыныптарымен бірге, сонымен қатар, ғимараттарда және телімдерде де БДО мектеп және мектепке дейінгі бөлімдерді ішінара қызметтік және кеңістіктік оқшаулау жағдайында жеке немесе жиынтықпен жобаланады.

Топтық ұяшықтар түрлерінің жиынтығы мен олардың құрамы, сонымен қатар МДТБҰ ғимаратындағы арақатынасы жобалау тапсырмасымен В қосымшасына сәйкес немесе балалардың жасын іріктеуге сүйене отырып есептеу бойынша анықталады.

Бала-бақша топтық ұяшықтың барлық жаиы бір қабатта және бірденгенде орналасады.

Топтық, ойын және шағын топтар сабақтары, «үи бұрышы» жаиларының арасында көрнекі баиланыс қарастырылуы тиіс.

Киім ауыстыратын бөлмелерде балалардың сырт киімдері мен аяқ киімдерін кептіретін

сөрелер, киім ауыстыруға арналған орындықтар (пуфтар) қарастырылады. Топтық ұяшыққа киім кептіретін арнайы бөлме орналастырғанда, сырт киімге арналған сөрелер кептіргіштерсіз жобаланады.

Топтық ұяшықта мыналар қарастырылуы тиіс:

а) балаларды тамақтандыруға және сабақ жүргізуге арналған орын (20 баладан тұратын топқа қажетті аймақ көлемі – кемінде 4,65 м x 5,75 м, 10 баладан тұратын топқа (шағын топқа) – кемінде 3,9 м x 4,8 м);

б) біршама оқшауланған жартылай жабық 2-3 алаңқайлар түріндегі ойын құралдарынан құралған тыныш ойын орны (бағдарланған көлемі кемінде әрқайсысы 2 м x 2 м).

МДТБҰ арнайы бөлмелердің құрамы мен ауданы Д қосымшасы бойынша қабылданады [1].

ОТК-да музыкалық және гимнастикалық сабақтарға арналған залының бір жағының өлшемдерінің әрқайсысы 9 м кем болмауы шарт. Өзге жағдайларда залдың қабырғаларының біреуі ұзындығы жағынан екіншісінен 2 еседен артық болмауы тиіс [1].

Жалпы үлгідегі МДТБҰ-да ауданы 35 бастап 55 м² деіінгі үйірмеге арналған әмбебап бөлме қарастырған жөн, әртүрлі жағдайларда ол мектепке деіінгі тәрбиелеу бағдарламасына енгізілген сыныптық сабақтарға арналған әмбебап бөлме ретінде, беинелеу өнері сабақтарына арналған бөлме (сурет, желімдеу, жапсыру, қол еңбегі) ретінде пайдаланылуы мүмкін. Бұл бөлме сонымен қатар шет тілін үйрету үйірмесі үшін, балаларды мектепке даярлау үшін, беинелеу, ырғақ, т.с.с. үшін, сондай-ақ диа-, беине- және телебағдарламаларды көруге, компьютерлер үшін қолданылуы мүмкін.

Шағын МДТБҰ бөлмелерінде барлық топтарға ортақ ретінде музыка және гимнастика сабақтарына (50 бастап 75 м² деіінгі аудан кезінде), сонымен қатар балалар үйірмесі мен секцияларына арналған залдар сияқты, диа-, беине- және телебағдарламалар көруге, қол еңбегіне пайдаланылатын ауданы 18 бастап 75 м² деіінгі аралықтағы әмбебап бөлме қарастырылуы мүмкін. Шағын МДТБҰ-да бұндай бөлменің болуы өте тиімді: қосымша қаражат болған жағдайда, ең алдымен осы бөлмені бөлмелер құрамына кіргізу ұсынылады.

Резюме. Сельский центр дошкольного образования должен проектировать, наряду с удобством и красотой для маленьких детей, требования к архитектурному искусству должны быть технически целесообразными и содержать требованиям экономичности.

Summary. A rural preschool center should design, along with convenience and beauty for young children, requirements for architectural art should be technically feasible and contain requirements for economy.

Әдебиеттер

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы/ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыз, № 499 бұйрығымен бекітілген.
2. Мектепке дейінгі ұйым әдіскерінің кітабы / Балабақша балаларды сауықтыру және емдеу профилактикалық шаралар/ Балалар бөлмесін жасаймыз / Іскерлік кітап Алматы 2017 жыл.
3. Мектепке дейінгі білім беру мекемесінің жалпы ережелері мен қауіпсіздігі / Алматы білім басқармасы 2016 жыл.



*М.Қ. Зейнуллаева, «Дизайн» мамандығының 4 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Г.А. Иманғалиева, аға оқытушы
ҚазЭҚХСУ*

ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН АУЫЛДЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНІҢ ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ

Аңдатпа. Менің мақаламның мақсаты – қазіргі заманғы талаптарға сай «Жастарға арналған ауылдық Мәдениет үйінің тұжырымдамасы». Мәдениет үйі құрылыс техникасының, конструкциялардың және

материалдардың қазіргі заманғы даму деңгейімен үйлесіп қана қоймай, аймақтық ерекшеліктерге сай болуы керек, сонымен қатар жастарды өзінің эстетикалық түрімен тартуы керек.

Қоғамның қазіргі жай-күйі, біздің өмірімізде болып жатқан үдерістер жастарды тәрбиелеу, интеллектуалдық және шығармашылық әлеуетін қалыптастыру позицияларын жаңаша көрсетеді.

Ескі дәстүрлерді бұзу және қоғамымыздың дамуындағы жаңа үрдістердің пайда болуы барысында жастарды тәрбиелеудің, шығармашылық қабілеттерін дамытудың, рухани-адамгершілік жетілдірудің маңызды мәселелерін ұмытуға берілгенін атап өту қажет.

Мақаланың өзектілігі мәдениетті сақтау мен дамытудағы және оның бүгінгі жастары мен өскелең ұрпаққа сіңірудегі нақты проблемаларды шешу жөніндегі ғылыми негізделген әдістемелер мен практикалық ұсынымдарға деген өткір қажеттілігімен анықталады, әрине, бұл проблеманы шешу мәдени-демалыс орталықтарында, атап айтқанда жастардың сапалы бос уақытын ұсынуда жатыр. Дегенмен, соңғы бірнеше жылда дәстүрлі мәдениет пен руханилықтың Жандану үдерісі байқалады.

Менің мақаламның мақсаты – қазіргі заманғы талаптарға сай «Жастарға арналған ауылдық Мәдениет үйінің тұжырымдамасы». Мәдениет үйі тартымды келбетке ие болып қана қоймай, сонымен қатар аймақтық ерекшеліктерге сәйкес келуі керек, сонымен бірге құрылыс техникасы, конструкциясы мен материалдарының қазіргі даму деңгейімен үйлесуі тиіс. Жобаны орындау барысында жобаның графикалық бөлігін орындау қажет, бас жоспарын, сонымен қатар ғимараттың құрылымдық бөліктерінің сызбаларын толтыру қажет [2].

Сәулет өнерінің басты мақсаты – адамның өмір сүруі үшін қолайлы және қауіпсіз өмір сүру ортасын құру, оның сипаты мен жайлылығы қоғамның даму деңгейімен, мәдениеті мен ғылым мен техниканың жетістіктерімен анықталды. Бұл өмір сүру ортасы ішкі кеңістігі бар ғимараттарда, күрделі ғимараттар мен олардың құрылыстарымен, сыртқы кеңістігімен бейнеленеді, яғни: көшелерде, алаңдарда және қалаларда [6].

Құрылыстағы шығындарды азайту ғимараттың көлемді-жоспарлаудың ұтымды шешімдері, құрылыс және әрлеу материалдарын дұрыс таңдау, құрылысты жеңілдету, құрылыс әдістерін жетілдіру арқылы жүзеге асырылады. Ауылды дамытудағы негізгі экономикалық резерв жерді пайдалану тиімділігін арттыру болып табылады. Сонымен қатар жобаны бастамас бұрын ауыл жастарының бос уақыттарын қалай өткізетінін, олардың аудиториясының құрамын қарастыру қажет [1].

Жастардың әр түрлі түрдегі ойын-сауық мекемелеріне деген қатынасы өзара қалай сәйкес келеді, олардың біреуінің басқасына баруына артықшылық әсер ете ме?

Зерттеулер көрсеткендей, түнгі клубқа келушілердің жартысынан көбі (57%) концерттерде, шоу бағдарламаларда болады. Ең аз олар опера және балет (7%) қызықтырады. Театр әуесқойлары түнгі клубтарға келушілердің қатарында опера әуесқойларына қарағанда (22,7%) үш есе жиі кездестіруге болады. Көріп отырғанымыздай, түнгі клубтарға келушілер жаппай көріністерге жақын. Олардың театрларға деген қызығушылығы шоу-концерттерге деген құмарлыққа қарағанда екі есе аз және киноға қарағанда бір жарым есе аз [3].

Кинотеатрларға келушілердің бос уақытын өткізу мүдделері өзінің құрылымы бойынша түнгі клубтарға келушілердің мүдделеріне ұқсас. Сұралғандардың барлығымен салыстырғанда, олар ойын-сауық мекемелеріне бір жарым-екі есе жиі барады. Олардың түнгі клубтарға келушілердің позициясымен салыстырғанда «жоғары» мәдениет мекемелеріне барудағы белсенділігі өнердің басқа түрлеріне қатысты кино өнерінің аралық жағдайы туралы біздің болжамымызды растайды.

Қазіргі Қазақстанда жастар сияқты көптеген топтың проблемаларына жыл сайын көп көңіл бөлінеді. Қазіргі уақытта Қазақстанда тұрғындардың төртінші бөлігі 14-тен 30 жасқа дейін. Жастар тұлғаның әлеуметтенуі мен өзін-өзі жүзеге асыруы процесінде көптеген проблемаларға тап болады. Бұл ретте жастардың әлеуметтік тобының өзі де, проблемалар да әр түрлі.

Нашақорлық мәселесі өте өзекті болып саналады. Бұл туралы бұқаралық ақпарат құралдарында жазады, теледидар арқылы көрсетеді, көп айтады. Есірткі ішімдік, темекі шегу сияқты өзекті мәселе болды. Есірткіге қарсы жұмыс барлық жерде және барлық жас топтарында жүргізіледі. Бірақ, өкінішке орай, ол әрқашан тиімді емес. Кейде ата-аналар өз балаларын осындай әрекеттерге

итермелейді. Балалар ата-аналардың қалай ішетінін, темекі шегетінін және болашақта олардың мінез-құлқын өз мойнына алатынын көреді. Мәселені шешу қажет, бірақ бұл қиын.

Ересектер балаларға, әсіресе олар жасөспірімдерге айналғанда тиісті атмосфера жасауы керек: сабақтар олардың қызығушылықтары бойынша болуы үшін, оларға риза болу үшін, оларды құрметтеуге, тыңдауға және олардың пікірлерімен санауға тиіс. Сонда тәуекел азаяды. Жасөспірімдерді есірткіден толық қауіпсіздендіру мүмкін емес, сондықтан олардың жанында қауіпсіз өмір сүруге, құрдастарының қысымына қарсы тұруға үйрету қажет [5].

Ерекше тақырып-ауылдағы, аудан орталықтарындағы, шағын қалалардағы клубтар. Дәстүрлі ауылдық клубтар бұрынғысынша ауылдық кітапханамен бірге ауылда мәдениеттің жалғыз ошағы болып қалады. Қанша жаңалық пайда болса да, мұндай клубтар әлі ұзақ уақыт бойы Қазақстан мәдениетінің ажырамас бөлігі болып қала береді, онда баяу қайта құрылады, онда әлеуметтік байланыстар тұрақты болатын дәстүрлерге адалдық сақталады. Ең алдымен, театрлар, мұражайлар, кітапхана, клубтар атынан бәсекелестері аз болатын клуб мекемелері осы күнге дейін көпшілік, жалпыға қолжетімді, демократиялық бос уақыт қызметінің орталығы болып қала береді, ол адамдарға өз мүдделері мен әуестігін, өзінің шығармашылық потенциалын іске асыруға, мәдениетке қосылуға мүмкіндік береді (әзірше-тегін немесе өте төмен ақы үшін). Тәжірибе көрсеткендей, жастардың өзін-өзі тануы, әдетте мәдениет мекемелерінен тыс жүзеге асырылады және теледидар әсерімен байланысты. Компьютер-эстетикалық және әлеуметтендіруші әсердің ең ықпалды көзі.

Халық мәдениеті (дәстүрлер, әдет-ғұрыптар және т.б.) жастардың көпшілігімен қабылданбайды. Этнокультуралық мазмұнның әлеуметтену үдерісіне деген талпыныстары көп жағдайда ежелгі қазақ әдет-ғұрыптары мұсылман дінін насихаттаумен шектеледі. Бұл фонда жастар субмәдениеттері белсенді дамып келеді, 70-ші жылдары пайда болған және 21 ғасырдың басында неғұрлым агрессивті қасиеттерді қабылдайтын (бейбіт хиппи, панкаларға, металлистерге байкерлер, скинхедтер, шайтандар және басқа да агрессивті бейресми топтар қосылды). Жастар қоғамның қазіргі әлеуметтік дамуының теріс жақтарын да ескере отырып, басқарудың демократиялық түрін таңдайды. Жас ұрпақтың үлкен қоғамда тиімді мәдени тұрғыдан өзін-өзі танытуына сенім артуға тура келмейді, сонымен қатар Қазақстан халқының басқа да жас және әлеуметтік топтарының мәдени деңгейі де біртіндеп төмендеуде.

Экономикалық реформалар кезеңінде жастардың құндылық бағдарлары өзгерді. Жас ауыл азаматы үшін Мәдениет үйінің маңыздылығы қазіргі уақытта жеке тұлғаны ашу үшін ұсына алатынына байланысты. Осыған байланысты клуб мамандары жастардың, жасөспірімдердің бос уақытын өткізу проблемаларына назар аударуы, басым бағыттарды анықтауы, бос уақыттың неғұрлым перспективалы нысандары мен әдістерін бөліп көрсетуі тиіс. Жасөспірімдерді мәдени қызметке тарту-жастардың бос уақытын ұйымдастырудағы мәдениет мекемесінің басты міндеттерінің бірі [2].

Мұнда мәдениет үйі мәдени өмір орталығы ретінде қызмет етеді. Сондықтан жас ауыл тұрғындарының бос уақытты өткізу қызметтерінің сапасына қанағаттануы клуб мекемесі жұмысының тиімділігі критерийлерінің бірі бола алады.

Осылайша, жастардың бос уақытын тиімді өткізу мәселесі бүгінгі таңда өзекті болып табылады. Бұл мәселеде объективті де, субъективті де мазмұн бар. Бір жағынан, жастардың пассивтілігі, тұтынушылық орнату, екінші жағынан-қаржылық сипаттағы шектеулер. Мәдениет үйі, мысалы, қаржылық сипаттағы шектеу ретінде осы жағдайдан шығу ақылы қызметтер, дискотекалар, үйірмелер, үй-жай мен аппаратураны жалға алу деп санайды.

Зерттеу барысында мен тұрғындардың ерекше санаты ретінде ауыл жастарының бос уақытын ұйымдастыру бойынша мәдениет мекемелері қызметінің қазіргі жағдайын зерделедік. Нарықтық қатынастарға көшу мәдениет мекемесі қызметінің мазмұнын, оны жүзеге асыру және іздеу әдістерін, жаңа бос уақыт технологияларын үнемі байытудың қажеттілігін туғызады. Осы міндетті шешу жолындағы мәдени-демалыс мекемелері қызметінің өзекті мәселелерінің бірі жастардың бос уақытын ұйымдастыру болып табылады.

Жастардың әлеуметтік-мәдени әлеуетін оңтайлы пайдалануға әлеуметтік-мәдени технологияларды пайдалану, атап айтқанда әлеуметтік-мәдени жобалар мен бағдарламаларды әзірлеу

және енгізу арқылы қол жеткізіледі. Осы мақсатпен мен Астрахан ауылының жастарына арналған Мәдениет үйіг қайта құрылымдау жобасын әзірледім.

Резюме. Цель моей статьи – «Концепция сельского Дома культуры для молодежи», отвечающая современным требованиям. Дом культуры должен не только сочетаться с современным уровнем развития строительной техники, конструкций и материалов, соответствовать региональным особенностям, но и привлекать молодежь своим эстетическим видом.

Summary. The purpose of my article is «the Concept of a rural House of culture for young people» that meets modern requirements. The house of culture should not only be combined with the modern level of development of construction equipment, structures and materials, meet regional characteristics, but also attract young people with its aesthetic appearance.

Әдебиеттер

1. Буга Т.Т. Гражданские промышленные и сельскохозяйственные здания. – М.: Высшая школа, 1987.
2. Неслов В.А. Гражданские здания. – М.: Стройиздат, 1988.
3. Бартонь Н.Э. Архитектура конструкции. – М.: Высшая школа, 1974.
4. Савченко Н.П., Липявкин А.Ф., Сербинова П.П. Архитектура. – М.: Высшая школа, 1982.
5. Маклова Т.Г. Архитектура гражданских и промышленных зданий. – М.: Стройиздат, 1981.
6. Строительная климатология и геофизика. Справочник СНиП. – М.: Стройиздат, 1990.



А.С. Мамунова, С.К. Калибекова
студ. 5 курса спец. «Дизайн»

Научный руководитель: С.М. Базарбаева, д.т.н.
КазУЭФМТ

РАЗРАБОТКА ДИЗАЙНА ИНТЕРЬЕРА УЧЕБНОГО КАБИНЕТА

Аннотация. Учебная аудитория является одним из ведущих звеньев в организации учебного процесса и проведения всей работы на занятиях. Она должна нести и выполнять педагогические, дидактические и социальные функции. Специализированная аудитория должна способствовать более быстрому усвоению информации и получению профессиональных навыков. В этой связи была проделана работа по реконструкции дизайна интерьера учебного кабинета нашего университета для создания комфортной среды для обучающихся в ней студентов.

На сегодняшний день Казахстан сделал уверенные шаги в выходе на международный уровень образования. По данным за 2018 год Казахстан занял 35 место по индексу образования, обогнав Китай и Турцию, что доказывает, что граждане нашей страны стали все больше уделять внимание высшим учебным заведениям, и образованию в целом [1].

С каждым годом сфера образования меняется, все больше выпускается молодых специалистов в новых сферах профессий.

Сфера дизайна является одной из самых стремительно развивающихся сфер, во всех его проявлениях, начиная с ландшафтного дизайна и заканчивая дизайном интерьера. В Казахстане дизайн находится на постоянной стадии развития, что ясно дает понять, что в будущем профессия дизайн будет одной из самых востребованных. Доказательством этого свидетельствует постепенное открытие этой специальности во многих ВУЗах нашей страны.

Благоприятная среда для обучения является одним из самых важных критериев при получении качественного образования. Но необходимо отметить, что учебные помещения не всегда

соответствуют новым эстетическим нормам. Опираясь на современные международные стандарты можно предложить множество решений. Одному из таких решений была посвящена данная научная работа.

Изучив интерьер учебных кабинетов в таких ВУЗах, как Казахская национальная академия искусств им. Т.К. Жургенова (КазНАИ), Казахская национальная консерватория им. Курмангазы, Казахский национальный университет искусств (КазНУИ), в которых есть специальность «Дизайн», были выявлены плюсы и минусы обустройства этих учебных помещений.

Разработка интерьера кабинета дизайна должна содержать в себе все индивидуальные потребности, для комфортного нахождения в кабинете. При проектировании должно учитываться развитие моды, новые тенденции и новые архитектурные течения.

Целью данной работы была разработка такого интерьера кабинета дизайна, который бы способствовал повышению качества обучения, вдохновлял обучающихся на новые креативные идеи.

При правильном оформлении кабинета стимула обучаться будет больше, нежели в кабинете с минимальным эстетическим оформлением.

В процессе работы были изучены техническая документация, справочная, научная и специальная литература, необходимая для выполнения поставленных задач.

Выбранный кабинет представляет собой учебную аудиторию в 21 кв.м. прямоугольной формы, имеет учебную мебель, стены, покрытые пластиком и «вагонкой», радиатор отопления и вертикально расположенные трубы. Данный кабинет, с точки зрения дизайна, является абсолютно неуютным, непривлекательным и не располагающим к плодотворной творческой работе учебным помещением.



Рисунок 1. Кабинет 119 до реконструкции





Рисунок 2-7. Эскизные варианты дизайна интерьера кабинета

На первом этапе были проработаны несколько вариантов эскизов интерьера в разных стилях. Были изучены такие стили и направления в дизайне интерьера как стиль «эко стиль», «поп-арт», «классика», «модерн», «лофт» и др.

Первостепенной задачей при реконструкции интерьера данного кабинета было создание внутри помещения такой среды, которая соответствовала бы его практическому назначению, не теряя при этом эстетических характеристик. Окончательным вариантом был выбран эскизный проект в стиле эклектика.



Эклектика – это стиль, идейно выросший из философского течения, уходящего корнями во второй век нашей эры. Центральная идея эклектики смешение разнородных стилей, эпох и культур. Это гармоничное сочетание, на первый взгляд, не сочетаемых вещей.

Эклектичный дизайн подойдет для каждого любого жилого помещения, стиль нацелен на комфорт. Он сплетает историю и современность, элементы из разных стран и культур, гармонично сочетающихся между собой.

Цвет в эклектике выступает объединяющим фактором. Разнородные элементы сочетаются благодаря единству цветовой гаммы. Предпочтение отдается чистым и природным оттенкам: небесно-голубой, насыщенный зеленый, серый, солнечно-желтый, цветочно-розовые оттенки различной яркости. Насыщенность оттенков варьируется, одинаково уместными будут яркие сочетания и пастельные гаммы.

Эклектика современна и не выйдет из моды, потому что способна соединить в себе разные стили. Такой интерьер подойдет для творческих людей, которые не желают загонять себя в рамки одного стиля. Эклектика подойдет тем, кто не терпит однообразие [2].

Разработка дизайна интерьера, определяющая черта современного мышления, один из важных признаков современной культуры, связанных с творческой деятельностью человека.

Разработка дизайна интерьера учебного кабинета является составной частью исследовательской работы, в которой все цели были направлены на выявление благоприятных и неблагоприятных факторов в учебных кабинетах. Устранение или уменьшение влияние негативных воздействий на обучающихся и работников образовательного учреждения.

Дизайн, в отличие от других видов художественного творчества органично соединяет эстетическое и трудовое воспитание, т.к. процесс создания вещи (от замысла до изготовления в материале) – наиболее эффективно развивает творческие способности, формирует эстетический вкус, воспитывает здоровые потребности человека.

Особенность дизайна заключается в том, что каждая вещь рассматривается не только с точки зрения пользы и красоты, но и с точки зрения процесса функционирования.

Дизайнер ищет оптимальную форму каждого элемента, учитывать, как она зависит от рабочей функции (назначения) изделия и связей с человеком.

Дизайнер интерьера стремится найти такую форму, пропорции, цвет которые вызвали бы определенный эмоциональный отклик. Важным фактором, влияющим на настроение и самочувствие человека, является цветовая гамма помещения [3].

Изобразительные средства дизайна являются общими для пластических искусств: точка, линия, фактура, текстура, цвет, форма, объем, пропорция, масса и пространство. Эти составляющие комбинируются на основе принципов композиции: симметрии, асимметрии, равновесия, ритма, движения и т.д. Гармония и контрастность как универсальные средства искусства являются системообразующими в дизайне интерьера кабинета [4].

Таким образом, разработка любого архитектурного дизайнерского проекта должна быть ориентирована на создание гармонии, которая наиболее располагает к процессу обучения.

Подготовка нового интерьера для обучения профессиональной деятельности в процессе социального проектирования несомненно должна учитывать главную составляющую творческой профессии – гармонизацию.

Если говорить о гармонизирующей творческой составляющей учебного помещения, о его проектной части, выделили следующее:

1. Кабинет учебного назначения должен стремиться настроить на обучение.
2. Функциональное наполнение кабинета должно соответствовать форме и наоборот, его форма должна соответствовать функциональному содержанию.
3. Кабинет должен не только настраивать на учебу, но и вдохновлять на новые поиски и техники выполнения в современном дизайне.

Түйін. Оқу дәрісхана оқу үдерісін ұйымдастырудағы және сабақтардағы барлық жұмысты жүргізудегі жетекші буындардың бірі болып табылады. Ол педагогикалық, дидактикалық және әлеуметтік функцияларды атқаруға тиіс. Мамандандырылған дәрісхана ақпаратты тез меңгеруге және кәсіби дағдыларды алуға ықпал етуі тиіс. Осыған байланысты студенттерге қолайлы орта құру үшін, біздің университеттің ішіндегі оқу кабинетінің интерьер дизайнның қайта құру жұмыстары жүргізілді.

Summary. The training audience is one of the leading links in organization of the educational process and carrying out all the work in the classroom. It is should carry and carry out pedagogical, didactic and social functions. Specialized will have to contribute faster learning and professional skills. In this regard, work has been done to reconstruct the interior design of the classroom to create a comfortable environment for students studying in it.

Литература

1. <http://lenta.inform.kz/ru/>
2. Макарова В.В. Дизайн помещений: стили интерьера на примерах. – СПб.: BHV, 2011. – 160 с.
3. Роль цвета в оформлении. <http://rilmark.com/content/view/Rol-cveta-v-oformlenii-sayta>
4. Шевелев И.Ш. Логика архитектурной гармонии. – М., 1973.



А.Ж. Сағынбай

«Дизайн» мамандығының 3 курс студенті

Ғылыми жетекшісі: Ж.С. Рыскелдин, магистр, аға оқытушы

ҚазЭҚХСУ

ХАЛЫҚ ЕРТЕГІЛЕРІН ИЛЛЮСТРАЦИЯЛЫҚ КӨРКЕМ БЕЗЕНДІРУДІҢ ОҚЫРМАН ПСИХОЛОГИЯСЫНА ӘСЕРІ

Ертегі – фольклордың негізгі жанрларының бірі. Ертегі жанры – халық прозасының дамыған, көркемделген түрі, яғни фольклорлық көркем проза.

Ертегінің мақсаты – тыңдаушыға ғибрат ұсынумен бірге эстетикалық ләззат беру. Ертегінің атқаратын қызметі кең: ол әрі тәрбиелік, әрі көркем-эстетик. әдеби қазына. Ертегінің бүкіл жанрлық ерекшелігі осы екі сипатынан көрінеді. Сондықтан ертегілік прозаның басты міндеті – сюжетті барынша тартымды етіп, көркемдеп, әрлеп баяндау. Демек ертегі шындыққа бағытталмайды, ал ертектің әңгімесін өмірде болған деп дәлелдеуге тырыспайды. Ертегі композициясы бас қаһарманды дәріптеуге бағындырылады, сөйтіп, ол белгілі бір сұлба бойынша құрылады. Мұның бәрі ертегіге идеялық, мазмұндық және көркемдік тұтастық береді. Осы тұтастық бұл жанрға басқа да қасиеттер дарытады: композиция мен эстетикалық мұраттың бірлігі әрі тұрақтылығы, көркем шарттылықтың міндеттілігі, ауызекі сөйлеу тіліне сәйкестігі, тұрақты тіркестердің қолданылуы, т.т.

Ертегіде қиял мақсатты түрде пайдаланылып, өз-өзінен әсіреленіп, ғажайыпқа айналады және біршама өзінше дамып отырады. Ертегідегі ғажайып қиял адамның күнделікті көріп жүрген заттары мен құбылыстарын саналы түрде басқаша етіп көрсетеді, өйткені бұл жанрда ғажайыптың көркем бейнелеуіш құрал ретінде қолданылады. Өмірдегі шынайы нәрсенің өзін әдейі өзгертіп көрсету – ертегінің өзіндік қасиеті болғандықтан, ертектің де оның мазмұнын барынша әсірелеуге, ғажайыпты етуге күш салады. Сонымен бірге ертегідегі оқиғалар мен іс-әрекеттердің қаншалықты әсерлі болуы ертектің ғана емес, сондай-ақ тыңдаушыға да, ертегінің айтылу жағдайына да байланысты. ертегіде қиял мен ғажайып әрі идеялық та мақсатта қолданылады, себебі классик. Ертегі адамның рухани азығы болуымен қатар идеол. та қызмет атқарған. Ертегінің көркем баяндалуында сюжеттен де гөрі композицияның рөлі артығырақ.

Өзінің ұзақ тарихында ертегі жанры әр дәуірдің, әр қоғамның болмысы мен түсініктерінің, нанымдарының әр түрлі іздерін сақтап қалған, біздің заманымызға жеткізген. Қазақ ертегілерінде хандық заманның шындығы, сол шақтағы әдеттер мен нанымдар, салт-дәстүрлер, тұрмыс кейпі көбірек көрініс тапқан. Түрлері Ертегілері жанрлық әрі сюжеттік құрамы жағынан әр алуан. Ол іштей бірнеше жанрға бөлінеді:

- 1) жануарлар туралы ертегілер;

2) қиял-ғажайып ертегілер, батырлық ертегілер;

3) хикаялық ертегілер, сатиралық ертегілер;

Сюжеттері тек қазақтың өзіне тән ертегілермен қатар, басқа елдермен ортақ сюжетке құрылған ертегілер де бар. Олардың көбі тарихи-типологиялық жағдайда пайда болған, біразы тарихи-генетик, яғни туыс халықтарға ортақ болып табылады, кейбірі тарихи-мәдени байланыс нәтижесінде қазақ жұртына тараған. Сол себепті қазақ ертегілерінде таза ұлттық та, халықар та, көшпелі сюжеттер де қатар өмір сүрген. Негізгі кейіпкер мен мазмұны және қияли әдістердің қаншалықты пайдаланылуына қарай бұл салалардың әр қайсысы тағы бірнеше топқа бөлінеді.

Бұлардың ішінде: хикая, өсиет, мысқыл, батырлық туралы, ертегілер болады.

Ертегі жанрының пайда болып, қалыптасу тарихы өте ұзақ. Оның түп-төркіні – алғашқы қауымда туған көне мифтер, аңшылық әңгімелер, хикаялар, әр түрлі ырымдар мен аңыздар. Өзінің қалыптасу барысында ертегі осы жанрлардың көптеген белгілерін бойына сіңірген. Бұл жанрлардың кейбірі өз бітімін мүлде жоғалтып, толық ертегіге айналған. Солардың бірі – миф жанры.

Мифтің ертегіге айналу процесі бірнеше кезеңнен өткен. Миф – алғашқы рулық қауымның қасиетті деп саналған құпия әңгімесі мен шежіресі. Оны ол кезде әркімге және әр жерде айта бермеген. Мифте қоршаған ортаның, дүниенің жаратылуы мен аспан әлемі жайында, рудың тотемдік бабасы, ілкі атасы мен жасампаз қаһармандар туралы, олардың іс-әрекеттері жөнінде фантастикалық түрде баяндалған. Алайда ол заманда осының бәрі ақиқат деп қабылданған, мифке жұрт кәміл сенген. Бірақ уақыт өтіп, адам санасы мен мүмкіндігі жетілген сайын миф өзгеріске ұшырап, бірте-бірте «қасиетті» сипатынан айрылған, құпия болудан қалған. Осының нәтижесінде мифке сенушілік те әлсіреген, ондағы оқиғалар мен кейіпкерлер басқа сипат қабылдаған, тіпті мифті айтушы бара-бара өз жанынан да қосатын болған. Соның салдарынан іс-әрекеттердің де нәтижесі баяғы мифтік сипаттан айырылған. Мифтің себеп-салдарлық белгісі жоғалған. Бірте-бірте мифтің бұрынғы масштабы тарылып, әңгіме жеке бір адамның тағдырын баяндайтын жағдайға келеді. Сөйтіп, миф хикаяға, содан соң ертегіге айналады.

Ертегі кітабын иллюстрациялық көркем безендіру өнерін оқып үйренудегі негізгі мақсаттың бірі – оқушыларға көркемдік білім беру болып табылады. Оқушыларға көркемдік білім берудің құрылымы бейнелеу өнерінің сауаттылығын құрайтын бейнелеу өнерінің заңдылықтарын меңгеру мен бейнелеудің қарапайым ептейліктері мен дағдыларын қалыптастырудан тұрады. Бейнелеу өнерінің негізгі сауаттылығын құрайтын перспектива, жарық пен көлеңке, ритм, симметрия және композиция құрайды. Олар: бейнелеу өнерінің осы заңдылықтарын жинақталып бір жүйеге келтірмеуі мен оны оқытудың мазмұны, формалары мен әдіс-тәсілдерінің жоқтығы арасындағы қарама-қайшылықтардың болуымен ерекшеленеді.

Осындай мәселенің шешімінің әлі күнге дейін табылмауы, бейнелеу өнерінің тұстану ілімі мен оның мазмұнының қысқаша болса да әліге дейін толық еместігі, оны жинақтап, бейнелеу өнері пәнін оқытудың теориялық материалы ретінде танудың қажеттігі қаншама жылдардан бері туындап келеді. Барлық оқу пәндерінің теориялық оқу материалдарының болатындығы сияқты, бейнелеу өнерінің бейнелеу ептейліктері мен дағдыларының қалыптасуына ерекше әсер ететін – бейнелеудің жарық пен көлеңке, перспектива, композиция және тұстану заңдылықтарын түсінеміз. Оқушылар бейнелеу сауаттылығы құрайтын осы заңдылықтар мен оларды бейнелеудің ережелерін меңгермейінше студенттер мен оқушылардың бейнелеу іс-әрекеттері жақсы нәтиже бере бермейтіндігіне тәжірибеде көз жеткізуге болады.

Тұстану – түс туралы ілім жүйесі. Түстер хроматикалық және ахроматикалық болып бөлінеді. Хроматикалық түстерге түрлі-түсті түстер жүйесі кіреді. Ахроматикалық түстерге ақ және қара түстер жатады. Барлық хроматикалық түс үш параметрмен ашықтылықпен, түстік өңмен және қанықтылықпен сипатталады. Ахроматикалық түстер бір-бірінен тек бір белгісі бойынша – ашық (ашық сұрғылт немесе қара сұрғылт) бойынша ерекшеленеді. Түстік өң бұл «қызыл», «сары» және т.б. сөздермен анықталады. Мысалы қызыл, таза қызыл немесе сұрғылт қызыл. Бұл қызылға қосылған сұрғылт қоспа түстің өңін өзгертпейді қызыл түс қызыл болып қалады. Ахроматикалық қоспадан, хроматикалық түстің қанықтығы азаяды. Мұндай қоспада ахроматикалық түс неғұрлым аз болған сайын, оның қанықтығы арта түседі.

Хроматикалық түстерді шартты түрде жылы түсер және суық түстер деп бөлінеді. Жылы түске түс спектрінің сары-қызыл бөлігі, ал суық түске көгілдір бөлігі жатады, жылы түстерді күн мен оттың түсімен, суық түстерді аспан, су мен мұздың түсімен сипатауға болады. Күлгін және жасыл түстер аралық жағдайда пайда болады. Бұларды басқа түстермен қатынасына байланысты бірде жылы, бірде суық түске жатқызуға болады. Түстік шеңбер бірге қатар қойылған түстерден құралған шеңбер. Бұл шеңбер, сары, сарғыш қызыл, қызыл, қызғыш қоңыр, жасыл көк, көк, күлгін көк, болып жалғасып отырады. Негізгі түстер сары, қызыл және көк түстер болып табылады. Контраст түстер – бір біріне қарама қарсы түстер. Ақ түске, кара түстер қарсы ақ пен қызыл т.б. түстер контраст сипатын береді.

Сол сияқты заттардың салмағына байланысты болатын түстердің қасиетін мынадан білуге болады. Мысалы кара жасыл көк түске боялған жүк машинасы өте ауыр сияқты болып қабылданса, нақ сондай формадағы машинаның түсі ақшыл көкке боялса оның салмағы жеңіл сияқты болып көрінетіндігі белгілі болған.

Түстерді тану барысында олардың символдық түрде берілуі ерекше назар аударатын құбылыс. Жасыл көк түс жастық шақты білдірсе, аспан көк түс бостандықты, еркіндікті, білдіреді, ақ түс тазалықты, кара түс жамандықты, қызыл түс белгілі бір өзгерісті білдіреді.

Қазақ халқында түстердің белгілі бір атаулары болған. Жылқының түсіне байланысты ақ боз, күрен, кара торы, шабдар, буырыл, құла, ала, т.б. атаулармен атаған.

Картиналардағы түстердің берілуінің өзіндік ерекшеліктері болады. Мысалы, таңертеңгі мезгілді бейнелейтін картиналарда көкшіл түстер басым болса, кешкі мезгілді бейнелейтін картиналарда қызғылт түстер басым болып беріледі. Күндізгі мерзімді бейнелейтін картинадағы заттардың түстері өзінің табиғаттағы қалпында бейнеленеді. Ал егер, заттық бетінің фактурасы жылтыр болып келсе, оған сол заттың жан-жағындағы заттардың түстері әсер етіп, өзінің табиғи түстері азғана өзгеріп көрінуі бейнеленеді.

Түстану ілімінде колорит деген ұғым кездеседі. Колоритті біз кескіндеме шығармаларындағы түстердің үндестігі мен бірлігі деп танимыз. Картинадағы түстер кейде жылы түстердің құрылымына кейде суық түстердің құрылымына бірігеді. Ал кейбір жағдайда картинада жылы түстер мен қатар суық түстер үйлесімді түрде қолданылады.

Ғылыми-педагогикалық, өнертанымдық әдебиеттерді сараптау негізінде түстану ілімінің негізін құрайтын ұғымдарды мынандай бағыттарға жіктеуге және оны түстанудан білім беру мазмұны ретінде алуға болатындығы анықталады: хроматикалық түстер; ахроматикалық түстер; түстердің қанықтығы; түстердің ашықтығы; жылы түстер; суық түстер; түстік шеңбер; негізгі түстер; контраст түстердің бірлігі; түстердің қасиеті; символдық түстер; түстердің қазақша атаулары, колорит, картинадағы түстер; түстердің композициясы; жылы түсті колорит; суық түсті колорит; аралас түсті колорит; түстерді қабылдау ерекшелігі; түстердің бейнелеуінің ерекшелігі т.б.

Ғылыми педагогикалық еңбектерді талдау мен тәжірибиелік-эксперименттік зерттеу нәтижесін сараптау негізінде түстану ілімін оқытудың мынандай формалары мен әдіс тәсілдері анықталады:

1. Түстанудың негізгі мазмұнын құрайтын материалдарын сурет, кескіндеме, композиция пәндерін оқыту бағдарламаларын қосымша ретінде қосылды.

2. Түстанудан теориялық материалдар өзіндік жұмыстарын ұйымдастыру барысында қолдану нұсқаулары жасалады.

Тәжірибиелік-эксперимент жұмыстарының нәтижелерін сараптау бізге түстану теориясын көркемдік білімді беру жүйесінде оқытып үйретудің үш бағытын көрсетті: біріншісі табиғаттағы заттардың, құбылыстардың түстерінің, табиғаттағы түстердің қатынастарына талдау жасау; түстердің араласуын көру; екінші бағыт – табиғат пен бейнелеу өнеріндегі түстердің берілуін талдау, олардың бейнелеу ерекшеліктерімен танысу; үшіншіден – түстерді тікелей нұсқаға қарап сурет салу барысында қабылдау және оны бейнелеу.

Түс психологиясы. Кітаптың түстік шешімі.

Көбіміздің түрлі түсті әлемде ғұмыр кеше отырып, айналамыздағы әрбір түстің өмірімізге әсерін білмеуіміз, егер түстерді орынды қолдана білсек, пайдасы зор екенін ескермейтініміз өкінішті-ақ. Түстерді күнделікті таңдай білу арқылы ішкі дүниенің сыртқы тіршілік ағынымен үйлесімді

етіп, денсаулығыңыз бен көңіл-күйіңізді жөндей аласыз.

Фольклорлық жанрлардың ішінен, мысалға Ер-Төстік халық ертегісін алатын болсақ, оның өзіне тән бір ерекшелігі – бұл оқиғалардың ғажайып халге, фантазияға құрылуында, ертегінің кейіпкерлері жердің асты-үстін бірдей кезіп жүреді; әр түрлі қызық оқиғаларға кездесіп отыруы. Осы ретте әр алуан күрделі образдар жасалады. Ертегінің негізгі идеясы кейіпкерлердің халжайын, олардың іс-әрекеттерін суреттеу арқылы дамиды.

Сөйтіп, ертегі кейіпкердің осындай ерлік істерін суреттей-отырып, оның батырлық образын жасайды. Кейіпкер әр түрлі жауыздық, зорлық жасаушы күштерге қарсы күресуші, жәбірленушілерді қорғаушы етіп көрсетеді. Бұл жөнінде оның көптеген ерлік істері фантазиялық түрде берілгенімен, халықтың ойы, арманы жауыздықты жақсылыққа жеңдіру. Сондықтан халық өзінің осы сияқты ойларын фантазиялық ертегілері арқылы шебер бейнелеген.

Халықтың ертегі, жырларында ерлермен қатар әйелдердің де жағымды образдары жасалған. Жағымды түрде алынған әйел образынан көбінесе ақылды, білгірліктің бейнесі аңғарылады, әйелдердің де ерлер тәрізді халық алдындағы борышын абыроймен атқара алатындығы суреттеледі. Мұны Кенжекей образынан да байқаймыз.

Ер-Төстік – еңбек адамының ғажайып жағдайларда жасаған ерлік істерін суреттеуге құрылған ертегі. Оны бұл ретте батырлық ертегі деуге болады. Ертегінің оқиғасы тұрмыс-салт әңгімелерінен басталып дами береді де, халық қиялынан туған сан алуан ғажайып оқиғаларды тізбектеп баяндайды. Бір оқиғадан екіншісі туып, олар бір-бірімен тығыз байланысып жатады.

Summary. This article discusses the importance of creating an environmental culture not only among young people, but also among all people in general. The level of ecological culture is one of the indicators of the ecological well-being of the population, understanding of the dependence of ecology and economy. Since young people are a progressive layer of the population that more easily perceives changes and absorbs new knowledge and skills, therefore, the formation of an ecological culture should begin with it.

Әдебиеттер

1. Электрондық ресурс: Ошибка! Недопустимый объект гиперссылки.
2. Электрондық ресурс: <https://moluch.ru/archive/60/8904/>



*А. Сакеева, «Менеджмент»
мамандығының 1 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: А.Е. Туякова, т.ғ.к., доцент
ҚазЭҚХСУ*

АБАЙ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ЖАСТАР ТӘРБИЕСІ

Аңдатпа. Бұл мақалада Ұлы Абай атамыздың еңбектеріндегі біз үшін құнды еңбектері туралы айтылған. Сан ғасырлар өтсе де, құндылығын жоғалпаған еңбектерінің бүгінгі таңдағы орны ерекше болып табылатыны мысал келтіріп жазылған. Сонымен қатар, Абай атамыздың еңбектерін оқи отырып, өзіміздің рухани азығымызды байыта отырып, адами капиталымызды дамытуға болатындығына, әсіресе жастардың осы тақырып аясында ден қойып тыңдауына тоқталған.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында «Биыл Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толады. Халқымыздың ұлы перзентінің мерейтойын лайықты атап өту үшін арнайы құрылған комиссия дайындық жұмыстарын бастап кетті. Мемлекет көлемінде және халықаралық деңгейде ауқымды іс-шаралар ұйымдастыру жоспарланып отыр. Бірақ мұның бәрі той тойлау үшін емес, ой-өрісімізді кеңейтіп, рухани тұрғыдан дамуымыз үшін өткізілмек» – деп атап өтті. Жас жеткіншектердің ой-өрісінің кеңеюіне, рухани тұрғыдан дамуына, Абай атамыздың өлеңдерін жаттау, жаттап қана қоймай, мағынасын түсіне білу өзекті болып табылады.

Абай Құнанбайұлы қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушысы ретінде ұлттық тарихымызда ерекше рөлге ие. Адамның болашағы тікелей жастарға байланысты екені мәлім. Сол себепті ақынның еңбектерінің негізгі мазмұны ұрпақ тәрбиесімен тығыз байланысты. Яғни, ойшылдың ой сараптауы елдің болашағын көркейтетін нағыз азамат «толық адам» болып қалыптасуына шақырады. Мәселен, ол өзінің отыз сегізінші қара сөзінде енді ғана өсіп-өніп кел жатқан балаға

дұрыс тәлім-тәрбие берілмегеннен шығатын үш апатты нәрсенің мәнін ашты: «Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек: әуелі надандық, екіншісі – еріншектік, үшіншісі – залымдық». Осының емі туған жерге деген махаббат, білім, жүрек жылуы болса керек. Енді осы 3 дара қасиетті нық қалыптастыру мақсатында мектептерде, тіпті балабақшаларда түрлі ойындар өткізу арқылы Абайдың мерейтойының маңыздылығын сездірту қажет.

Тез үйреніп, тез жойма,

Жас уақытта көңіл – гүл, – деп кеш болмай тұрғанда бала тәрбиесін қолға алудың пайдасын түсіндірмекші. Жас бала тәрбиені бойына тез сіңіреді. Ал жасөспірімге айтылған сөз балаға айтылғандай өтімді емес. «Егер де есті кісілердің қатарында болғың келсе, күніне бір мәрте, болмаса жұмасына бір, ең лмаса айына бір өз-өзіңнен есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жарамды, күніңді өзің өкінбестей қылықпен өткізіпсің: жоқ, болмаса, не қылып өткізгенінді өзің де білмей қалыпсың», – деп жазған Абай он бесінші қара сөзінде өз тәрбиенді өзің қадағалауға болатынын ескерткен.

Дана ақын көрсеткендей өзіңнен есеп алып отырсаң, өмірінді пайдалы, яки құр босқа өткізіп отырғаныңнан хабардар болып жүресің. Осылайша кез келгені «ақырын жүріп, анық басып» мұратына жетеді. Бір қуантарлығы, жастар қауымы осы қара сөзде айтылған ойды одан ары жетілдіріп, өздерінің креативті ой-қабілеттерін қоса отырып арнайы күнделіктер арнап, ол жерде күніне істеу керек істердің тізімін жасайды. Безендірілуінің өз і ерекше. Онан соң түнде қорытынды жасап, нені үлгергенін, неге уақыт бөле алмағанын топшылап, Абай Құнанбайұлының 15 қара сөзінде келтірілген ойларды өзінше түсінуде.

«Абай шығармаларындағы ғылым мен білім тақырыбы ақынның тұжырымдары қазір де өзектілігін жоймаған. Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Адамның өзін-өзі тануы және үнемі дамып отыруы, ғылымға, білімге басымдық беруі – кемелдіктің көрінісі. Интеллектуалды ұлт дегеніміз де – осы. Осыған орай, Абай сөзі ұрпақтың бағыт алатын темірқазығына айналуы қажет» деп мемлекет басшысы жазған болатын. Осыдан-ақ біз ең әуелі өзімізді танып, әр істерімізге жауап бере отырып, ғылым-білімге талпынсақ, интеллектуалдық кемелдікке жетпекпіз. Саналы болудың жолын іздеп, алысқа бармай-ақ, Абайдай дана тұлғаны дәріптеуді қолға алған жөн. Қанша дегенмен де, интеллектуалды ұлт мәселесі әрқашан алдыңғы шепте тұрады. Тіпті қара сөзінің бірнешеуін оқып талдап шыққан әрбір азамат бұрын-соңды ақылына кіріп шықпаған нәрселерге көз жеткізіп, білімін шыңдап алуына мүмкіндік алады. Иә, кейбір жерлерде түсініксіз сөздердің орын алуы мүмкін. Сондықтан болар, қазіргі кездің адамдары оның мәнісін ашуға талпынбауы да мүмкін. Ал егер мағынасына теренінен үніліп, бар ықыласпен ізденсе, бір жағынан араб философиясына да жол ашылған болар еді.

Абайдың қалдырған мол мұрасы халықтың рухани жаңғыруымен тығыз байланысты. Себебі біз ұлы ақынды ұлт айнасы ретінде көреміз әрі дәріптейміз. Өзінің балаларын ғана емес барша қазақтың біліммен көз ашуына мұрындық болған. «Ғалымның хаты өлмейді, жақсының аты өлмейді» демекші, оның мұраларынан сусындап, кейін ана сүтімен келер ұрпаққа даритынына кәміл сенемін.

Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман,

Шошымын кейінгі жас балалардан.

Терін сатпай, телміріп көзін сатып,

Теп-тегіс жұрттың бәрі болды аларман, – деген жолдары адамды ойландырады. Расында да Абайдың сол кезеңде суреттеген жастар бейнесі қазіргі таңда да бой көрсетеді. Мәселен Абай оқуларын алатын болсақ, көбісі өлеңдерін ұзақ уақыт жаттап жатқанда іштей оқып жатқан дүниесін сараптай бастайды. Сол мезетте олар жан дүниесімен өлеңдер мен қара сөздердің мәніне терең бойлайды. Көпке топырақ шашудан аулақпын, бірақ біртуар ақынның мына өлең жолдарынан кейбір жасөспірімдердің көлің суытар қасиеттері мен қылықтарын байқаймын:

Заман ақыр жастары,

Қосылмас еш бастары.

Біріне-бірі қастыққа,

Қойнына тыққан тастары

Саудасы – ар мен иманы,
Қайраты жоқ бойын тыйғалы.

Ел болашағы – жастар екенін ескере отырып, ақыр заман жастарына айналып кетпеуіне жол бермеу үшін Абайдың ізгі мұрасы көмекке келеді.

Уақыт зымырайды да отырады. Бірақ адами құндылықтар, білім-ғылымға деген талпыныс пен ізденіс ешқашан жоғалмайды. Бұл Абай мұрасын дәріптеудің тағы бір себебі болып қала бермек. Абай оқуларына қатысып, қара сөздерін жарыса жаттап жүрген балаларды көріп сүйсінесің. Жастардың толыққанды ұлы ақынның қалдырған өсиетін ысырып тастамауы келешектің әлі де бұлыңғыр емес екенін көрсетеді.

Қорытындылай келек, оның шығармашылық қызметінің негізгі мұраты – адам тәрбиесі. Ұстаз сөзінің биік мағынасы Абайдай ағартушыға өте орынды айтылған. Абай халықтың үлкені мен кішісіне, ұлы мен қызына, әкесі мен баласына өмірлік қажет еңбек пен адамгершілік, өнер мен білім, өнеге мен тәлім, достық-жолдастық, парыз бен қарыз сияқты қасиеттердің асыл үлгілерін жырымен де, ғақлияларымен де жеткізе білді. Ойшыл ақынның ағартушылық тұрғыдағы педагогикалық тұжырымдары негізінен жастарды халқына адал қызмет ететін нағыз азамат – «Толық адам» етіп тәрбиелеу мақсатынан туындаған.

Резюме. В статье анализируются бесценные произведения Великого Абая. Ведь несмотря ни на что, они никак не потеряли звучность и красочность, а также глубокий смысл на сегодняшний день. А так же рассказывается о том, как можно читая произведения поэта воплотить свои замыслы. Отдельное место уделено и юному поколению, которое стремительно обогащает свое духовное состояние и национальный человеческий капитал.

Summary. The article analyzes the priceless works of the Great Abay. After all, despite everything, they have not lost their sonority and colorfulness, as well as their deep meaning today. It also tells about how you can read the works of the poet to embody their ideas. A special place is given to the young generation, which is rapidly enriching its spiritual state and national human capital.

Әдебиеттер

1. Қасым-Жомарт Тоқасев. «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» Толығырақ, <https://massaget.kz/layfstayl/debiet/60414/>
2. Абай. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, «Атамұра» баспасы.
3. abai.kz ақпараттық порталы.



*К.А. Саметова, «Мемлекеттік және жергілікті басқару»
мамандығының 2 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Л.О. Омарова, магистр, оқытушы
ҚазЭҚХСУ*

ҚАЗАҚ МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ФИЛОСОФИЯ ФЕНОМЕНІ

Аңдатпа. Бұл мақалада әлемдегі басқа ұлттар мен ұлыстар сияқты қазақ халқының көп ғасырлық тарихы бар екендігі және даналықтың озық үлгісі боларлық әлемді танып-білудің, философиялық зерделудің өзіндік сипаттамалары қарастырылады. Сонымен қатар, қазақ философияның ең жоғарғы көрінісі – Абай Құнанбаевтың философиялық көзқарастары сипатталады.

Философия – бүкіл адамзатты танудың басты жолы, ал қазақ философиясы қазақ халқын танудың бірден-бір жолы деп білеміз. Қазақ бітім-болмысын, адамгершілік негізін анықтаған көшпелі мәдениеттің тарихи типі. Қазақ халқын тану үшін оның ұлтының бойына сіңген ұлы данышпан

даналардың қалыптастырған ғасырдан ғасырға ұласқан, ғасырлар бойы қазақ халқының қойнауын бойлаған даналық рухын тануға міндетті. Қазақтың даналық рухы даналық дүниетанымы басқа елдерде қайталанбайтын төлтума өнерінде мақал-мәтелінде, аңыз әңгімелерінде, шешендік өнерінде, рухани құндылығында жатыр. Қазақтың кең байтақ даласы, тау-тасы, топырағы, жануары оның дүниетанымдық көзқарастарында ерекше орын алған. Қазақ халқының даналық дүниетанымы қазақ өмірінің болмысымен, шаруашылық тұрмыс жағдайымен, саяси қызмет ахуалымен, халықтың бойына біткен тәлім-тәрбиесімен, халқымыздың керемет бай әрі терең ойлы асыл қазына тілімен ұлы даналардың мұраларымен тығыз байланысты. Қазақ философиясы адамның этикалық, эстетикалық қабілетін арттыратын, қоғамда белгілі бір көзқарас қалыптастыратын, адамның санасында шөгіп жатқан құндылықтарға сәуле түсіретін қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан даналардың асыл мұрасы. Ана сүті жас баланың буыны бекіп, бұғанасы қатаюға қандай әсері зор болса, сол секілді қазақ даналығын оқу арқылы әрбір қазақ баласының азаматтық рухы көтеріледі. Қазақ даналығын оқи отырып, оның ұлтының бойына сіңген дүниетанымды тани аламыз. Бүгінгі күні өзіміз өмір – тіршілігімізде қолданылатын таным түсінігіміздің түптамасы тереңде екенін сезінген сайын тарихымызға, ұлттық пәлсапамызға деген құмарлығымыз арта түседі.

Қазақ философиясының ерекшелігі адамдық қатынастардың рухани-құндылық аспектілерінің экономикалық шындықпен байланысымен де анықталуы керек, ал соңғы мәселе әдет-ғұрып, саяси сана, мінез-құлық және құндылықтар формасымен анықталады. Біздің ойымызша, тарихи фактілерді көрсету ғана емес, отандық, патриоттық идеялар негізінде халықтың әр кезеңдеріндегі мәдениетін, даналығын, руханилығын тарихи және мағыналы түрде анықтап, олардың аксиологиялық, методологиялық, герменевтикалық сипатын көрсету қажет.

Халқымыздың рухани қазынасы мол. Әрқайсысы адамзаттың табиғи-тарихи тіршілігіне ұлылық берер биік арман асуларын аттаған сайын жаңа мақсатта, жаңа жолға бастайтын тарихи баспалдақтары іспеттес. Өмір өзегінің азығы болар ең маңызды бастау тарих пен мәдениеттің дамуына қажетті объективті алғышарттарды дайындап беретін танымдық болмыс, сол тарихта мәдениетті, парасатты философияны жасайтын адам. Олай болса, қазақ философиясының проблемалар жүйесі де «Адам – Әлем» екендігін тура айтуға болады. Тәуелсіздіктің рухымен ортамызға қайта оралған Қорқыт Ата мен мұсылмандық қайта өрлеудегі ғұламаларымыздың мұраттарынан ұлт-өнеге алуға бет бұруымыздың өзі тарихи-мәдени құбылыс. Адам және адамгершілік, білім мен өнерге үйрену, енбексүйгіштік пен сыйластық, достық пен сабырлық сияқты адам болмысы тақырыптарын тереңінен толғап, таза ой маржандарын тере білген даналарымыз жеткілікті.

XVI-XVII ғғ. қазақ философиясы космологияға бағытталды. Оның ішінде жұлдыз әлемі, мұсылмандық күнтізбе және эмпирикалық (тәжірибелік) метеорология болды. Космологиялық түсініктер діни сенімдермен байланысты. Олар әсіресе ақын, сал-сері, жырау шығармашылығында, Доспамбет, Шалкиіз, Жиімбет ерліктерінде байқалды. XVIII ғасырдағы «ақтабан шұбырынды» философиялық проблемаларды ақыл мен үкімет ара қатынасында, практикалық философия мәселелері ретінде қойды. Бұқар-жыраудың «Практикалық зердесі», Ақтамбердінің этикасы, Төле, Әйтеке, Қаздауысты Қазбек билердің рух философиясында қалыптасты. Бұл Махамбеттің, Шернияздың, Сүйінбай, Шөже, Жинақ, Кемпірбай шығармашылықтарында және «Қармыс-Батыр», «Балуан-Нияз», «Бекет-Батыр» шығармаларында байқалды.

Қоғамдық дамудың жаңа сатысында эстетика көтеріліп, ақындардың айтысы, хикаялар мен қиссалар жаңа этикалық поэмалар өз көріністерін тапты. Музыкалық мәдениеттілікке Құрманғазы, Дәулет-Керей, Тәттімбет, Ықылас, Біржан, Мұхит, Ақан сері, Жаяу Мұса, Әсет, Сара т.б. ән-жырлары мен күйлері арқылы көрінді. Философияның ең жоғарғы көрінісі – Абай Құнанбаев. Өзін «философ» деп есептемесе де, оның айтуынша, философтар Платон, Сократ, Аристотель табиғат – адам – қоғам жүйесінде философияның экзистенциалды мотивін ашып, «45 қара сөзін» болашақ ұрпағына өсиет етіп кеткен ұлы тұлға. Абай Құнанбаев – қазақ халқының ұлы данышпан ойшылы, ұлы ғұламасы. Абайдың философиялық көзқарастары:

Атымды адам қойған соң,

Қайтіп надан болайын, – деген қағидасынан басталады [1].

Ол әрбір адамды өз болымысына сай өмір сүруге шақырады.

XX ғасырда қазақ философиясы репрессияға ұшыраған, не қудалаған зиялы қауымның іс-әрекеттерімен байланысты. Жаңа қоғамдық қатынастар негізінде (қоғамдық қатынастарды жасайтын адам) ұлттық философияны дамытқан, «Үш анық» еңбегі арқылы синтетикалық ой-тұжырым жасаған Шәкәрім Құдайбердиев. Шәкәрім Құдайбердиев – қазақтың ұлы данышпан ойшылы. Оның дүниетанымында көбіне мораль философиясымен мәдениет ілімін қамтыды. Шәкәрім дүниетанымында Тәңір, Нұр, Күн, Табиғат – ол үшін қасиетті, киелі ұғымдар. Оның дүниетанымы мораль философиясына жақын.

Еңбекке шыда ебін тап,

Сабырдың түбі сары алтын.

Өзімшіл болма, көпті сыйла.

Адамның бәрі өз халқың.

Адамзатқа өзара бірін-бірі қор қылмауға шақырады. Адамзатқа ортақ негізде өмір сүруге үндейді. Қараңғы елді надандықтан құтқарудың басты жолы адамгершілік пен өнер, білім жолы деп біледі. Өнер білімге сүйене отырып, адамгершілік мақсаттарды туралы көзқарастарды көтереді. Ойшылдың өлеңдері, шығармалары терең даналыққа толы. Осындай шығармаларының бірі «Үш анық». Бұл Шәкәрімнің терең даналыққа толы шығармасы еді. Шәкәрімнің дүниетанымындағы өзекті мәселе – ар-ұят мәселесі. Әрбір адам дүниеге келгеннен соң мақсаты дос көбейтіп, өзгелермен адамгершілік, ар-ұятты сақтамақ. Өйткені өмір бірқалыпты тұрмайды, ол аумалы-төкпелі. Қазақ дүниетанымында жақсылық пен жамандық категорияларының алатын орны зор. Себебі жамандық жасаған адамның өзіне, жақсылық жаса, сонда оны жеңесің, жақсылық жасасаң, жарқырап ашылып, толарсың. Ар – үлкен, ұлы ұғым. Ар – адамның өмір сүруінің бірден-бір кепілі. Ұят сезімі ардан келіп шығады. Ары жоқ адамда ұят болмайды. Осы ар-ұят мәселесі Шәкәрім дүниетанымында ерекше орын алады.

Сабыр-сақтық ой толып болмаған жан,

Анық төмен болмай ма хайуаннан.

Ынсап, мейірім, ар-ұят табылмаса,

Өлген артық дүниені былғағаннан, – деп жырлайды [2; 57].

Шәкәрім Құдайбердіұлының ең негізгі философиялық шығармасы – «Үш анық». Шәкәрім дүние ешқандай кездейсоқсыз белгілі бір заңдылықты дамуының негізінде құдайдың, жаратушы, жаратқанды – *бірінші анық* деп таныған. Жанның ажалсыздығы, аса маңыздылығы – Шәкәрім философиясындағы *екінші анық*. Егер дүние мақсаты жарымсақтылы дамып жетілсе, адамның жаны мәдениетті жасауда ең негізгі роль атқарса, оған енді азық керек, ол ұждан. Ұждан – бұл Шәкәрім философиясындағы *үшінші анық*. Ол *әділет, мейірім, ынсап*. Шәкәрімнің философиялық толғаулары адамды даналыққа бастайды, адамды үнемі орынды харекет етуге шақырады. Шәкәрімнің философиялық ойлары адамдардың өз болмысына үнілуге шақырады. Бұл өте ауыр жол, қиын. Бұл жеке адамның тұлғаның ғана қолынан келе береді.

Қазақ халқының ұлтына нәр беретін ұлттық рухы өз дамуында талай тарихи кезеңді басынан өткізді. Қазақ философиясы бүкіл адамзатты танудың және халықтың ұлттық рухын танудың басты жолы. Адам ең бірінші өзін-өзі тану арқылы, өзін білім алып жетілдіру арқылы халқының рухани дүниесіне зер салып, содан өзіне керек руханилықты жинай білмек.

Рух, ең алдымен, қазақ рухының күнделікті өмірімен, тұрмыс-тіршілігімен, шаруашылығымен байланысты болған. Рухтың негізі халықтың бойына сіңген тәлім-тәрбиесінде, халқымыздың бойына сіңген керемет әрі бай, терең даналыққа толы тілінде, басқа елдермен салыстыруға келмейтін төл тума өнерінде жатыр. Халқымыздың даналық рухы мәңгі сарқылмайтын даналық. Рух дегеніміз – көне заманнан бүгінге дейін келе жатқан халық дүние-танымының ең жоғарғы формасы. Қазақ халқының даналық рухының көзіне айналған аңыз әңгімелер, жыр дастандар, мақал-мәтелдер, күй өнерінде жатыр. Бұның бәрі адамның өмір салтына байланысты туындаған. Қазақ даналығы – таусылмас дүниетаным. Қазақ даналығы адамдардың санасында шөгіп жатқан құндылықтарға сәуле түсіретін, ойлау қабілетін артыратын дүниетаным.

Қазақ халқының ұлттық сананың қалыптасуы оның даналық дүниетанымының қалыптасуының ең басты жолы. Халық санасында ерекше орын алған мәселелер оның күнделікті өмір

тіршілігіне байланысты туындады. Халық санасына оның тереңінде шөгіп жатқан құндылықтарға сәуле түсірген ғылым-білім болды. Халықтық дүниетанымының қалыптасуы күнделікті өмір тіршілігімен тығыз байланысты. Көптеген ұлттық даналықтың қалыптасуына әсер еткен ол күнделікті өмір әрекеті. Адам жалпы өз тағдырын жасаушы өмірдің негізін құрушы басты себепші, өзгертуші пенде болса, оның өмірінде ерекше орын алған құндылық оның ұлттық санасы.

Жалпы қазақ халқының дүниетанымында ұлттық ілімнің идеялары басым. Жалпы адамды өзге тіршілік иелерінен өзгешелендіретін оның ұлттық санасы. Қазақ халқының ұлттық санасы өте биік, ұлттық сананың өзіндік ерекшелігі басым екенін анық дәлелдей аламыз. Біз оны ұлы даналарымыздың дүниетанымынан және жыраулар ілімінен аңғара аламыз. Халық дүниетанымындағы ұлттық рухтың биіктігі, ол біздің ұлттық санамыздың жемісі. Сондықтан халық санасының қалыптасуы өзіндік қайталанбас әр түрлі кезеңдерден өтті. Халықтық дүниетанымының қалыптасуы ол жалпы халық санасының жемісі. Қазақ халқының даналығы ұлтының бойына біткен асыл қазынаны таныттыратын ерекше бір тағылым. Қазақтың даналық дүниетанымы толғамы тереңде жатқан құндылық. Сонау ертеден келе жатқан даналық сөздері қай заманда болмасын мағынасын жоғалтпайтын асыл қазына. Біз оны қай жағынан алып қарастырсақ та, терең даналыққа толы тағылым. Даналық дүниетанымының болашақ ұрпақтың өмірінде алатын орны ерекше. Ол әрбір қазақ баласының жанына мәңгі азық бола бермек.

Резюме. В данной статье рассматриваются как многовековая история казахского народа, так и других национальностей в мире и специфические характеристики познания мира, философского изучения, которые являются передовой моделью мудрости. Кроме того, описывается наиболее высокий вид казахской философии – философские взгляды Абая Кунанбаева.

Summary. This article examines both the centuries-old history of the Kazakh people and other nationalities in the world and the specific characteristics of knowledge of the world, philosophical study, which are an advanced model of wisdom. In addition, the highest type of Kazakh philosophy is described – the philosophical views of Abay Kunanbayev.

Әдебиеттер

1. Құнанбаев А. Шығармалар жинағы. – Алматы: Атамұра, 1991. – 32 б.
2. Құдайбердиев Ш. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1996. – 45-57 б.
3. Қасабеков А., Алмаев Ж. Қазақ философиясы. – Алматы: Атамұра, 2006. – 12 б.
4. Табылдыев Ә. Халық тағылымы. – Алматы: Жазушы, 1985. – 33 б.



*Ж. Семенов, «Қаржы» мамандығының 1 курс студенті
Ғылыми жетекшісі: Д.К. Оспанова, Ph.D, аға оқушысы
ҚазЭҚХСУ*

ҰЛЫ АҚЫН АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫН АҒАРТУ АРҚЫЛЫ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ ЖОЛЫНДА...

Биыл Абай Құнанбайұлының туғанына 175 жыл толғалы отыр. Бүгінде елімізде Абай бабамыздың мерейлі тойына орай дүбірлі іс-шаралар өткізілуде. Сонымен қатар алдағы уақытта Қазақ елі ұлы ойшыл, философ бабамыз Әл-Фараби мен Алтын Орданың да мерейлі тойларын өткізбекші.

Абай Құнанбайұлы қазақтың аса ардақты ақыны, саяси қайраткері. Жасынан әжесі Зере, анасы Ұлжанның өнегелі сөздерімен ержетеді. Тәрбие тағылымында әкесі Құнанбайдың еңбегі зор, жасынан Абайды ел ісіне дем қойғызды, осы себепті жастайынан көзі ашық, жүрегі ояу, елдің

жайын батыл айтатын ердің бірі болды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласында «Абай арманы – халық арманы. Халық арманы мен аманатын орындау жолында аянбағанымыз абзал. Абайдың өсиет-өнегесі ХХІ ғасырдағы жаңа Қазақстанды осындай биіктерге жетелейді» – деп ерекше атап өткен болатын [1].

Абай атамыздың әдеби мұрасы өзінің көркемдік құндылығымен заманауи ұлттық өнердің қайнар бұлағына айналып, ел тарихында өшпес із қалдырды. Ұлы ағартушының асыл туындылары қанша уақыт өтсе де өз маңызы мен құндылығын жойған емес. Керісінше, Абай мұрасы – күннен-күнге нәр алып, өз ұрпағының рухани қазынасына айналып отыр.

Абай шығармаларында ұлы Далада өмір сүрген қазақ халқының бар болмыс-тіршілігі, ұлтымыздың салт-дәстүрлері мен жан-дүниесі суреттелген.

Абайдың туындыларына зер салсақ, елдің алға жылжуына, өсіп-өркендеуіне шын ниетімен тілеулес болғанын, осы идеяны барынша дәріптегенін байқаймыз. Ал, ілгерілеудің негізі – білім мен ғылымда жатыр.

Абай атамыз қазақтың дамылсыз оқып-үйренгенін бар жан-тәнімен қалады. Ақын «Ғылым таппай мақтанба» деп, білімді игермейінше, биіктердің бағына қоймайтынын баса айтты [2]. Ағартушы ақынның сол замандағы тұжырымдары қазір де аса өзекті. Себебі, ХХІ ғасырдағы ғылымның мақсаты – биікке ұмтылу, алысқа құлаш сермеу екенін көріп отырмыз. Ал, біздің міндетіміз – осы ілгері көштен қалмай, алдыңғы қатардан орын алу.

Ғұлама бабамыз Абай Құнанбаевты қазақ топырағынан шыққан әлемдік деңгейдегі кеменгер деуге болады. Ол күллі адамзат баласына ақыл-ойдың жемісін сыйлай білді. Осы орайда, Ұлы ойшыл әр сөзімен ұлттың өресін өсіруді көздеді. Сондықтан да Абайды терең танып, оның шығармаларына, айтқан нақыл сөздеріне ерекше мән бергеніміз жөн.

Абайды тану – адамның өзін-өзі тануы. Абай қазақтың әр баласын ұлтжанды азамат етіп тәрбиелеуге шақырды. Оның мұрасы – парасатты патриотизмнің мектебі, елдікті қадірлеудің негізі. Сондықтан, болашақ ұрпағымыздың көзі ашық болсын десек, Абайды оқып, тани білейік құрметті ағайын! [1]. Сондықтан да Абай еңбектерінің нәрін жас ұрпақтың санасына сіңіру және өмірлік азығына айналдыру біздің, яғни ұстаздар қауымының басты парызы болмақ.

Осы жылы дара тұлға Абайдың жүз жетпіс бес жылдық мерейтойы барша қадірлі қазақ қауымына құтты болсын. Жастарымыз хакім Абайдың кара сөзін, алтын саптай өлеңдерін өміріне мысал етсін. Дара тұлға хакім Абай алаш жұртының бір туар ұлы, қайталанбас жанның бірі, біз асыл атамыздың өнегелі сөздерімен, рухани жан дүниемізге нәр алдырумыз қажет. Осы жылғы әлемде кең етек таралған аурудың себебінен Абайдың мерейтойы ашық түрде және халық арасында тойланбауы мүмкін. Бірі жағынан бұл да жөн, себебі халықтың денсаулығын қорғау мақсатында. Бірақ біздің руханиятымызда асыл тұлғаның сөздері мәңгі сақтаулы. Жалпы мен осы орайды пайдаланып, өз ойымды бөліскенді жөн көрдім. Ойым Абай атамызды және әкесі Құнанбайдың қазақ халқына сіңірген еңбегін, өмір тарихын халық арасында мейлінше кең насихатталуы қажет. Қазіргі таңда жастар көз майын тауысып, кітап беттерін ақтарып жатпасы анық, себебі жастар үшін керекін теледидар арқылы тамашалаған артық, ол жағдай маған да қатысты. Кешегі тарих бүгінгі ұрпаққа аманат, сан ғасырлар шебінде тек бір Абай атамыз емес, ел үшін туған ерлердің саны қанша?

Осындай асыл тұлғамыз Абайдың өмірін және терең ойлы сөздерін жастар арасына жан-жақты жеткізе білген дұрыс, соның ішінде өзектісі БАҚ немесе Кинометраж арқылы жеткізу анағұрлым тиімді. Ол үшін деректі фильмдер немесе сапалы кино түсіре білу. Бұдан бұрында асыл тұлғамыз Абай туралы деректі фильмдер түсірілді, бірақ бұл қазіргі қоғам үшін жеткіліксіз. Нақты айтарым ұлттың тәрбиесін, халықтың руханиятын байыту үшін көптеген істі қолға алған ләзім. Қазіргі қоғамда көптеген жандардың руханияты құлазыған және отбасылық өмір мәні құлдырап, тәрбие тамырына шірік түскен. Бұл менің пікірім, әрине пікірмен санасар немесе санаспас әр жаның өз таңдауы.

Қайта өркендеу-бұл өткенден қашу емес, тек жаңа құндылықтардың ашылуы. Шын мәнінде, бұл бүгінгі оң үрдістермен тандемде біздің ұлттық мұрамызды дамытуға ұмтылатын құбылыс.

Сонымен қатар біз Абайды айналып кете алмаймыз. Ұлы ойшыл осыдан бір ғасыр бұрын ұлтқа тууға, дамуға, жаңа болуға шақырды.

Президент былай деді: «уақыттың өзгеруіне және өзгеріп жатқан әлемге қарамастан, біздің халқымыз Абайға көңілі толмайды, уақыт өте келе ол өзі үшін оның ұлылығының барлық жаңа қырлары мен құпияларын ашады. Бұл ақынның мұрасы мәңгілік өсиет ретінде бағаланатынын айқын көрсетеді».

Абайдың еңбектеріне қарап, ол әрқашан елімізді ілгерілетуге және өркендетуге ниеттенгенін көреміз. Ал ғылым мен білім-прогрестің негізі. Абай бүкіл жан мен тәнімен қазақтардың үздіксіз білім алуына, дамуына тілек білдірді. Ол «ғылымды менгермейінше мақтана алмайды» деді. Ол былай деді: «Біз мал үшін ғылымды сатып алғысы келмейді», оның орнына елдің өркендеуі үшін ғылымды игеру қажеттігін атап өтті. Біз Ұлы Абайдың «пайда туралы ойлама, ар-ождан туралы ойла, көбірек білуге ұмтыл» деген ілімін түсінуіміз керек.

Бұл қорытындылар бүгін де өзекті. Бір кездері маңызды болды. Бұл ХХІ ғасырда ғылымның мақсаты-биіктікке ұмтылу, алға жылжу екенін көреміз. Біздің міндетіміз-прогресстен қалмай, бастаманы өз мойнына алу.

Ол үшін бізге ең алдымен білім беру жүйесін жаңғырту қажет.

«Мұғалімнің мәртебесі туралы» Заңның қабылдануы осы бағыттағы игі бастамалардың бірі болып табылады. Бұл білім сапасын арттыруға қадам. Жалпы алғанда, кез келген қоғамда мұғалімнің орны ерекше. Мұғалімдер саналы ұрпақ тәрбиелеуде маңызды рөл атқарады. Біз мұғалімді құрметтеуге және құрметтеуге міндеттіміз. Сондықтан мемлекет мұғалім мамандығының мәртебесін жақсартып, оның алаңсыз жұмыс істеуі үшін жағдай жасауы тиіс.

Абай, әсіресе, жақсы істің бірі-тіл үйрену екенін атап өтті. Ақын өзінің жиырма бесінші сөзінде басқа тіл адамға: «басқа халықтардың тілі мен мәдениетін зерттей отырып, адам олардың арасында тең болады, никчемные өтініштермен үйлеспейді» дейді. Яғни, біз үшін де бізді басып озған адамдармен бірдей болу маңызды.

Жаңа тарихи контексте қазіргідей біздің барлығымыз ана тіліміздің дамуы мен өркендеуіне көңіл бөліп, оның мәртебесін арттыруымыз қажет. Сонымен қатар, ағылшын тілін үйрену басым міндет болып табылады. Жастар көп тілді менгерген сайын, олардың мүмкіндіктері соншалықты кең болады. Дегенмен, олар өз ана тілін білуі тиіс. Абай айтқандай, жас ұрпақ біздің халқымызға тек ғылыммен толық таныс болса, өз тілін құрметтеп, шын мәнінде Полиглот болса ғана пайда болады.

Әлем күн сайын емес, сағат сайын өзгереді. Әр облыста жаңа міндеттер мен жаңа талаптар пайда болуда. Ғылымдағы жаналықтар адамды алға итермелейді. Сіз тек интеллектпен жене алатын уақыт келді. Уақыт өте келе аяққа бару үшін бізге айқын ақыл керек. Бұл қадам өркениеттің үздік жақтарын ұлттық мүдделермен ұштастыра білуді талап етеді. Мұндай уақытта біз біздің стереотиптер мен әдеттерімізден бас тартуымыз керек.

Осы себепті Абай өзінің кейбір іс-әрекеттерімен риза емес, «терең ойды, терең ғылыми білімді іздемейді, өтірік пен өрмелеуді жүнді ұрып-соғу» деп үнемі сынаған.

Ақын адамдарды өнердің әр түрін менгеруге шақырды. Ол мұның бәрі уақыт мәселесі болғанын анық білген және бұл туралы ұлтпен алдын ала айтқан. Бүгін біз айтып отырған зияткерлік ұлт қалыптастыру идеясы да Абайтанудың бастамасы болуы мүмкін.

Ұлы ойшыл әр сөзбен ұлт өсіруге ұмтылды.

Бай Абай мұрасы ретінде қызмет етеді қалыптастыру, жаңа сапасын қазақ ұлт. Оның еңбектеріндегі ойлар әрбір адамға, өз халқына, еліне және жеріне деген патриоттық сезімге әкеледі. Міне, сондықтан еңбек жемісін санаға сіңіру және жас ұрпақтың өмірлік күшіне айналдыру-ұлтты қайта жандандырудағы маңызды қадамдардың бірі болып табылады.

Сөзімді қорытындылай келе әрбір жан өз тарихын, құрмет ете білген абзал және асыл жандардың өмірінен тағылым алғаны дұрыс! Хакім Абай атамыз санаулы ғұмырында артына өшпес із қалдырды. Дара тұлғаның тамыры тарих толғауында тереңге кетері анық. «Өмірде жақсының аты өлмейді, ғалымның хаты өлмейді!» Мы должны стать примером национальной идентичности для всего мира.

Резюме. Данная статья посвящена 175-летию великого поэта Абая Кунанбаева. В статье рассматривается статья Президента Республики Казахстан К.-Ж.К.Токаева. Особое внимание обращается на основополагающие общечеловеческие проблемы формирования нравственных принципов и нравственных ценностей в жизни каждого человека. Автор делает анализ и берет за основу возрождения духовного наследия казахского народа путь к восстановлению кинохроники по данному направлению.

Summary. This article is dedicated to the 175th anniversary of the great poet Abay Kunanbayev. The article considers the article of the President of the Republic of Kazakhstan K.-Zh. Tokaeva. Special attention is paid to the fundamental universal problems of forming moral principles and values in the life of each person. The author analyzes and takes as a basis the revival of the spiritual heritage of the Kazakh people the path to the restoration of film Chronicles in this direction.

Әдебиеттер

1. Абай и Казахстан в XXI веке – статья Президента Казахстана. https://arminfo.info/full_news2.php?id=48887&lang=2

2. Асылхан Мамашулы. Статья об Абае, отсылающая к «елбасы». Мысли после прочтения // Радио Азаттық, 10.01.2020 г.



ПЛЕНАРЛЫҚ МӘЖІЛІС / ПЛЕНАРНОЕ ЗАСЕДАНИЕ

*Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университетінің ректоры,
Жоғары мектеп ғылымы Халықаралық академиясының академигі, п.ғ.д.,
математика профессоры
Сарсенғали Абдығалиевич Абдыманаповтың алғы сөзі*

Баяндамашылар:

Есқайыр Ш.Е., Сағынтай М.Қ., Сайлауова А.М. Қазақстан Республикасы «Халықаралық интеграциялық процестер және олардың Қазақстан экономикасына әсері» (Еуразиялық экономикалық одақ мысалында).....	3
Никкель Л.Д., Рощупкина А.В., Субботин Д.В. Оценка возможностей и перспективы экономического сотрудничества Казахстана с ведущими странами мировой экономики на примере Российской Федерации.....	5
Жургембаева А.К., Жамақышева А.С., Аманкелді А.А. Проблемы кредитования малого и среднего бизнеса в Казахстане.....	8
Асатулов Ш. «Путь к успеху» – автоматизированная подсистема для управления бизнесом.....	13
Бекбулатова С.С. Разработка дизайна интерфейса мобильного приложения к обучающим курсам.....	16
Бакиева А.С. Национальные приоритеты развития индустрии туризма в Казахстане в условиях цифровизации.....	22
Baizdrakhmanova A.V., Altynbek G. Foreign experience and stages of development of internal audit.....	25
Тауасаров Д.Е. Қазақстанның жарнама нарығының даму үрдістері.....	28
Сагидуллова З.Н. Проблемы привлечения иностранных инвестиций в обрабатывающие отрасли экономики Казахстана.....	32

*1 секция. Қазақстан экономикалық дамуының тәуекелдері мен қатері:
қазіргі жағдайы мен шешу жолдары
Риски и угрозы экономического развития Казахстана:
современное состояние и пути решения
Risks and threats to Kazakhstan's economic development:
current state and solutions*

Idiris J.N., Mukhitdinova A.A. Foreign economic activity of the Republic of Kazakhstan in the period of quarantine.....	37
Nurkassymov N., Mukhitdinova A., Baisanov A. Risks and threats to the economic development of Eurasia in 2020.....	40
Болатбекова А.Н. Цифрландыру – экономикалық өсім кілті.....	47
Нурымбетова А. Қазақстан Республикасы бойынша жеңіл өнеркәсіп саласының дамуының қазіргі жағдайы.....	50
Сабырова С.Ж. Қазақстанда балық шаруашылығының дамуы (Арал теңізі көлемінде).....	52
Садирова А.С. Қазіргі Қазақстан экономикасы: пандемияның оған әсері.....	56
Тәуекелова А., Сәттер А., Ақанова Е. Қазақстан мен Франция арасындағы сыртқы экономикалық қатынастар: мәселелері мен перспективалары.....	59
Укижанова А.М. Казахстан и страны-участницы Евразийского экономического сотрудничества.....	62
Шаркубенов Д.М. Риски и угрозы экономического развития Казахстана: современное состояние и пути решения.....	66

2 секция. Цифрлық мемлекет: басқарудағы жаңа тәсілдемелер
Цифровое государство: новые подходы к управлению
Digital government: new approaches to the management

Жакупова Н.А. Управление инновациями в организации.....	68
Жуандық Н. Компания қызметінде цифрлық технологияларды қолдану тиімділігі.....	72
Ибраев А.Е. Состояние и перспективы развития предпринимательства в регионе (на примере Атбасарского района Акмолинской области).....	75
Ибраев А.Е. Производство бумажных пакетов.....	78
Калмыкова А., Картабаев Р., Рыскалиева К. Инновации как ключевой фактор повышения конкурентоспособности страны.....	81
Картабаев Р., Рыскалиева К. Рынок твердо-бытовых отходов Казахстана: проблемы и перспективы развития.....	85
Кульчикова Г.Б. Қазақстанда еңбек нарығын реттеуді жетілдіру.....	90
Муратова А.С. К вопросу о государственных закупках в РК.....	94
Наурызбаева Л.Т., Умирбекова Т.И. Мұнай өндеу технологиялық нысандарын басқаруда цифрлық технологияларды қолдану.....	97
Тобулбаева А., Имангалиева А. Факторы, влияющие на мотивацию персонала.....	101
Ускенбаев Т.К. Становление и развитие теории человеческого капитала.....	104
Харин Р.А. Ключевые показатели эффективности (кpi) как форма оценки и его роль в управлении.....	106

3 секция. Қазақстан Республикасындағы қаржы-несие жүйесінің
қазіргі жағдайы мен даму болашағы
Современное состояние и перспективы развития
финансово-кредитной системы Республики Казахстан
Current state and prospects of development of the financial and credit system
of the Republic of Kazakhstan

Алиекбер А.А. Қазақстандағы ипотекалық несиелеудің дамуы және олардың экономикаға тиізітетін ықпалы.....	110
Нұрғожин Д.А., Илюбаев Н.Т., Аубер А.Ю. Разработка стратегии и тактики финансового оздоровления предприятия.....	114
Ашигали А.М., Кушурова А.А., Хасенова А.Б. Формы и методы управления доходами предприятия.....	118
Бимурзаева А., Биғабулова К., Болатова Ж. Қазіргі кезеңдегі банктік бөлшек кредиттеу бағдарламаларын іске асыру.....	121
Геннадьева Н.Н. Ислам қаржыларының дамуы және оның Қазақстандағы қалыптасу барысы.....	124
Григоренко Д.И. Рынок электронных банковских услуг в РК.....	128
Григоренко Д.И., Жаксыбергенова А.Е. Развитие рынка ценных бумаг в Казахстане.....	132
Әмір Н. Кәсіпорынның қаржы ресурстарын қолданудың бағыттары.....	135
Жанаева А. Образование и здравоохранение как факторы формирования человеческого капитала.....	137
Жармаганбетова Ж., Маратова К., Бородавко В. Формирование финансового механизма антикризисного управления на предприятии.....	145
Жургембаева А.К., Жамақышева А.С., Аманкелді А.А. Проблемы безопасности использования платежных карт.....	148
Искакова А.Р., Куанышова А.Т., Альжанова М.Д. Управление инвестиционным портфелем коммерческого банка на современном этапе.....	152

Каримова А.Р. Источники информации для оценки платежеспособности, финансовой устойчивости и деловой активности.....	155
Каршыбек Б.Н., Воронцова В.Б., Сыздыкова А.Е. Разработка системы управления оборотным капиталом предприятия.....	158
Кекшебаева А.Е. Формирование финансовых ресурсов предприятия и их использование.....	162
Қалдыбекова З. Кәсіпорынның қаржы ресурстары олардың қалыптасу көздері.....	165
Құмарбекова Ш.Ш. Банктер индустриясындағы банктердің бәсекелестік жүйенің қызметті.....	168
Майлибаева З. Коммерциялық банктің меншік капиталы және олардың жұмсалыу ерекшеліктері.....	173
Мухамади Ж. Шағын бизнес дамуында қаржы ресурстарының түрлері мен экономикада алатын ролі.....	176
Нукешов А.Д. Особенности развития системы регулирования платежей и переводов денег в Республике Казахстан.....	178
Сырәлиева Р.Т., Бердібекқызы М., Тұрғанбаева Қ.Д. Шағын және орта бизнес субъектілерінің қаржылық тұрақтылығының экономикалық мәні.....	182

4 секция. Қазіргі кезеңдегі есеп-талдамалы және бағалау қызметінің теория мен тәжірибенің өзекті мәселелері
Актуальные проблемы теории и практики учетно-аналитической и оценочной деятельности в современных условиях
Current problems of theory and practice of accounting, analytical and evaluation activities in modern conditions

Alieva Z., Abdirova A., Kogay M. Transformation of financial statements, major options and recommendations for its organization.....	187
Акперова А.В. Территориально-экономическое зонирование г. Нур-Султан.....	190
Балтабай Д.Р. Собственный капитал в стабилизации экономического состояния предприятия.....	193
Джамбуршин Ч.М. Компьютерные программы в бухгалтерском учете.....	196
Довгань Д.В. Влияние экологических факторов на оценочную стоимость природных ресурсов.....	200
Есенгазина А.Г. Проблемы определения границ теневой экономики в СНГ Казахстана.....	202
Жансеркеев Р.Ғ. Еңбекақы бойынша берешектердің есебі мен аудитін жетілдіру жөніндегі іс-шаралары.....	206
Имангалиева А.Р. Хозяйственный учет товарно-денежных отношений в Казахском ханстве.....	212
Қылышқанова Д.Қ. Кәсіпорындағы салық аудитінің мәні мен маңыздылығы.....	216
Маканова А.Д. Особенности оценки земли.....	221
Мухитдинова А.А. Статистика занятости и безработицы г. Нур-султан.....	224
Терликбаева Г.М. Бухгалтерлік есеп ақпараттарының сапалылығы мен маңыздылығы.....	227
Тобулбаева А.Б. Необходимость учета охраны окружающей среды.....	231
Толкубекова А.Е. Методические аспекты формирования учетной политики предприятия.....	236
Шаймарданова М.Е. Пути улучшения организации учета запасов.....	240

5 секция. Қазақстан Республикасындағы маркетинг және кеден ісінің қазіргі жағдайы мен даму болашағы
Современное состояние и перспективы развития таможенного дела и маркетинга в Республике Казахстан
Current state and prospects of development of customs and marketing in the Republic of Kazakhstan

Айтуова В.Е. Концепция цифрового маркетинга.....	244
--	-----

Алдаберген Е.К. Анализ уровня развития маркетинга в Казахстане.....	247
Баталов М.Е. Функционирование национальных координационных механизмов для упрощения перевозок.....	250
Бегалин М.К. Борьба с незаконным оборотом наркотиков и их аналогов.....	253
Давлетмурзаев А.Ш. К вопросу об интеграции в рамках ЕЭС.....	258
Ермагамбетов Т.Т. Молодежь и ее роль в совершенствовании законодательного регулирования таможенных правоотношений.....	261
Жагипарова А.А., Сулейменова А.М. О роли местного и государственного управления в Республике Казахстан.....	264
Кабылова А.С. Маркетингтік коммуникация кәсіпорын қызметін жетілдіруде алатын орны.....	267
Қадралиева Д.Қ. Қазақстанның құқықтық мемлекет ретінде қалыптасуының теориялық аспектілері.....	270
Калбаева Ж.А. Мемлекеттік қызмет жүйесінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері.....	273
Калбаева Ж.А., Сурабалдина Д.Е. Қазіргі кезеңдегі мемлекеттік қызметтің даму мәселелері.....	277
Мухамеджанов Е.М., Ильгундинов А.Б. Инновации и тренды интернет-маркетинга 2020 г.	280
Омарова А., Боков С. Цифровизация в сфере перевозок.....	285
Павлов М.В. Таможенный контроль Республики Казахстан.....	288
Рашитова Д.Е. Молодежь и эволюция денег в Республике Казахстан.....	292
Сейткалиев Б. Особенности маркетинговой деятельности в сфере туризма в РК.....	295

*6 секция. Цифрлық және ақпараттық технологиялар:
нақтылық және болашаққа көзқарас*

**Цифровые и информационные технологии: реальность и взгляд в будущее
Digital and information technologies: reality and vision for the future**

Алтынбек А.Б. Қазіргі таңдағы робототехниканың білім беру саласындағы орны.....	299
Алимов Т., Серикжан А. «Все о Материках» – автоматизированная подсистема, разработанная в среде Python.....	302
Бусенов А.А. Создание занимательной игры на базе C#.....	305
Болат Т., Әзімбай Д. Python ортасында балаларға арналған зияткерлік әліппе.....	309
Дарибаева А.К. Цифровые и информационные технологии: реальность и взгляд в будущее.....	311
Есжанұлы Б. Нейросети: как искусственный интеллект помогает в жизни.....	313
Жумабаева А., Жуманбаева Н., Рахимова Д. Жұптық сызықтық корреляция және жұптық сызықтық регрессияның тендеулерін пайдаланып есептеу әдісі.....	316
Жусупов А.Р. Особенности модуля приложения и модуля внешнего соединения в платформе 1С: предприятие 8.3.....	320
Камалиденов Д.Ж. Умный дом: технологии, концепции, применение.....	325
Махамедәлі А., Құрманбекқызы Г. Үш тілде бала тілін дамытуға арналған бағдарлама (қазақша, орысша, ағылшынша).....	328
Мухамеджанов Н. Google Sketchup бағдарламасында 3D объектілерді модельдеу арқылы мекеме, ғимарат кешендерін тұрғызу.....	332
Нурумбетов И. Особенности изучения модуля сеанса и общих модулей в платформе 1С: предприятие 8.3.....	335
Сагатбеков И. Использование модулей формы, объекта, менеджера в платформе 1С: предприятие 8.3.....	339
Сайлаубаев Н. Python – жасанды интеллектпен бетпе-бет.....	343
Сайлаубаев Н.Б. Квадрокоптерді модельдеу.....	346
Садықов А.К. Электронный документооборот как элемент цифровизации.....	348

Саметова К., Жанабергенова А., Толағай А. Қытай жанар-май импортына шолу.....	351
Синицын Р.В. Игра «Star Finder» на языке Python.....	354
Синицын Р.В. Игра «Space Runner» на Unity.....	357
Тлеулес Д.Е. Сандық технологияларды пайдаланудың салдары.....	360
Тулеуханова Л.М. Квантовые компьютеры – новый тип вычислительных машин.....	363
Шамшан Д.Б. Особенности изучения процедур и функций встроенного языка программирования 1С.....	365

7 секция. Көптілділіктің теориялық негіздері
(Абай және Қазақстанның ұлы тұлғалардың мұрасы)
Теоретические основы полиязычия
(наследие Абая и выдающихся деятелей Казахстана)
Theoretical foundations of multilingualism
(heritage of Abai and outstanding figures of Kazakhstan)

Байронова М.М. Принципы гуманизма как основа профессиональной деятельности полилингвальной личности.....	369
Болатбекова А.Н. Жаргон и причины его появления в молодежной лексике.....	372
Volatbekova A. Latinization process is the requirement of time.....	375
Ибраева Т.Г. К вопросу о проблеме чистоты современного русского языка.....	379
Мейрамқұл Д. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі синоним сөздердің қолданысы.....	382
Нысанғалиева А. Шәкәрім өлеңдеріндегі балалықтың даналық ретіндегі көркем көрінісі.....	384
Орынбаева К.Д. Речевое поведение студентов разных областей Казахстана как результат взаимодействия русского и казахского языков.....	387
Райкина Д.М. Multilingualism as the main factor of educational development.....	390
Садирова А.С. Значение профессионального общения в жизнедеятельности человека.....	393
Сарсенбаева А.К. Интернет – жаңа терминдер қалыптастырудың қайнар көзі (отандық және шетелдік тәжірибеден).....	396
Сәулебаева А. Сөйлеу мәдениеті: нормалар мен ережелер.....	399
Сәден А. Ғарифолла Есімнің шығармаларындағы мақал-мәтелдердің көркемдік сипаты.....	402
Tussipova D.K. Effects of watching movies on learning english language.....	405
Хамидуллина Д.М. Learning english with the help of internet Resources.....	407

8 секция. Дизайн, өнер және шығармашылық:
XXI ғасырдағы дамуының өзекті мәселелері
Дизайн, искусство и творчество: актуальные вопросы развития в XXI веке
Design, art and creativity: current issues of development in the XXI century

Дюсенбаева Г.М. Ауылдық мектепке дейінгі білім беру орталығының жобалық дизайны.....	411
Зейнуллаева М.Қ. Жастарға арналған ауылдық Мәдениет үйінің тұжырымдамасы.....	414
Мамунова А.С., Калибекова С.К. Разработка дизайна интерьера учебного кабинета.....	417
Сағынбай А.Ж. Халық ертегілерін иллюстрациялық көркем безендірудің оқырман психологиясына әсері.....	421
Уразбаева М. Разработка женского головного убора – Саукеле.....	425
Шәріпова М.Ғ. Разработка дизайна интерьера офисного помещения (на примере «Premium oil trance holding»).....	429

*9 секция. Әлеуметтік сала мен туризм дамуының қазіргі жағдайы
мен перспективалары*
**Современное состояние и перспективы развития
социальной сферы и туризма**
Current state and prospects of development of the social sphere and tourism

Аймаханова К., Әлібек А. Мектеп жасындағы балалардың агрессиясының психологиялық ерекшеліктері.....	433
Байгазина К.А. Внешний вид и успешность человека: анализ взаимосвязи.....	435
Байгазина К.А. Теоретические особенности истории возникновения путешествий и туризма.....	437
Балтабай Ж.А. Нарықтық экономика жағдайында туризмнің ролі және даму келешегі.....	439
Еркеш А.С. Мобильные технологии в туризме и гостеприимстве: потенциальные возможности для Казахстана.....	443
Омарова Г.Я. Изменение климата и биоресурсов в период пандемии коронавируса и ее влияние на международный туризм.....	445
Пеньковой В. Инновации и проблемы подготовки специалистов сферы туризма.....	448
Плотникова Е.П. Современное состояние и перспективы развития агротуризма.....	451
Пшенбаев Д.К. Перспективы развития спортивного туризма в РК.....	454
Саду А.С., Уалиева А.К. Феномен выученной беспомощности и отношение к деньгам.....	457
Фиценко А.С., Туманов А.М. К проблеме восприятия гомосексуальности в современном Казахстане.....	459

*10 секция. Қоғамдық сананы жаңғыртудың әлеуметтік-мәдени
және экологиялық аспектілері*
**Социокультурные и экологические аспекты модернизации
общественного сознания**
**Socio-cultural and environmental aspects of the modernization
of public consciousness**

Жаналина Д.Т. Философские аспекты модернизации общественного сознания.....	463
Көпжасар Г.Ж. Қазіргі замандағы экологиялық мәдениеттің маңызы.....	466
Сакеева А. Абай еңбектеріндегі жастар тәрбиесі.....	469
Саметова К.А. Қазақ мәдениетіндегі философия феномені.....	471
Семенов Ж. Ұлы ақын Абай шығармаларын ағарту арқылы қазақ халқының рухани жаңғыру жолында.....	474

2020 жылғы 17-18 сәуірдегі

**XXI ғасырдың жастары мен ғылымы:
қазіргі жағдайы мен болашағы**
*атты студенттердің IX жоғары оқу орны аралық
ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдар жинағы*



Молодежь и наука XXI века: реалии и перспективы
*Сборник материалов IX межвузовской студенческой
научно-практической конференции*

17-18 апреля 2020 года



Youth and Science of XXI century: realities and prospects
Collected Papers of the IX Interuniversity Student Scientific Conference

17th -18th of April, 2020

Беттеуші **О.С. Баркова**

**Конференция материалдары автордың түпнұсқасы
негізінде басылып шығарылған**
Материалы конференции отпечатаны с авторских оригиналов

Басуға 20.07.20 қол қойылды. Пішімі 70x100 1/10. Көлемі 48 б.т. Таралымы 200 дана. Тапсырыс 666.
Подписано в печать 20.07.20. Формат 70x100 1/10. Объем 48 уч.-изд.л. Тираж 200 экз. Заказ 666.

*Қазақ экономика, қаржы және халықаралық сауда университетінің
баспа-полиграфиялық орталығы. Астана қ., Жұбанов көшесі, 7*

Университеттің менеджмент жүйесі ISO 9001 сәйкестігіне сертифицикатталған
Система менеджмента университета сертифицирована на соответствие ISO 9001